



**Қазақстан Республикасының Заңнама институты**

**НОРМАТИВТІК ҚҰҚЫҚТЫҚ АКТІЛЕРДІ  
РЕСІМДЕУ ЖӨНІНДЕГІ  
ӘДІСТЕМЕЛІК ҰСЫНЫМДАР  
(ЗАҢ ТЕХНИКАСЫ)**

**Әдістемелік құрал**

Астана  
Қазақстан Республикасы Заңнама институтының  
баспасы  
2019

**ӘОЖ 340**  
**ББК 67.0**  
**М54**

*«Қазақстан Республикасының Заңнама институты» ММ*  
*Ғылыми-әдістемелік кеңесі ұсынған*  
*(2018 жылғы 26 желтоқсандағы №11 хаттама)*

**Авторлар:**

**Сәрпеков Р.Қ.** – Қазақстан Республикасының Заңнама институты директорының м.а (жалпы редакция);  
**Құлжабаева Ж.О.** – заң ғылымдарының кандидаты, доцент (жалпы редакция);  
**Қоныс В.Т.** – заң ғылымдарының кандидаты (IV бөлім);  
**Дүйсенов Е.А.** – заң ғылымдарының кандидаты (VII бөлім);  
**Қазбаева Ә.Ғ.** – заң ғылымдарының кандидаты (IX бөлім);  
**Примашев Н.М.** – заң ғылымдарының кандидаты (II бөлім);  
**Ысмағұлов Қ.Е.** – заң ғылымдарының кандидаты (I бөлім);  
**Таукебаева Ш.Ж.** – тарих ғылымдарының кандидаты (кіріспе);  
**Абдрахманова С.Ж.** – заң ғылымдарының магистрі (II бөлім);  
**Сабыров Қ.Қ.** - заң ғылымдарының магистрі (III, VI, VIII бөлімдер);  
**Арыстан Ә.Б.** - заң ғылымдарының магистрі (кіріспе, I бөлім);  
**Лямбекова А.Қ.** – заң ғылымдарының магистрі (V бөлім);  
**Абдильдина Д.Б.** – заң ғылымдарының магистрі (II бөлім);  
**Қарахожаев О.С.** – заң ғылымдарының магистрі (IX бөлім).

**Рецензент:**

**Бұсырманов Ж.Д.** – заң ғылымдарының докторы, профессор.

**Нормативтік құқықтық актілерді ресімдеу жөніндегі әдістемелік ұсынымдар (заң техникасы):** Әдістемелік құрал / Авт. ұжым басш. мен ред. Р.Қ. Сәрпеков - Астана: «Қазақстан Республикасының Заңнама институты» ММ, 2019. – 160 б.

**ISBN 978-601-7366-51-3**

Осы Әдістемелік ұсынымдар заң жобаларын әзірлеу мен ресімдеу кезіндегі неғұрлым типтік қателерді қорыту негізінде жасалды және бұдан әрі жұмыс барысында мұндай кемшіліктерді азайтуға бағытталған.

Әдістемелік ұсынымдар практика жүзінде қолдануға арналған және заң жобалау жұмысын іске асыру кезінде әдістемелік қолдау көрсету үшін әзірленген.

**ӘОЖ 340**  
**ББК 67.0**

**ISBN 978-601-7366-51-3**

© Авторлар ұжымы, 2019  
© «Қазақстан Республикасының  
Заңнама институты» ММ, 2019

## МАЗМҰНЫ

КІРІСПЕ.....	4
I. Негізгі ұғымдар.....	7
II. Заңнамалық актілерді дайындау кезеңдері.....	13
III. Нормативтік құқықтық актінің мазмұны және стилі мен тіліне қатысты талаптар .....	32
IV. Қазақстан Республикасының кодекстері жобаларын ресімдеу .....	40
V. Қазақстан Республикасы заңының жобасын ресімдеу.....	51
VI. Өзгерістер мен толықтырулар енгізу немесе Қазақстан Республикасының бұрын қабылданған заңдарының күші жойылды деп тану туралы заң жобасын ресімдеу .....	59
VII. Қазақстан Республикасының заңға тәуелді актілерін ресімдеу .....	65
VIII. Заң жобасына қажетті құжаттарды дайындау және ресімдеу.....	73
IX. НҚА-ға талдау жасау тәртібі және оны қолдану практикасы (құқықтық мониторинг).....	78
Құқықтық актілер туралы. Қазақстан Республикасының Заңы 2016 жылғы 6 сәуірдегі № 480-V ҚРЗ (Дереккөз «Әділет» АҚЖ).....	90

## КІРІСПЕ

Өткен екі онжылдықта Қазақстанда заңнама қызметі жедел қарқынмен дамыды, олар қоғамдық қатынастардың айтарлықтай өзгерістерінен туындады. Мемлекеттің заңнамасы айтарлықтай эволюцияға ұшырады, ал бүгін заңдардың сапасын арттыру маңызды мәселелердің бірі болып отыр.

Сапалы заңдарды қабылдау айтарлықтай дәрежеде заң техникасын сақтауға байланысты болады.

Қазіргі кезде заң техникасы көбінесе нормативтік құқықтық актілерді әзірлеу, ресімдеу, жүйелеу, түсіндіру және қолдану қағидаларының, амалдарының, тәсілдерінің және құралдарының жиынтығы ретінде қарастырылуда<sup>1</sup>

Заң әдебиетінде «заң техникасы» термині Р. Иерингтің және оның «Дух римского права на различных ступенях его развития» атты еңбегінің арқасында пайда болды.

Теорияда заң техникасы ұғымына бірқатар көзқарастар қалыптасты. Бірінші көзқарас – инструментальдық – неғұрлым кең тараған көзқарас. Оның шеңберінде заң техникасы құқықты жетілдіру үшін қажетті белгілі бір құралдар (амалдар, тәсілдер, құралдар) жиынтығы ретінде қарастырылады. Екінші көзқарас – сапалық – заң техникасында заңнаманың өзінің жетілдірілу деңгейін көру. Әдетте, заңнама техникасы ұғымына сапалық көзқарас инструментальдық көзқараспен үйлеседі.<sup>2</sup>

Заң қызметінің түріне қарай заң техникасы екі түрге: құқық шығармашылығы және құқық қолдану болып бөлінеді. Құқық шығармашылығы техникасы нормативтік құқықтық актілерді әзірлеу жөніндегі қағидалар мен амалдар жүйесі болып табылады. Құқық қолдану техникасы жеке-дара құқықтық актілерді әзірлеу жөніндегі қағидалар мен амалдар жүйесі ретінде айқындалады.

Бірқатар елдерде заң техникасының талабы нормативтік тұрғыда бекітілген. Мысалы, мұндай қағидалар Германияның «Норма шығармашылығы анықтамалығында», Польшаның

<sup>1</sup>Денисов Г.И.. Юридическая техника: теория и практика // Журнал Российского права, -2005. -№ 8 -86-97-б.

<sup>2</sup>ДавыдоваМ.Л.. Теоретические проблемы определения понятия юридической техники в отечественной теории права // ВолМУ Жаршысы. 5Серия. 9-шығ. 2007. – 23-30-б. (24-б.)

«Заңнамалық техника қағидаттарында», «Канаданың бір үлгідегі құқығының заң шығару конвенцияларында» және басқаларда баяндалған<sup>3</sup>.

Қазақстанда заң техникасы жөніндегі нормативтік база жоқ, бірақ заң техникасының қағидалары тек заңнамалық актілерде ғана бар деп ойлау қате. Заң техникасының қағидаларына іс жүзіндегі тәжірибе арқылы сыннан өткен жалпыға бірдей қабылданған нормалар мен қағидаларды, ғылыми-практикалық материалдар мен ұсынымдарды да жатқызуға болады.

Заң техникасының қағидалары заңнама нормаларынан ғана қалыптаспайды, заң жобасы қызметінің практикасында қалыптастырылып, жалпыға бірдей қабылданған дәстүрлер нысанында да болады.

Сонымен, заң техникасының қағидасы нормативтік және нормативтік емес актілерде, сондай-ақ заң шығармашылығы қызметінің дәстүрлерінде белгіленеді.

Заң техникасының төмен деңгейі қабылданатын заңдардың сапасы мен тиімділігіне теріс әсерін тигізеді және құқықты дұрыс түсінбеу мен құқықты дұрыс қолданбауды туғызатын заңдағы қателіктерге алып келеді. Дәл емес және көмескі ұйғарым, қайшылықтар мен олқылықтар құқықтық актілер мәтіндерін ресімдеуде жол берілген ала-құлалықтардан туындайды, ал техникасы жетілдірілмеген заңдарды қолдану құқық қолдану қызметінде қиындықтар туғызады. Сонымен, заң жобаларын, өзге де нормативтік актілер жобаларын әзірлеу кезінде заң техникасы қағидаларын сақтау заңнаманы жетілдіруге септігін тигізеді.

Әдістемелік ұсынымдар нормативтік құқықтық актілер жобаларын ресімдеудің және заң техникасының бірыңғай әдістерін пайдаланудың бірыңғай қағидаларын қамтамасыз ету арқылы заңдардың сапасын арттыруға бағытталған.

Әдістемелік ұсынымдар өткен жылдардағы заң жобаларымен қызметтің отандық тәжірибесі ескеріле отырып әзірленді және:

---

<sup>3</sup> Калгужинова А.М., Жумашева А.Т. Техничко-юридические особенности уголовного кодекса Республики Казахстан // Бюллетень науки и практики, № 12(13), 2016. – 389-394-б. (390-б.)

1) 1995 жылғы 30 тамыздағы Қазақстан Республикасының Конституциясына;

2) «Құқықтық актілер туралы» 2016 жылғы 6 сәуірдегі № 480-V Заңға;

3) ҚР Үкіметінің 2016 жылғы 29 желтоқсандағы қаулысымен бекітілген Қазақстан Республикасының уәкілетті органдарында заң жобаларымен жұмысты ұйымдастыру қағидаларына;

4) Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2002 жылғы 10 желтоқсандағы № 1300 қаулысымен бекітілген Үкімет Регламентіне;

5) өзге де нормативтік және нормативтік емес құқықтық актілерге сәйкес дайындалды.

Осы басылымның авторлары заң шығару процесінде заң техникасын қарастыра отырып, нормативтік құқықтық актілерді ресімдеудің бірыңғай тәртібін талдап жасаумен және орнықтырумен шектеледі.

Әдістемелік ұсынымдарда мына мәселелер:

- заңнамалық актінің құрылымы және заңнамалық актінің жекелеген баптары;

- бұрын қабылданған актілерге өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы нормативтік құқықтық актілерді ресімдеу қағидалары;

- бұрын қабылданған актілердің күші жойылды деп тану туралы актілерді ресімдеу тәртібі;

- қаулыларды ресімдеу тәртібі;

- актілерге қосымшаларды ресімдеу тәртібі қаралады.

Әдістемелік ұсынымдар іс жүзінде қолдануға есептелген және заң жобаларымен жұмыс жүргізу кезінде әдістемелік көмек көрсету үшін арналған. Заң техникасын пайдалану дағдысын меңгеру кәсіби заң шеберлігінің негізгі элементі болып табылады. Әдістемелік ұсынымдар норма шығармашылығы қызметінің субъектілеріне айтарлықтай көмек көрсетеді және заңнамалық актілердің сапасы мен тиімділігін арттыруға септігін тигізетін болады.

## I. НЕГІЗГІ ҰҒЫМДАР

Қолда бар зерттеулердің жалпы талдамасы заң жобаларымен жұмысқа қойылатын негізгі талаптарды бөліп көрсетуге мүмкіндік берді. Оларға мыналар жатады:

1. *Құқықтық актілерде қолданылатын тұжырымдамалар мен терминдердің дәлдігі мен айқындығы.* Бұл талап, құқықтық актіні әзірлеуші идеясының, ойының арасындағы неғұрлым сәйкестікке жетуге және олардың акт мәтінінде көрініс табуына саяды. Құқық нормасы элементтерінің көрінісі болып табылмайтынның және онымен байланысты еместің бәрі құқық нормасын түсінуді және қолдануды қиындатады не мәтін құрылымының логикасын бұзады, жойылуға жатады.

2. *Құқықтық акт тілінің анықтығы және түсініктілігі.* Заң мәтінінде жалпыға бірдей түсінікті, орныққан терминдер мен кеңінен қолданылып жүрген сөздерді пайдаланған жөн. Субъектілердің өздеріне арналған дүниелерді жеңіл қабылдайтындай, жиі қолданылатын сөз орамдарын, мүмкіндігінше қысқа сөйлемдерді пайдалану ұтымды болып есептеледі. Күрделі грамматикалық құрылымдарды, мысалы, есімшелік, көсемшелік сөз орамдарын, сабақтас құрмалас сөйлемдерді қолдануға жол берілмейді.

3. *Реттеудің толымдылығы мен нақтылығы, декларативтіктің болмауы.* Құқықтық актіде нормалардың қолданыс тетігін егжей-тегжейлі көздеу, құқық қатынасы субъектілерінің құқықтары мен міндеттерін нақты айқындау, құқықтық санкцияларды, көтермелеу мен ынталандыру тәсілдерін, ұйымдастыру шараларын дәл айқындау қажет. Құқықтық актіде әртүрлі пайымдау, ниет, күмән, үндеу мен тілек, сондай-ақ декларативті жағдайлар болмауға тиіс.

4. *Нормативтік ұйғарымдарды баяндаудың логикалық дәйектілігі, тұтастығы, теңдестірілімі, өзара байланысы.* Құқықтық актіні әзірлеген кезде жалпы және арнайы нормалар арасындағы, заң күші әртүрлі актілер арасындағы өзара байланысты дұрыс белгілеу өте маңызды. Жаңа актіні енгізу

кезінде қолданыстағы актілермен оның дұрыс арақатынасын қамтамасыз ету қажет.

5. *Құқықтық актілердің нысаны мен құрылымын біркелкілігі, бірізділігі.* Осы талапқа сәйкес актілердің бірыңғай деректемелерін, стереотиптік құрылымды, бірыңғай терминологияны, заңдық конструкциялар мен тұжырымдарды, біркелкі тілді пайдалану көзделеді<sup>4</sup>.

Қазақстан Республикасында құқықтық актілер мынадай түрлерге: 1) нормативтік құқықтық актілерге; 2) нормативтік емес құқықтық актілерге бөлінеді. Алдымен құқықтық актіге және нормативтік құқықтық актіге анықтама беру қажет.

**Нормативтік құқықтық акт** – ресми құжат, ол белгілі бір нысанға ие және оны өзінің құзыреті шегінде уәкілетті орган (Президент, Үкімет, Парламент және т.б.) шығарады. Нормативтік құқықтық акт жоғары заң күші бар заңнамалық актілерге қайшы келмеуге тиіс. Мұндай құжаттың кейбір міндетті шарттары бар – көп мәрте пайдалану, адамдардың белгіленбеген тобы, нақты құқықтық қатынастарды өзгерту немесе аяқтау. Басқа сөзбен айтқанда, нормативтік құқықтық акт тұрақты негізде құқық нормасын туғызады.

**Қазақстан Республикасының заңнамасы** – белгіленген тәртіппен қабылданған нормативтік құқықтық актілер жиынтығы. «Құқықтық актілер туралы» Қазақстан Республикасының Заңында жоғарыда келтірілген заңнаманың анықтамасы тек қана заңнаманы емес, заңға тәуелді нормативтік құқықтық актілерді де қамтитын заңнаманы кең түсінуден туындайды.

**Құқықтық акт** – неғұрлым кең ұғым, оның құрылымына мемлекеттік және жергілікті атқарушы органдар шығарған барлық мүмкін болатын заңдық құжаттар кіреді. «Құқықтық актілер туралы» Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес құқықтық акт – бұл республикалық референдумда қабылданған не уәкілетті орган қабылдаған құқық нормасын немесе жеке-

---

<sup>4</sup>Заң техникасының қағидаттары туралы толығырақ Проблемы правотворчества субъектов РФ қараңыз. Ғылыми-әдістемелік құрал. Жауапты ред. А.С. Пиголкин.-М.: НОРМА баспасы, 1998. – 272-б.



дара билік жүргізетін құқықтық ұйғарымды қамтитын белгіленген нысандағы жазбаша ресми құжат.

Құқықтық актінің әдебиетте көп таралған синонимі – **жеке-дара қолданылатын құқықтық акт**. Бұл мемлекеттік органның, заңнаманың нақты субъектісіне арналған, сондықтан да жалпыға бірдей сипатқа ие емес біржақты шешімі.

Қазақстан Республикасының нормативтік актілерінің арасында Қазақстан Республикасының Президенті және Үкіметі шығарған құқықтық актілер (заңдардан кейін) маңызды рөл атқарады. Бұл топқа кіретін нормативтік актілер заңға тәуелді сипатқа ие болады. Заңға тәуелді актілердің арасында Президент жарлықтары неғұрлым жоғары заң күшіне ие. Заң нормаларымен тікелей реттелмеген салада, бізде жарлықтар қағидалары, шын мәнінде заңмен бірдей маңызға ие.

Заңдар және заңға тәуелді актілер өзара бірін-бірі толықтырады. Заңға тәуелді актілерсіз заңдар өмірде мүмкін болатын барлық ахуалдарды қамти алмайды, реттелетін қоғамдық қатынастарға толыққанды, кешенді әсер ете алмайды.

Қазақстан Республикасы Үкіметінің «Мемлекеттік органдардың типтік функцияларын айқындау жөніндегі әдістемелік ұсынымдарды бекіту туралы» 2016 жылғы 31 тамыздағы № 489 Қаулысының 2.1., 2.2., 2.3. тармақтарында мемлекеттік органдардың заң деңгейінде, заңға тәуелді акт деңгейінде белгіленетін типтік функциялары, сондай-ақ заңнамалық және заңға тәуелді акт деңгейінде белгіленуге болатын функциялары бекітілген.

Мәселен, 2.2. тармақта мемлекеттік органдардың заңға тәуелді акт деңгейінде белгіленетін типтік функцияларына өз құзыреті шегінде нормативтік құқықтық актілерді әзірлеу жатады, ал 2.3. тармақта өз құзыреті шегінде нормативтік құқықтық актілерді қабылдау және бекіту орнықтырылған. Сонымен бірге «Құқықтық актілер туралы» 2016 жылғы 6 ақпандағы № 480-V Қазақстан Республикасы Заңының 34-бабында нормативтік құқықтық актілерді қабылдау тәртібі және нормативтік құқықтық актілердің әр түрін қабылдау тәртібінің ерекшеліктері айқындалған.

Сонымен, мемлекеттік органдардың нормативтік құқықтық актілерді әзірлеу, сондай-ақ қабылдау және бекіту жөніндегі функцияларын заңнамалық реттеу мүмкіндігі бар. Орталық және жергілікті мемлекеттік органдардың нормативтік құқықтық актілерінің барлық жобалары «Құқықтық актілер туралы» Заңның 3-тармағына сәйкес Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген тікелей құзыреті болған кезде әзірленеді.

Нормативтік құқықтық актілер жобасын әзірлеу кезінде заң техникасының қағидалары мен амалдарын пайдалану қажет. Нормативтік құжаттың мәтіні заң техникасының объектісі болып табылады, бұл орайда көмескіліктер мен екіұшты ойды болдырмау үшін мұндай ұйғарымдардың мазмұны мен нысаны бір-біріне сәйкес болуын назарға алу қажет.

Заң техникасының мақсаты құқықтық материалды құрылымдау, құқықтық актінің тілін жетілдіру, сондай-ақ баяндаудың түсініктілігі, дәлдігі және сауаттылығы болып табылады. Заң техникасын дұрыс пайдалану нақты қоғамның құқықтық мәдениетінің белгілі бір деңгейінің нышанын көрсетеді.

Заң техникасы айтарлықтай маңызды рөл атқарады және нормативтік актілерді шығарудан бастап олардың негізінде құқық қолдану актілерін қабылдауға дейін құқықтық реттеу тетігінің әртүрлі кезеңдерінде пайдаланылады. Әртүрлі заң техникасының бәрі бірге құқықтық материалды жөнге келтіріп, құрылымдап, қоғамдық қатынастарды құқықтық ретке келтіру процесін оңтайландыру үшін заң қызметін ұтымды етуге жағдай жасайды.

**Заңнама техникасы** – заңнамалық қызметті ұйымдастыру және жүзеге асыру үшін заңнамалық процесс субъектілері пайдаланатын қағидалар, әдістер, құралдар мен амалдар (аспаптар) жиынтығы.

Заңнама техникасының негізгі екі мақсаты бар. Біріншіден, қоғамдық қатынастарды ұтымды дәлме-дәл реттеу, олқылыққа жол бермеу, нормативтік актілерді жеткілікті

дәрежеде нақты, анық, айқын және сонымен бірге жеткілікті дәрежеде қысқа, үнемді, белгілі дәрежеде бір үлгіде, стандартты баяндау. Көп сөзділік, тұжырымның көмескілігі, нақтылықтың жетіспеуі, олқылық құқықтық реттеудің тиімділігін төмендетеді. Нормативтік техниканың басқа мақсаты субъектілерге – нормативтік актінің адресатына бағдарланған және нормативтік акті арналған адамдарда өздерінің нормативтік актілерде көзделген құқықтары мен міндеттеріне қатысты күмән тумауы үшін оларды жеткілікті дәрежеде түсінікті, анық етуден тұрады.

Нормативтік құқықтық актілер жобаларына қойылатын тағы бір талап Қазақстан Республикасы Үкіметінің «Заңға тәуелді нормативтік құқықтық актілер жобаларын әзірлеу, олардың келісілу қағидаларын бекіту туралы» 2016 жылғы 6 қазандағы № 569 қаулысының 27-тармағы болып табылады, онда нормативтік құқықтық актілердің жобаларын әзірлеу «Қазақстан Республикасындағы тіл туралы» 1997 жылғы 11 шілдедегі Қазақстан Республикасы Заңының талаптарына сәйкес мемлекеттік және орыс тілдерінде жүзеге асырылады деп көрсетілген.

Бұл орайда, мемлекеттік және орыс тілдерінің қағидаларын сақтауды, мемлекеттік және орыс тілдері мәтіндерінің теңтүпнұсқалылығын әзірлеуші мемлекеттік орган қамтамасыз етеді (Заңға тәуелді нормативтік құқықтық актілер жобаларын әзірлеу, олардың келісілу қағидаларының 28-тармағы).

Мемлекеттік органдардың кез келген құқық шығармашылығы қызметі белгілі бір қағидаттарға сәйкес келуге тиіс, олардың арасында мыналарды атау қажет:

**Заңдылық** – кез келген жаңа акт Конституцияға, заңдарға, халықаралық құқық нормаларына, сондай-ақ қолданыстағы заңнамаға қайшы келмеуге тиіс.

**Ғылымилық** – мемлекеттік органдардың нормативтік құқықтық актілерді әзірлеу кезіндегі қызметі жүйелі және кешенді сипатқа ие болуға, және тиісінше, қабылданатын жаңа актілер мен нормалардың әлеуметтік, экономикалық, заңдық,

саяси салдарларының болжамын, отандық және әлемдік заң ғылымы мен ғылыми ұсынымдардың жетістіктерін есепке алуды қамтуға тиіс.

**Жариялылық (көпшілікке мәлімділік) және ашықтық** – құқық шығармашылығы органдарының қабылданатын барлық актілерді міндетті түрде жариялауы және халық назарына жеткізу.

Жариялылық қағидаты **демократизм** қағидатымен тікелей байланысты, өйткені актілерге негіз болатын жобаларды дайындауға, талқылауға, шығаруға қатыстыруды не шығарылатын құқық нормаларына олардың мүддесін ескеруді көздейді.

**Жүйелілік қағидаты** жаңадан қабылданатын актілер заңнаманың бұрынғы бар жүйесімен «үндестірілуге», қолданыстағы актілерге қайшы келмеуге, оларда қарама-қайшылықтар, кемшіліктер, олқылықтар, қайталаулар болмауға және бұл орайда, аталған құқық саласына тән қоғамдық қатынастарды реттейтін құралдар пайдаланылуға тиіс екендігін көздейді.

## II. ЗАҢНАМАЛЫҚ АКТІЛЕРДІ ДАЙЫНДАУ КЕЗЕҢДЕРІ

Заң жобасын дайындау туралы шешім қабылдау заң шығармашылығы процесінің басталуы болып табылады. Мұндай шешім қабылдаумен болашақ актінің тақырыбы, оның жалпы бағыты айқындалады.

Нормативтік құқықтық акт қолданысының тиімділігін қамтамасыз ету мақсатында оны дайындау белгілі қағидаттарға негізделуі қажет. Құқық теориясында заңдылық, демократияшылдық, азаматтардың құқықтарын, бостандықтарын мен заңды мүдделерін қорғау, ғылымилық, кәсібилік, жүйелілік сияқты нормативтік құқықтық актілерді дайындаудың қағидаттары бар<sup>5</sup>. Көрсетілген қағидаттарды сақтау нормативтік құқықтық актілерді дайындаудың нормативтік тұрғыда белгіленген процесінде қамтамасыз етілуі қажет.

Заң жобасын дайындау процесі бірқатар нормативтік құқықтық актілермен: «Құқықтық актілер туралы» 2016 жылғы 6 сәуірдегі Қазақстан Республикасының Заңымен, Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2016 жылғы 29 желтоқсандағы № 907 қаулысымен бекітілген Қазақстан Республикасының уәкілетті органдарында заң жобалау жұмыстарын ұйымдастыру қағидаларымен, Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2016 жылғы 31 тамыздағы № 497 қаулысымен бекітілген Нормативтік құқықтық актілердің жобаларына ғылыми сараптама жүргізу қағидаларымен регламенттеледі.

Қазақстан Республикасының халықаралық шарттарын жасасу, орындау, өзгерту және олардың қолданылуын тоқтату тәртібі «Қазақстан Республикасының халықаралық шарттары туралы» Қазақстан Республикасының Заңында, Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2010 жылғы 14 қыркүйектегі № 938 қаулысымен бекітілген Қазақстан Республикасы қатысушы болуға ниеттенетін халықаралық шарттар бойынша, сондай-ақ халықаралық шарттардың жобалары бойынша ғылыми сараптама жүргізу қағидасында айқындалады.

---

<sup>5</sup>Теория и практика подготовки проекта нормативного правового акта /А.Ф. Вишнеvский, В.Н. Дмитрук. - Мн. Дикта, 2004. – 148-б.

Президент Әкімшілігі, Үкімет, өзге де мемлекеттік органдар – Қазақстан Республикасы Президентінің тапсырмасы немесе Қазақстан Республикасы Президентінің тапсырмасына негізделген Қазақстан Республикасы Президенті Әкімшілігі Басшысының тапсырмасы бойынша, олармен келісу бойынша – ұйымдар мен азаматтар Қазақстан Республикасы Президентінің заң шығару бастамасы тәртібімен Қазақстан Республикасы Парламентінің Мәжілісіне енгізілетін заңнамалық актілер жобаларының әзірлеушілері бола алады.

Парламент депутаттары Қазақстан Республикасы Парламенті депутаттарының заң шығару бастамасы тәртібімен дайындалатын заңнамалық актілер жобаларының әзірлеушілері болып табылады.

Орталық мемлекеттік органдар Қазақстан Республикасы Үкіметінің заң шығару бастамасы тәртібімен дайындалатын заңнамалық актілер жобаларының әзірлеушілері болып табылады.

Нормативтік құқықтық актілер жобаларын әзірлеу бойынша негізгі ережелер «Құқықтық актілер туралы» 2016 жылғы 6 сәуірдегі Қазақстан Республикасының Заңында (бұдан әрі – Заң) бекітілген. Уәкілетті органдардың заң жобалау жұмыстарын ұйымдастыруы Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2016 жылғы 29 желтоқсандағы № 907 қаулысымен бекітілген Қазақстан Республикасының уәкілетті органдарында заң жобалау жұмыстарын ұйымдастыру қағидаларында егжей-тегжейлі регламенттелген және 22 рәсімді құрайды.

Заң шығару процесінің ажырамас бөлігі **заң жобалау қызметін жоспарлау** болып табылады. Заң шығару жұмысын жоспарлау процесі келесі қағидаттарда құрылуы тиіс:

1. *Жүйелік* – әзірленетін нормативтік құқықтық актілер бар заңнамалық жүйенің бөлігі болуы тиіс, басқа да нормативтік құқықтық актілермен өзара әрекеттесуі керек;

2. *Негізділік* – әзірленетін құқықтық актілер әзірлеудің өзектілігі, орындылығы мен уақытылығы талаптарына сай болуы қажет;

3. *Ғылымилық* – заң шығаруды жоспарлау қандайда бір нормативтік құқықтық актілерді әзірлеудің орындылығын айқын негіздеумен ғылыми негізде құрылуы қажет;

4. *Стратегиялық жоспарлау* – заң шығару процесі ұзақ мерзімді перспективаға арналған ел дамуының стратегиялары мен әлеуметтік-экономикалық бағдарламаларын ескере отырып жүзеге асырылуы тиіс («Қазақстан-2050» Стратегиясы, Қазақстан Республикасының 2025 жылға дейінгі стратегиялық даму жоспары, «Нұрлы жол» мемлекеттік бағдарламасы, «Ақпаратты Қазақстан - 2020» мемлекеттік бағдарламасы, «Денсаулық» мемлекеттік бағдарламасы және т.б.);

5. *Үнемділік* – заң жобалау қызметін жоспарлау процесі экономиканың нақты жағдайына және мемлекеттік бюджеттен артық шығын жасаудан аулақ болуға сүйенеді;

6. *Сабақтастық* – әзірленетін құқықтық актілер кадрларды ротациялауға тәуелді болмауы қажет және бірыңғай заң шығару саясатын сақтауы тиіс.

Заң техникасы талаптарына сәйкес келесі жоспарлау түрлері бөлінеді: *қысқа мерзімді, орта мерзімді және перспективалы (бағдарламалық)*. Қазақстан Республикасында Үкіметтің заң шығару қызметі Үкіметтің заң шығару жұмысының тұжырымдамалық жоспарына және заң жобалау жұмыстарының ағымдағы жоспарларына сәйкес жүзеге асырылады.

Заң шығару жұмысының тұжырымдамалық жоспары Парламенттің кезекті сайланымы кезеңіне қабылданады және олардың шеңберінде Парламент сессиялары бойынша заңнамалық актілердің жобаларын (Парламенттің және оның палаталарының қаулыларын қоспағанда) дайындау болжанатын заңнама салаларын (аясын) көрсетеді. Заң шығару жұмысының тұжырымдамалық жоспарын Әділет министрлігі әзірлейді, оны Үкімет Парламент палаталарының төрағаларымен келісу үшін енгізеді және Қазақстан Республикасының Президенті бекітеді.

Заң шығару жұмысының тұжырымдамалық жоспарын іске асыру мақсатында Үкімет бір жылға жасалатын заң жобалау жұмыстарының ағымдағы жоспарларын бекітеді.

Алдағы жылға арналған жоспарды қалыптастыру Қазақстан Республикасы Президентінің тапсырмалары мен жыл сайынғы Жолдауын, Конституциялық Кеңестің нормативтік қаулылары мен жыл сайынғы жолдауларын, Заң шығару жұмысының тұжырымдамалық жоспарын, мемлекеттік бағдарламалар мен Үкімет бекітетін бағдарламаларды, мемлекеттік бағдарламаларды іске асыру жөніндегі іс-шаралар жоспарларын, Үкіметтің шешімдерін, қабылдануы Бюджет кодексінде көзделген нормативтік құқықтық актілердің, заңдардың құқықтық мониторингі нәтижелерін, сондай-ақ Премьер-Министрдің шешімдерін ескере отырып жүзеге асырылады.

Ағымдағы жоспардың және заң шығармашылығы жұмысының тұжырымдамалық жоспарының орындалуын жалпы бақылауды Әділет министрлігі жүзеге асырады.

Заң жобалау жұмыстары жоспарын әзірлеу және қалыптастыру тәртібі «Қазақстан Республикасы Үкіметінің Регламенті туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2002 жылғы 10 желтоқсандағы № 1300 қаулысында белгіленген.

Тұжырымдамалық тұрғыда заңнамалық акт жобасын дайындау процесі келесі кезеңдерден тұрады:

1. Заң тұжырымдамасын дайындау;
2. Заң жобасы мәтінін әзірлеу;
3. Заң жобасына сараптама.

#### **Заң жобасы тұжырымдамасын әзірлеу**

Заң жобасын әзірлеу басталғанға дейін уәкілетті орган оның тұжырымдамасын әзірлейді.

«Құқықтық актілер туралы» Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес заң жобасының тұжырымдамасы – Қазақстан Республикасы Үкіметінің бастамасы бойынша заң жобасын әзірлеу қажеттігінің негіздемесін, оны қабылдау мақсаттарын және Қазақстан Республикасының Үкіметі айқындайтын өзге де ережелерді қамтитын құжат (Заңның 1-бабының б) тармақшасы).



Осы талап Қазақстан Республикасы Президентінің заңнамалық бастамасы тәртібінде заңдар жобаларын әзірлеу жағдайына қолданылмайды.

Заң жобасының тұжырымдамасын дайындау Қазақстан Республикасы Президентінің Қазақстан халқына Жолдауы, Қазақстан Республикасы Конституциялық Кеңесінің жыл сайынғы жолдауының ережелері, Қазақстан Республикасы Конституциялық Кеңесінің, Қазақстан Республикасы Жоғарғы Сотының нормативтік қаулылары, мемлекеттік бағдарламалар және Қазақстан Республикасының Үкіметі бекіткен бағдарламалар, мемлекеттік бағдарламаларды іске асыру жөніндегі іс-шаралар жоспарлары, Үкімет шешімдері, нормативтік құқықтық актілердің құқықтық мониторингі нәтижелері, Қазақстан Республикасының заңнамасын тиісті салаларда және қоғамдық өмірдің салаларында қолдану практикасы, қолданыстағы заңнаманың проблемалары бойынша өткізілетін ғылыми-практикалық конференциялардың, семинарлардың, кеңестердің материалдары, жеке және заңды тұлғалардың өтініштері, үкіметтік емес ұйымдар ұсынатын материалдар, бұқаралық ақпарат құралдарындағы ақпарат ескеріле отырып жүзеге асырылады.

Заң жобасының тұжырымдамасын дайындауды уәкілетті орган қажет болған кезде ғылыми-зерттеу ұйымдарын, ғылымның тиісті салаларындағы ғалымдарды, білімнің түрлі салаларындағы мамандарды тарта отырып жүзеге асырады.

Заң жобасының тұжырымдамасын дайындауға қойылатын талаптар Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2016 жылғы 29 желтоқсандағы № 907 қаулысымен бекітілген Қазақстан Республикасының уәкілетті органдарында заң жобалау жұмыстарын ұйымдастыру қағидаларында көзделген.

Заң жобасының тұжырымдамасын дайындау кезінде уәкілетті орган:

1) құқықтық реттеудің тиісті саласындағы қолданыстағы заңнаманы талдауды, қолданыстағы құқықтық тетіктер (олар болған жағдайда) тиімділігінің жеткіліксіздігі себептерін

айқындауды, жүргізілген заңнамалық актілердің құқықтық мониторингі нәтижелерін есепке алуды, ұқсас қоғамдық қатынастарды реттейтін актілердің көп болуын анықтауды;

2) экономикалық, әлеуметтік, статистикалық және өзге де қажетті ақпаратты зерттеуді, қорытындылауды және талдауды, заңды қабылдаудың болжалды әлеуметтік, қаржылық-экономикалық, экологиялық, құқықтық және өзге де салдарын зерттеуді жүргізуді, оның ішінде заңның қабылдануына байланысты болуы мүмкін әлеуметтік тәуекелдерді, сондай-ақ белгілі бір салада қоғамдық қатынастардың даму үрдістері мен нұсқаларын талдауды;

3) қажетті қаржылық-экономикалық есептеулер жүргізуді (егер заң жобасын іске асыру республикалық және (немесе) жергілікті бюджеттердің және (немесе) Қазақстан Республикасы Ұлттық қорының кірістерін қысқартуға немесе шығыстарын ұлғайтуға әкеп соқтырса);

4) халықаралық тәжірибені зерттеуді, салыстырмалы-құқықтық талдау жүргізуді қамтамасыз етеді.

Қазақстан Республикасының уәкілетті органы әзірлейтін заң жобасы тұжырымдамасының нысаны бойынша мынадай нысан белгіленген:

1. Заң жобасының атауы.
2. Заң жобасын әзірлеу қажеттілігінің негіздемесі.
3. Заң жобасын қабылдау мақсаттары.
4. Заң жобасын реттеу нысанасы.
5. Заң жобасының құрылымы және мазмұны.
6. Тиісті саладағы заңнамалық актілерге жүргізілген құқықтық мониторинг нәтижелері.
7. Заң жобасы қабылданған жағдайда болжалды құқықтық және әлеуметтік-экономикалық салдар.
8. Басқа заңнамалық актілерді әзірленіп жатқан заң жобасына бір мезгілде (кейіннен) сәйкес келтіру қажеттілігі.
9. Заң жобасы нысанасының өзге нормативтік құқықтық актілермен реттелуі.
10. Қаралып жатқан мәселе бойынша халықаралық тәжірибенің бар болуы.

11. Заң жобасын іске асырумен байланысты болжалды қаржылық шығындар.

Жеке кәсіпкерлік субъектілерінің мүдделерін қозғайтын заң жобасының тұжырымдамасы сараптама қорытындысын алу үшін жеке кәсіпкерлік субъектілерінің аккредиттелген бірлестіктеріне және Қазақстан Республикасының Ұлттық кәсіпкерлер палатасына жіберілуге тиіс (Заңның 18-бабының 2-тармағы).

Сондай-ақ, заң жобасы тұжырымдамасы ақпараттандыру саласындағы уәкілетті орган айқындаған тәртіппен міндетті түрде ашық нормативтік құқықтық актілердің интернет-порталына, сондай-ақ **Қазақстан Республикасының Әділет министрлігіне жіберілгенге дейін** әзірлеуші органның интернет-ресурсында **көпшілік талқылауы үшін орналастырылуы тиіс.**

Заң жобасының дайындалған тұжырымдамасы Заң жобалау қызметі мәселелері жөніндегі ведомствоаралық комиссия мүшелеріне және мүдделі мемлекеттік органдарға жіберу үшін, сондай-ақ тұжырымдама жобасы бойынша алдын ала қорытынды алу үшін Қазақстан Республикасының Әділет министрлігіне жіберіледі.

Егер заң жобасын жаңа редакцияда әзірлеу көзделсе, онда Қазақстан Республикасының Әділет министрлігіне тұжырымдама жобасымен бірге жаңа редакциядағы заң жобасының алдын ала мәтіні енгізіледі.

Заң жобасының тұжырымдамасы бойынша Қазақстан Республикасының Әділет министрлігі оны Қазақстан Республикасының Әділет министрлігіне енгізген кезден бастап 15 жұмыс күнінен аспайтын мерзімде алдын ала қорытынды дайындайды.

Заң жобасы тұжырымдамасы бойынша Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің алдын ала қорытындысына Заң жобалау қызметі мәселелері жөніндегі ведомствоаралық комиссия мүшелері мен мүдделі мемлекеттік органдардың ескетулері мен ұсыныстары қоса беріледі.

Қазақстан Республикасының Әділет министрлігі Комиссия мүшелері мен мүдделі мемлекеттік органдардың ескертулері мен ұсыныстарын ескере отырып, пысықталған заң жобасының тұжырымдамасын Заң жобалау қызметі мәселелері жөніндегі ведомствоаралық комиссияның отырысына шығарады. Егер уәкілетті орган Комиссия мүшелерінің, мүдделі мемлекеттік органдардың ескертулерімен және ұсыныстарымен келіспесе, онда тиісті ескертулер мен ұсыныстар Комиссия отырысында талқылануға жатады.

Комиссия отырысында заң жобасы тұжырымдамасымен бірге Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің алдын ала қорытындысы қаралады.

Комиссия:

1) қолданыстағы заңнамада реттелген қоғамдық қатынастарды регламенттеуді көздейтін;

2) құқықтың негіз қалаушы қағидаттарына (адам құқықтарының басымдылығы, заңдылық, тең құқықтылық, әділеттік және т.б.) қайшы келетін;

3) реттеу нысанасы Қазақстан Республикасы Конституциясының 61-бабының 3-тармағына сәйкес келмейтін;

4) реттеушілік әсерге талдау жүргізілмеген, бірақ оны жүргізу қажеттігі Кәсіпкерлік кодексінде көзделген жағдайларда заң жобаларының тұжырымдамаларын мақұлдамайды.

### **Заң жобасын әзірлеу**

Уәкілетті органдар заң жобаларын Қазақстан Республикасы Үкіметінің заң жобалау жұмыстарының ағымдағы жоспарын және Заң шығару жұмысының тұжырымдамалық жоспарын орындау үшін, сондай-ақ Қазақстан Республикасы Президентінің, Президенттің тапсырмасына негізделетін Президент Әкімшілігі Басшысының немесе Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің тапсырмасы бойынша жоспардан тыс тәртіппен әзірлейді.

Заң жобасын әзірлеуші уәкілетті орган заң жобасын дайындау жөніндегі жұмыс тобын құрады. Заң жобасын

дайындауға заң жобасын дайындайтын уәкілетті органның заң бөлімшелерінің қызметкерлері міндетті түрде қатысуы тиіс.

Заң жобасын әзірлеу жөніндегі жұмыс тобының құрамына «Қазақстан Республикасы Заңнама институты» мемлекеттік мекемесінің қызметкерлері тартылады, сондай-ақ белгілі бір құқық саласының ғылыми-зерттеу институттарының, үкіметтік емес ұйымдардың, қоғамдық бірлестіктердің өкілдері, Қазақстан Республикасы Парламентінің депутаттары және олармен келісім бойынша ғылымның тиісті салаларының ғалымдары енгізілуі мүмкін.

Жеке кәсіпкерлік субъектілерінің мүдделерін қозғайтын заң жобаларын әзірлеу кезінде жұмыс тобының құрамына Ұлттық кәсіпкерлер палатасының және жеке кәсіпкерлік субъектілерінің аккредиттелген бірлестіктерінің өкілдері міндетті түрде енгізіледі.

Заң жобасы оның Комиссия мақұлдаған тұжырымдамасына қатаң сәйкестікпен әзірленуі тиіс. Бұл талап заң жобасын Қазақстан Республикасының Үкіметіне енгізу сатысына дейін қолданылады. Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Қазақстан Республикасы Президентінің Әкімшілігі басшылығының тапсырмасы бойынша заң жобасына тұжырымдамалық өзгерістер мен толықтырулар енгізілуі мүмкін.

Заң жобаларын әзірлейтін уәкілетті органдар Қазақстан Республикасы Парламентіне енгізгенге дейін олардың негізгі ережелерін түсіндіру және талқылау мақсатында олар бойынша бірінші басшысының шешімі негізінде жария тыңдаулар өткізеді.

Жария тыңдауларға уәкілетті органның бірінші басшысының шешімі бойынша қоғамдастықтың және заңды тұлғалар бірлестіктерінің өкілдері, сондай-ақ үкіметтік емес ұйымдардың, бұқаралық ақпарат құралдарының өкілдері, қоғамдық кеңестің мүшелері, Ұлттық кәсіпкерлер палатасының, аккредиттелген кәсіпкерлік субъектілерінің өкілдері, тиісті саладағы ғалымдар мен сарапшылар, партиялардың, оның ішінде парламенттік емес партиялардың

өкілдері, сондай-ақ кез келген ниет білдірген адамдар шақырылады.

Жария тыңдаулар өткізілген жағдайда оларды өткізу туралы ақпарат заң жобасына түсіндірме жазбада көрсетіледі.

Заң жобаларын мүдделі мемлекеттік органдармен келісу кезінде әзірлеуші орган Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2016 жылғы 29 желтоқсандағы № 907 қаулысымен бекітілген Қазақстан Республикасының уәкілетті органдарында заң жобалау жұмыстарын ұйымдастыру қағидаларында белгіленген материалдардың тізбесін қоса ұсынады.

Жеке кәсіпкерлік субъектілерінің мүдделерін қозғайтын заң жобалары Қазақстан Республикасының Ұлттық кәсіпкерлер палатасына және жеке кәсіпкерлік субъектілерінің аккредиттелген бірлестіктеріне ұсынымдық сипатқа ие және заң жобаларына оларды қабылдағанға дейін міндетті қосымшалар болып табылатын сараптама қорытындыларын алу үшін жіберіледі.

Заң жобасын әзірлеуші сараптама қорытындысымен келіспеген жағдайда, заң жобасының анықтама парағында сараптама қорытындысымен келіспеу себептерінің дәлелді негіздерін келтіруі тиіс.

Жеке кәсіпкерлік субъектілерінің мүдделерін қозғайтын нормативтік құқықтық актілер жобалары оларды сараптамалық кеңес отырысында қарағанға дейін интернет-ресурстарды қоса алғанда, бұқаралық ақпарат құралдарында міндетті түрде жариялауға (таратуға) жатады.

Реттегіш құралды және онымен байланысты талаптарды енгізуді немесе жеке кәсіпкерлік субъектілеріне қатысты реттеуді қатаңдатуды жүзеге асыруды көздейтін заң жобалары кәсіпкерлік жөніндегі уәкілетті орган айқындайтын тәртіппен реттеушілік әсерге талдануы тиіс.

Реттеушілік әсерді талдау нәтижелері реттеуші мемлекеттік органдардың интернет-ресурстарында орналастырылады.

*Қоғамдық кеңестер.*

Қолданыстағы норма шығармашылығы процесінің ерекшелігі мен жаңашылдығы оған қоғамдық кеңестердің қатысуы болып табылады. Заң жобаларын дайындауға қоғамдық кеңестердің қатысуын регламенттеу «Қоғамдық кеңестер туралы» 2015 жылғы 2 қарашадағы Қазақстан Республикасының Заңын қабылдаумен көзделген.

Қоғамдық кеңестер – осы тармақтың екінші бөлігінде көрсетілген мемлекеттік органдарды қоспағанда, коммерциялық емес ұйымдармен, азаматтармен бірлесіп, министрліктер, Қазақстан Республикасының Президентіне тікелей бағынысты және есеп беретін органдар, сондай-ақ жергілікті мемлекеттік басқару органдары өз құзыретіндегі мәселелер бойынша құратын консультативтік-кеңесші, байқаушы органдар.

Орталық мемлекеттік органдар, жергілікті өкілді және атқарушы органдар азаматтардың құқықтарына, бостандықтары мен міндеттеріне қатысты нормативтік құқықтық актінің жобасын қоғамдық кеңестерге жібереді.

Азаматтардың құқықтары мен бостандықтарын қозғайтын нормативтік құқықтық актінің жобасы бойынша ұсынымдарды беру үшін белгіленетін мерзім ол Қоғамдық кеңеске келіп түскен кезден бастап он жұмыс күнінен кем болмауы керек.

Қоғамдық кеңес мемлекеттік орган белгілеген мерзімде ұсынымдар бермеген жағдайда, нормативтік құқықтық актінің жобасы ескертусіз келісілді деп есептеледі.

Ұсынымдар нормативтік құқықтық актінің жобасы қабылданғанға дейін, оның ішінде мүдделі мемлекеттік органдармен осы жобаны әрбір келесі келісу кезінде оған міндетті қосымша болып табылады.

Ұсынымдар қазақ және орыс тілдерінде ұсынылады.

Орталық мемлекеттік орган, жергілікті өкілді немесе жергілікті атқарушы орган Қоғамдық кеңестің ұсынымдарымен келіскен кезде нормативтік құқықтық актінің жобасына тиісті өзгерістер және (немесе) толықтырулар енгізеді.

Орталық мемлекеттік орган, жергілікті өкілді немесе жергілікті атқарушы орган ұсынымдармен келіспеген жағдайда,

тиісті Қоғамдық кеңеске он жұмыс күні ішінде келіспеуінің себептерін негіздей отырып, жауап жібереді. Негіздемесі бар мұндай жауаптар нормативтік құқықтық актінің жобасы қабылданғанға дейін оған міндетті қосымша болып табылады.

### **Заңдар жобаларының ғылыми сараптамасы**

Заңдар жобаларының ғылыми сараптамасы заң шығару процесінің басты кезеңі болып табылады. Ғылыми сараптаманы жүргізу ғылымилық қағидатының сақталуын қамтамасыз етеді, бұл ғылыми зерттеулердің пайдаланылуын, қоғамдық қатынастардың реттелу орындылығы мен қажеттілігінің ғылыми пысықталуын айқындайды. Заңдар жобаларын дайындау процесіне ғылыми қызметкерлердің қатысуы міндетті болуы керек.

Күші жойылған «Нормативтік құқықтық актілер туралы» 1998 жылғы 24 наурыздағы Қазақстан Республикасының Заңында нормативтік құқықтық актілер жобалары ғылыми сараптамасының құқықтық институты бекітілген болатын. Осы уақыт кезеңінде ғылыми сараптама сараптамаларды жүргізу субъектілері, түрлері және т. б. бойынша өзінің қайта өзгеру және жетілдіру кезеңдерінен өтті. Лингвистикалық ғылыми сараптама «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне норма шығармашылық қызметті жетілдіру мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» 2011 жылғы 1 сәуірдегі № 425-IV Қазақстан Республикасының Заңы қабылданғаннан кейін 2011 жылы заңнамалық түрде бекітілді. 2014 жылғы қазанда ғылыми сыбайлас жемқорлыққа қарсы сараптама ғылыми сараптама жеке түр ретінде алып тасталды, себебі аталған сараптаманың міндеттері ғылыми құқықтық сараптама шеңберінде шешіледі.

Қолданыстағы «Құқықтық актілер туралы» 2016 жылғы 6 сәуірдегі Қазақстан Республикасының Заңында ғылыми сараптамаға бірқатар ережелер арналған. Нормативтік құқықтық актілердің жобаларына ғылыми лингвистикалық сараптаманы жүргізу туралы ережелерді жеке бапта бөлек көрсету қолданыстағы заңның ерекшелігі болып табылады. Нормативтік құқықтық актілер жобаларының ғылыми



сараптамасын ұйымдастырудың және жүргі зудің егжей-тегжейлі тәртібі Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2016 жылғы 31 тамыздағы № 497 қаулысымен бекітілген Нормативтік құқықтық актілердің жобаларына ғылыми сараптама жүргізу қағидаларында регламенттелген.

Ғылыми сараптама:

1) жобаның сапасын, негізділігін, уақтылығын, құқыққа сыйымдылығын, жобада Қазақстан Республикасының Конституциясында бекітілген адам және азамат құқықтарының сақталуын бағалау;

2) нормативтік құқықтық актінің ықтимал тиімділігін айқындау;

3) жобаның нормативтік құқықтық акт ретінде қабылдануының ықтимал теріс салдарын анықтау үшін жүргізіледі.

Нормативтік құқықтық актілердің жобалары бойынша осы актілерде реттелетін құқықтық қатынастарға байланысты ғылыми сараптама (құқықтық, лингвистикалық, экологиялық, экономикалық және басқалары) жүргізілуі мүмкін.

Заңнамалық актілердің жобалары Қазақстан Республикасы Президентінің заңнамалық бастамасы тәртібімен енгізілетін, ғылыми сараптама жүргізбеуге болатын жағдайларды қоспағанда, Қазақстан Республикасы Парламентінің қарауына енгізілетін нормативтік құқықтық актілердің жобалары бойынша олар реттейтін қоғамдық қатынастарға байланысты ғылыми сараптама жүргізу міндетті болып табылады.

Нормативтік құқықтық актілер жобаларының ғылыми сараптамасын қаралатын жобаның мазмұнына қарай ғылыми мекемелер немесе тиісті бейіндегі жоғары оқу орындары, ғалымдар мен мамандардың қатарынан тартылатын сарапшылар жүргізеді. Сараптаманы жүргізу бір немесе бірнеше сарапшыға (сараптама комиссиясына) тапсырылуы мүмкін.

Қазақстан Республикасының мемлекеттік органдары әзірлеген және Қазақстан Республикасының Парламентіне енгізілуге жататын заң жобалары бойынша қазақ және орыс

тілдеріндегі мәтіндердің теңтүпнұсқалылығы бөлігінде ғылыми лингвистикалық сараптаманы уәкілетті ұйымдар жүргізеді.

Жоба бойынша әртүрлі мамандықтағы сарапшылар кешенді сараптаманы немесе әр түрдегі дербес сараптамаларды, қажет болған кезде қайталама сараптаманы жүргізуі мүмкін.

Сарапшылар ретінде жобаны әзірлеуге тікелей қатыспаған ұйымдар мен адамдар тартылады.

Сарапшылар ретінде басқа да мемлекеттер мен халықаралық ұйымдардан мамандар тартылуы мүмкін.

Жоба ғылыми сараптама үшін шетелдік және халықаралық ұйымдарға жіберілуі мүмкін.

Заңдар жобаларын ғылыми сараптамаға жіберуді әзірлеуші орган немесе Қазақстан Республикасы Парламентінің депутаттары олар өздері заң жобаларына бастамашы болған кезде жүзеге асырады.

Бұл ретте Қазақстан Республикасы Парламенті депутаттарының заңнамалық бастамашылығы тәртібімен дайындалатын заңдардың жобалары ғылыми экономикалық сараптамаға жолданбайды.

Ғылыми сараптама жүргізудің шарттары Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес сараптаманы ұйымдастырушы мен ғылыми ұйым немесе сарапшы арасында жасалған азаматтық-құқықтық шартта айқындалады.

Нормативтік құқықтық актілердің жобалары бойынша әртүрлі мамандықтағы сарапшылар кешенді сараптаманы немесе әр түрдегі дербес сараптамаларды, ал қажет болған кезде қайталама сараптаманы жүргізуі мүмкін.

Кешенді ғылыми сараптаманы ғылыми ұйымдар немесе әртүрлі мамандықтағы сарапшылар және нормативтік құқықтық актінің жобасын түрлі білім салаларының негізінде зерттеу қажет болған жағдайларда жүргізеді.

Әр түрдегі дербес ғылыми сараптама нормативтік құқықтық актінің жобасын бір білім саласы негізінде зерттеу қажет болған жағдайларда жүргізіледі.

Қайталама ғылыми сараптама ғылыми ұйымның немесе сарапшының бастапқы ғылыми сараптама нәтижелері бойынша

қорытындысы жеткілікті түрде негізделмеген не оның дұрыстығы күмән туғызған жағдайларда жүргізіледі.

Қосымша ғылыми сараптама нормативтік құқықтық актінің жобасын пысықтау нәтижесінде, сондай-ақ заң жобасы Қазақстан Республикасы Үкіметінің Регламентіне сәйкес мүдделі мемлекеттік органдармен келісілгеннен кейін Қазақстан Республикасының Үкіметіне енгізілгенге дейін оған тұжырымдамалық өзгерістер енгізілген жағдайда жүргізіледі.

Ғылыми сараптама 15 жұмыс күні ішінде жүргізілетін ғылыми лингвистикалық сараптаманы, сондай-ақ күнтізбелік 25 күн ішінде жүргізілетін ғылыми экономикалық сараптаманы қоспағанда, заң жобасы және оның материалдары ғылыми ұйымға немесе сарапшыға ұсынылған күннен бастап күнтізбелік 15 күннен аспайтын мерзімде жүргізілуге тиіс.

Арнайы мерзімдерді қолдану шарттары Ғылыми сараптаманы жүргізу қағидаларында көзделген.

Заң жобасына жүргізілген ғылыми сараптаманың нәтижелері бойынша ғылыми ұйымның немесе сарапшылардың ғылыми сараптама жүргізу мәні бойынша уәжді, ғылыми негізделген, объективті және толық тұжырымдары қамтылуға тиіс сараптама қорытындысы жасалады. Ғылыми сараптама қорытындылары ұсынымдық сипатта болады.

### **Халықаралық шарттар жобаларының ғылыми сараптамасы**

Қазақстан Республикасы шет мемлекетпен (шет мемлекеттермен) немесе халықаралық ұйыммен (халықаралық ұйымдармен) жазбаша нысанда жасасқан және мұндай келісімнің бір құжатта немесе өзара байланысты бірнеше құжаттарда екендігіне қарамастан, сондай-ақ оның нақты атауына қарамастан, халықаралық құқықпен реттелетін халықаралық келісім Қазақстан Республикасының халықаралық шарты болып табылады.

Міндетті ғылыми сараптама ратификациялауға жататын халықаралық шарттардың жобалары бойынша – оларға қол қойылғанға дейін; Қазақстан Республикасы қатысушысы болуға ниеттенетін халықаралық шарттар бойынша – оларды

ратификациялау немесе оларға ратификациялау арқылы қосылу туралы шешім қабылданғанға дейін жүргізіледі.

«Халықаралық шарттар туралы» 2005 жылғы 30 мамырдағы № 54 Қазақстан Республикасының Заңының 11-бабына сәйкес мынадай:

1) нысанасы адам және азаматтың құқықтары мен бостандықтары болып табылатын;

2) орындалуы қолданыстағы заңдарды өзгертуді немесе жаңа заңдарды қабылдауды талап ететін, сондай-ақ Қазақстан Республикасының заңдарында көзделгеннен өзге ережелерді белгілейтін;

3) Қазақстан Республикасының Мемлекеттік шекарасының өтуі туралы, сондай-ақ Қазақстан Республикасының ерекше экономикалық аймағын және құрлықтық қайраңын межелеп бөлу туралы халықаралық шарттарды қоса алғанда, Қазақстан Республикасының басқа мемлекеттермен аумақтық межелеп бөлінуі туралы;

4) мемлекетаралық қатынастардың негіздері туралы, қарусыздану немесе қару-жараққа халықаралық бақылау жасау, халықаралық бейбітшілік пен қауіпсіздікті қамтамасыз ету жөніндегі мәселелер бойынша, сондай-ақ бітімгершілік халықаралық шарттар мен ұжымдық қауіпсіздік туралы халықаралық шарттар;

5) Қазақстан Республикасының мемлекетаралық бірлестіктер мен халықаралық ұйымдарға қатысуы туралы, егер мұндай халықаралық шарттар Қазақстан Республикасының егемендік құқықтарының бір бөлігін жүзеге асыруды оларға беруді көздейтін болса немесе олардың органдары шешімдерінің Қазақстан Республикасы үшін заңдық тұрғыдан міндеттілігін белгілесе;

6) мемлекеттік қарыздар туралы;

7) гуманитарлық көмектен басқа, Қазақстан Республикасының экономикалық және өзге де көмек көрсетуі туралы;

8) қол қою кезінде келіссөздерге қатысушы тараптардың кейіннен оларды ратификациялау туралы келіскен;

9) егер халықаралық шарттарда мұндай келісім ратификациялау арқылы білдірілетіні көзделсе, халықаралық шарттар ратификациялауға жатады.

Қазақстан Республикасында халықаралық шарттар мен халықаралық шарттар жобаларына ғылыми сараптаманы конкурс нәтижелерінің негізінде сарапшылар жүзеге асырады (конкурс тәсілімен мемлекеттік сатып алуды жүзеге асыру) және халықаралық шарт немесе халықаралық шарт жобасы, сондай-ақ оған материалдар сарапшыға ұсынылған күннен бастап күнтізбелік он күннен аспайтын мерзімде жүргізіледі. Ғылыми сараптама жүргізу қорытындысы бойынша сараптама қорытындысы жасалады.

Кейіннен, халықаралық шарттардың ғылыми сараптамасы бойынша сараптама қорытындысы Парламенттің қарауына Үкімет енгізетін халықаралық шартты ратификациялау туралы заң жобасына қоса тіркеледі.

Сараптама қорытындысы ұсынымдық сипатта болатынын атап өткен жөн. Халықаралық шартты немесе халықаралық шарт жобасын және ол бойынша сараптама қорытындысын және Қазақстан Республикасы Үкіметінің не Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің қарауына енгізу кезінде сараптаманы ұйымдастырушы (уәкілетті мемлекеттік әзірлеуші орган) халықаралық шарт немесе халықаралық шарттың жобасы бойынша сараптама қорытындысында қамтылған ұсынымдарды қабылдамау себептерінің дәлелді негіздемесін ұсынуға тиіс.

Халықаралық шарттардың ғылыми сараптамасы мынадай нормативтік құқықтық актілерде:

«Қазақстан Республикасының халықаралық шарттары туралы»

2005 жылғы 30 мамырдағы №54 Қазақстан Республикасының Заңында;

«Қазақстан Республикасы қатысушы болуға ниеттенетін халықаралық шарттар бойынша, сондай-ақ халықаралық шарттардың жобалары бойынша ғылыми сараптама жүргізу қағидасын бекіту туралы» (бұдан әрі – Халықаралық

шарттарбойынша ғылыми сараптама жүргізу қағидалары) Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2010 жылғы 14 қыркүйектегі № 938 Қаулысында;

«Қазақстан Республикасы қатысушы болуға ниеттенетін халықаралық шарттардың, сондай-ақ халықаралық шарттардың жобалары бойыншағылыми сараптама жүргізудің кейбір мәселелері туралы» Қазақстан Республикасы Әділет министрінің 09.12.2011 жылғы № 398 бұйрығында реттеледі.

Бұл актілер сараптаманың негізгі мақсаттарын, жүргізу тәртібі мен өлшемшарттарын айқындайды.

Сапаны бағалау кезінде сарапшылар халықаралық шарт мазмұнының сапасына әсер ететінкөптеген факторларға назар аударуға тиіс. Осы аспектілердіңкейбіреулері бұдан әрі келтірілген.

#### *Халықаралық шартты аудару сапасы*

Шарт шет тілінен аударылған жағдайларда, шарт ережесін аударған кезде ол өзінің бастапқы мағынасын жоғалтуы мүмкін деген ықтимал болады. Осыған байланысты күмән болған жағдайда, теңтүпнұсқалы мәтінге (көп жағдайда, ағылшын тіліндегі мәтінге) жүгіну ұсынылады.

*Халықаралық шарт мәтінде терминдерді бірізді пайдалану*

Келісім баптарыережелерініңкелісімнің бірінші баптарына енгізілетін ұғымдарғасәйкестігіне назар аударылады. Халықаралық шарттарға сараптама жүргізу кезінде ұғымды бірыңғайпайдаланбау жағдайлары анықталады, бұл бап мағынасының дұрыс түсіндірілмеуіне әкелуі мүмкін, осының негізінде сарапшылар ұғымдар қолдануды халықаралық шартта қолданылатын анықтамаларға сәйкес келтіруді ұсынады.

#### *Ұқсас халықаралық шарттардың болуы мен қолданылуы*

Мемлекеттер арасында қолданылатын келісімді өзектендіру қажеттілігі туындаған жағдайда, мемлекеттер реттеу нысанасы ұқсас жаңа келісім жасауы мүмкін.

#### *Халықаралық шарттар жасау практикасы*

Халықаралық шарттарға сараптама жасау кезінде тиісті саладағыхалықаралық шарттарды жасау практикасына көп

көңіл бөлінеді. Әдетте, осы келісімдердің мәтіндері бірдей, алайда шағын алшақтық болуы мүмкін. Қолданыстағы практикаға анық сәйкессіздік анықталған жағдайда, бұл қажет болған кезде сарапшылар біріздендірілген сипаттағы келісімдерді сақтау жөніндегі ұсынымдар енгізеді.

### *Халықаралық ұйымдар мен халықаралық соттар практикасы*

Сарапшылар үшін бағдар ретінде сараптама жүргізу кезінде кейбір жағдайларда халықаралық ұйымдар (мысалы, Дүниежүзілік сауда ұйымы, БҰҰ адам құқықтары саласындағы шарт жасасқан органдары) мен халықаралық соттар (мысалы, Адам құқықтары жөніндегі еуропалық сот) практикасы маңызды рөл атқарады. Практиканы зерттеу болуы ықтимал қауіптер мен коллизияларды анықтауға, теріс салдарды болдырмауға көмектеседі.

Осылайша, сарапшылар тап болатын халықаралық-құқықтық шарт жобаларының негізгі проблемалық аспектілері:

1) заң техникасының проблемалары: анықтамаларды бірыңғай пайдаланбау; тиісінше түсіндіруге және міндеттемелерді орындауға кедергі келтіретін кеңістік тұжырымдарымен жалпылама ұғымдарды пайдалану;

2) шарттың нысанасы толық реттелмеуде байқалатын ілеспе тәуекелдер есебінің толық болмауы;

3) келісімнің күшіне енуі шарттарын, шарттың қолданыс мерзімі найқындау болып табылады.

### **III. НОРМАТИВТІК ҚҰҚЫҚТЫҚ АКТІНІҢ МАЗМҰНЫ ЖӘНЕ СТИЛІ МЕН ТІЛІНЕ ҚАТЫСТЫ ТАЛАПТАР**

Нормативтік құқықтық актінің нақты қисынды құрылымы болуға тиіс. Нормативтік құқықтық актінің мазмұнын шартты түрде мынадай бөліктерге бөліп қарастыруға болады:

1. Нормативтік құқықтық актінің тақырыбы.
2. Преамбула.
3. Негізгі ережелер.
4. Нұсқамалар.
5. Өтпелі және қорытынды ережелер.

Нормативтік құқықтық актінің **тақырыбы** қысқа әрі нұсқа болатын реттеу пәнін қамтуға тиіс. Бұл бірыңғай заңнамалық жүйеде оны кейіннен іздеуді жеңілдету қажеттілігімен шартталған.

Нормативтік құқықтық актінің жалпы қисынын сақтау қажет. Ол қисынды тұтастық, реттілік пен жүйеліліктен тұрады.

Нормативтік құқықтық актінің қисынды жүйелілігі нормативтік құқықтық актінің бірыңғай заңнама жүйесінің бөлігі болып табылатындығын және бұл жүйеде нақты өзіндік орынға ие екендігін көздейді. Бұл ретте әрбір заңнамалық акт аяқталған сипатқа ие болуға және белгілі бір саладағы құқықтық қатынастарды реттеуге тиіс. Сонымен қатар материалдық және процестік құқық нормаларын араластыруға жол берілмейді. Жоғарыда келтірілгеннің барлығы Қазақстан Республикасының заңнамалық актілеріне өзгерістер және (немесе) толықтырулар енгізу туралы заң жобаларына қатысты қолданылмайды.

Нормативтік құқықтық актінің қисынды реттілігі нормативтік құқықтық актілердің белгіленген құрылымын қатаң сақтауды талап етеді. Нормативтік құқықтық актілердің құрылымына қатысты талаптар «Құқықтық актілер туралы» ҚР заңының 23-бабында бекітілген. Кодекстер, заңдар құрылымына қатысты талаптар жөніндегі ақпарат әдістемелік ұсынымдардың тиісті бөлімдерінде анағұрлым толық келтірілген.



Қисынды тұтастық талаптарына сәйкес нормативтік құқықтық акт қабылдану мақсаттары мен алға қойылған міндеттеріне толықтай сай болуға тиіс. Осы мақсатта заң мәтініне кіріспе бөлік – **преамбула** қосылуы мүмкін. Мұнда заң қабылдаудың негізгі мақсаттары мен реттеуі тиіс құқықтық қатынастар аясы көрсетіледі. Алайда преамбула Қазақстан Республикасының заңнамалық актілеріне өзгерістер және (немесе) толықтырулар енгізу туралы заң жобаларында келтірілмейді.

Преамбула актінің негізгі ережелерінің алдында жазылады. Преамбула заңнамалық актінің мәтініне заң қабылдау мақсаттарын және алға қойылған басты міндеттерін түсіндіру қажет болған жағдайда енгізіледі. Преамбула заң шығарушының ниетін анықтайды, заңнамалық актінің қолданылу аясын ашады және оның құқықтық қолданылуы үшін негіз қалыптастырады. Бұл ретте преамбулаға нормативтік нұсқамалар қосуға жол берілмейді. Преамбула тармақтар мен тармақшаларға бөлінбейді және өзге нормативтік құқықтық актілерге сілтемелер қамтымайды.

Нормативтік құқықтық актінің келесі бөлігі - негізгі ережелер. Бұл құқықтық қатынастардың қарастырылып отырған саласын құқықтық реттеу үшін негіз болатын негіз салушы бастамалар болып табылатын жалпы нұсқамалар. Негізгі ережелердің болуы заң үшін міндетті сипатқа ие емес, керісінше, негізгі ережелерді қосу тек білгілі бір саладағы құқықтық қатынастарды реттейтін кешенді заңнамалық акт (кодекс, шоғырландырылған заң және т.б.) үшін ғана орынды.

**«Негізгі ережелер» бөлімі**, әдетте, келесі элементтерден тұрады: негізгі ұғымдар (ұғымдық аппарат); қолданылу аясы; негізгі қағидаттары; өзге жалпы ережелер.

Негізгі ұғымдар жаңа дефинициялар немесе ұғымдар қамтитын және олардың мағынасын түсіндірмей, нормативтік құқықтық актіні дұрыс түсіну мен қолдану мүмкін емес нормативтік құқықтық актілерде беріледі. Сондай-ақ нормативтік құқықтық акт аталмыш акт мәнмәтінінде өзге мағынаға ие болуы ықтимал кеңінен таралған ұғымдарды да

қамтуы мүмкін. Берілген құрылымдық элементті нормативтік құқықтық актінің «ұғымдық аппараты» деп те атайды.

Назар аударарлық жайт, заңда қолданылатын ұғымдар заңмен қарастырылып жатқан салаға ғана қатысты. Басқа заңдар тура сол ұғымдардың мүлдем өзге анықтамаларын көрсетуі мүмкін. Мәселен, Қазақстан Республикасының бірқатар заңдарында «*рұқсат беру тәртібі*» ұғымы қамтылған, ол заңға байланысты әртүрлі мағына беруі мүмкін, мысалы, «өзін-өзі реттеудегі рұқсат беру тәртібі». Алайда, қайталауды болдырмау мақсатында нормативтік құқықтық актілерді әзірлеушілер заңда қолданылатын ұғымдардың өзге заңдарда бар-жоғын ескеруі қажет.

Сонымен қатар ұғымдық аппаратты заңға тәуелді актілер мәтініне қосқан кезде қолданылатын ұғымдардың аталмыш саланы реттейтін заңдарға қайшы келмеуін ескеру қажет. Осылайша, заңға тәуелді актілер мәтініне заңның тиісті нормасын қайталайтын ұғымдық аппаратты қосу кеңінен таралған тәжірибеге айналды. Бұл Қазақстан Республикасының заңнамасында жалпымен мойындалған практика болуына қарамастан, біздің ойымызша, аталмыш жайт негізсіз болып табылады. Заңнамада бар ұғымдарды қайталаудың еш қажеттілігі жоқ. Сондықтан заңға тәуелді актілерде тек заңға тәуелді деңгейде қолданылатын ұғымдардың анықтамалары ғана көрсетілуге тиіс.

Терминдерді екіге бөліп қарастыруға болады: арнайы және жалпы терминдер.

Арнайы терминдер – белгілі бір қызмет аясында ғана қолданылатын және тек сол салаға ғана тән ұғымдар. Мұндай ұғымдарға келесідей терминдерді жатқызуға болады: «аккредитация», «факторинг», «банкаралық клиринг» және т.б.

Жалпы терминдер – күнделікті өмірде кеңінен қолданылатын, бірақ қарастырылып отырған нормативтік құқықтық акт мәнмәтінінде мүлдем өзге мағынаға ие ұғымдар. Мәселен, «тәуекел», «басшы», «уәкілетті орган» және т.б. Бұл ретте, берілген терминдердің анықтамалары өздері көрініс

тапқан заңнамалық актілер мәнмәтінінде беріледі және тек аталмыш құқықтық қатынастар аясында ғана қолданылады.

Қазақ тіліндегі нормативтік құқықтық актідегі терминдер мен анықтамалар әліпбилік ретпен орналастырылады. Орыс тіліндегі нормативтік құқықтық актідегі терминдер мен анықтамалар қазақ тілінде жазылған ретке сәйкес болуға тиіс.

Сонымен бірге қазақ немесе орыс тілдерінде баламасы болған жағдайда, шетелдік сөздерді барынша қолданбаған жөн. Балама сөздер болмаған жағдайда, қалыптасқан халықаралық ұғымды (мысалы, «франчайзинг») қолданған дұрыс.

Негізгі ережелердің ендігі элементі нормативтік құқықтық актінің қолданылу саласы болып табылады. Бұл элемент, әдеттегідей, нормативтік құқықтық актінің қолданылу саласын заңнамалық тұрғыда нақтылау қажет болған жағдайда ғана қолданылады. Және қолданылу саласын ашу үшін преамбула жеткіліксіз болған жағдайда ғана. Мәселен, қажет болған жағдайда, бөлек нормада заң реттемейтін салаларды белгілеуге болады.

Сонымен қатар аталмыш бөлім тиісті саладағы қоғамдық қатынастарды құқықтық реттеудің негізгі қағидаттарының сипаттамасын да қамтуы мүмкін. Әдетте, мұндай элемент кодекстерде және шоғырландырылған заңдарда кездеседі, бірақ қажет болған жағдайда, жай заңға да енгізілуі мүмкін, егер заң белгілі бір саланы реттейтін болса. Бір саладағы қоғамдық қатынастарды реттейтін негізгі заңдар мен кодекстердегі қағидаттарды түрлі заңдардың қайталауына жол берілмейді. Дегенмен, бұл іс жүзінде кездеседі және заңды техника қағидаларының бұзылуы болып табылады.

**Құқықтық нұсқамалар** нормативтік құқықтық актінің негізгі бөлігі болып табылады. Барлық қалған құрылымдық элементтер белгілі бір дәрежеде осы бөлікке негізделген. Құқықтық нұсқамалар құқықтық қатынастар субъектілеріне белгілі бір әрекет (әрекетсіздік) жасауға қатысты талаптар қамтуы немесе белгілі бір жүріп-тұру үлгісін көздеуі мүмкін.

Жекелеген нормативтік құқықтық актілерде (мәселен, кодекстерде) бекітілген нұсқамаларды орындамағаны үшін санкциялар көздеу қажет.

Нормативтік құқықтық актінің ең соңында **өтпелі және қорытынды ережелер** баяндалады. Бұл бөлімде нормативтік құқықтық актінің негізгі бөлімінде көрініс таба алмайтын қосымша ережелер, сондай-ақ нормативтік құқықтық актінің күшіне ену тәртібі көрсетіледі.

Нормативтік құқықтық актілерді әзірлеу кезіндегі заңды техника мазмұнының ең негізгі талаптарының бірі нормативтік құқықтық актілер мәтіндерінің бірыңғай жазылу стилін сақтау болып табылады. Бұл талап нормативтік құқықтық акт мәтінінің бірыңғай мағыналық мазмұны мен бірегейлігін қамтамасыз етуге бағытталған.

Сонымен бірге іс жүзінде заңды техника қағидаларын бұзушылықтардың ішіндегі ең кеңінен тараған түрі ретінде нормативтік құқықтық актінің жазылу стиліне қойылатын талаптардың сақталмауы мен қисынды жүйенің болмауын келтіруге болатындығын атап өтеміз. Осы орайда нормативтік құқықтық акт жобасын әзірлеу мен тексеру кезінде ең бірінші кезекте заңның қисынын, стилі мен тілін қадағалау қажет.

Нормативтік құқықтық актілер мәтіндерінің мазмұны мен жазылу стиліне қойылатын талаптар «Құқықтық актілер туралы» ҚР заңының 24-бабында келтірілген. Дегенмен, аталмыш нормада белгіленген тізбе түпкілікті болып табылмайды. Заңнамалық актілерді ресімдеуге қатысты қалыптасқан тәжірибеге және заңды техниканың жалпы ережелеріне сәйкес нормативтік құқықтық актінің стиліне, қисыны мен тіліне қатысты мынадай талаптарды бөліп қарастыруға болады.

1. Нормативтік құқықтық акт мазмұны реттеушілік сипатқа ие болуы керек. Бұл дегеніміз, нормативтік құқықтық актінің мақсаты қоғамдық қатынастарды реттеуге, ал нормативтік құқықтық актінің өзі белгілі бір әрекеттерді (әрекетсіздікті)

жасауға қатысты нормативтік нұсқамаларды қамтуға тиіс екендігін білдіреді.

Бұл ретте, нормативтік құқықтық актінің мәтінінде мағыналық және құқықтық жүктемесі жоқ декларативтік сипаттағы ережелер қамтылмауға тиіс. Бұл талап декларативтік сипаттағы нормаларды қамтуы мүмкін Конституцияға қатысты қолданылмайды, себебі олар мемлекеттің заңнамалық жүйесінің жалпы бастауларын белгілейді.

2. Заңнамалық актілердегі нормативтік нұсқамалар не қоғамдық қатынастардың барлық қатысушыларына, не жекелеген қатысушылар санаттарына арналған, нақты адамдарға арналмаған. Бұл ретте, заңнамалық актілердегі нұсқамалар созылмалы сипатқа ие.

Нормативтік құқықтық актілердегі тапсырмалар мемлекеттік органдарға не қажет болғанда олардың басшыларына жолдануға тиіс.

Тапсырма беруші тұлғаға бағынысты емес мемлекеттік органдарға қатысты, нормативтік құқықтық актілердегі тапсырмалар ұсынымдық нысанда не олармен келісім бойынша жазылуға тиіс. Соңғы жағдайда мемлекеттік органның атауынан кейін «(келісім бойынша)» деген белгі көрсетіледі.

3. Нормативтік құқықтық акт мәтіні түсіну үшін қарапайым және мүмкіндігінше барынша ықшам болуға тиіс. Осы орайда нормативтік құқықтық акт ережелері барынша қысқа болуға, нақты және әртүрлі түсіндіруге жатпайтын мағынаны қамтуға тиіс. Дұрыс құрастырылмаған сөйлем норманың екі түрлі талқылануына, оның әртүрлі түсінілуіне әкеп соқтыруы мүмкін. Бұл нормативтік құқықтық актілердің мемлекеттік және орыс тілдеріндегі мәтіндерінің теңтүпнұсқалығына да қатысты. Екі тілдегі мәтіннің теңтүпнұсқалығына қатысты талаптың бұзылуы оны түсіндіру мен іс жүзінде оның қолданылуымен байланысты проблемаларға әкеп соғуы мүмкін.

Нормативтік құқықтық актінің мәтіні әдеби тіл нормалары, заң терминологиясы және заң техникасы сақтала отырып жазылады. Нормативтік құқықтық актіде грамматикалық немесе мағыналық қателіктер болмауға тиіс және өзі жазылған

тілдің сөйлеу мәдениетінің үлгісі болуға тиіс. Жазылған норманың мағынасын өзгертіп жіберуі мүмкін тыныс белгілер ережелерінің сақталуына ерекше назар аударған жөн. Сондықтан ескірген және көп мағыналы сөздер мен сөз орамдарын, эпитеттерді, метафораларды қолдануға, сөздерді қысқартуға жол берілмейді.

Нормативтік құқықтық актінің құрылымдық элементінде жазылған құқық нормасы нақ осы актінің басқа құрылымдық элементтерінде қайталап жазылмайды.

Нормативтік құқықтық акт мәтінінің қарапайым және ықшам болуын қамтамасыз ету мақсатында нормативтік құқықтық акт мәтінінің өзінде қысқартудың не аббревиатураның мағынасын таратып жаза отырып, мемлекеттік органдардың және өзге де ұйымдардың атауларын қысқартуға жол беріледі.

4. Нормативтік құқықтық актіде қолданылатын тұжырымдар барынша ресми сипатқа ие болуға тиіс. Құқықтық нормалардың түсіндірме немесе пікір нысанында жазылуына жол берілмейді. Норма сипатына (императивті немесе диспозитивті) қарамастан, оның жазылу стилі бұйрықты сипатта болуға тиіс.

5. Нормативтік құқықтық актінің мәтіні бірыңғай қаріппен басылуға тиіс. («Құқықтық акт туралы» ҚР заңының 24-б. 2-т.). Нормативтік құқықтық актілердің мәтінінде абзацтарды сызықшалармен немесе өзге де белгілермен белгілеуге, жекелеген сөздер мен сөз тіркестерін бөліп көрсетуге және астын сызуға жол берілмейді. Ресімдеу қағидаларын бұзу *«заңның бір бөлігі басқа бөліктеріне қарағанда басым заңды күшке ие дегендей жалған көзқарас қалыптастыруы мүмкін»*.<sup>6</sup>

6. Белгіленген нұсқамалардың бірыңғай түсінілуі мен қолданылуын қамтамасыз ету қажет. Өзге мәнмәтінде талқылануы немесе басқа мағынада түсінілуі ықтимал сөйлем мүшелерін қолдануға болмайды. Мысалы, сақталуы бойынша қатаң міндеттемені көздемейтін диспозитивті нормаларды

---

<sup>6</sup> Иоффе О.С. Гражданское законодательство Республики Казахстан. Размышления о праве. Научное издание – Астана: Институт законодательства Республики Казахстан, 2002. – 72 с. – с.37.

қоспағанда, «мүмкін», «әдетте», «мақсатқа сай» және т.б. сөздерді қолданбаған жөн.

Сол себепті нормалар мағыналық жүктемесі жоқ артық сөздер мен терминологиялық конструкциялардың қолданылуына жол бермеу арқылы барынша қысқа жазылуға тиіс. Бұл талаптың бұзылуы норманың түсінілуін тежейді және оны әртүрлі түсіндіруге мүмкіндік береді.

#### **IV. ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ КОДЕКСТЕРІ ЖОБАЛАРЫН РЕСІМДЕУ**

Заңның 1-бабы 11) тармақшасына сәйкес аса маңызды біртектес қоғамдық қатынастарды реттейтін, құқық нормалары біріктірілген және жүйеленген заң кодексі болып табылады.

Өз кезегінде, кодекстерде реттелетін маңызды біртектес қоғамдық қатынастар тізбесі Заңның 8-бабында толық айқындалған.

Атап айтқанда, оларға мынадай:

1) бюджеттік; 2) азаматтық; 3) азаматтық процестік; 4) неке-отбасы;  
5) экологиялық; 6) су; 7) жер; 8) орман; 9) салық; 10) кедендік;  
11) еңбек;  
12) қылмыстық жазаларды орындаумен байланысты;  
13) әкімшілік жауапкершілік қатарымен байланысты; 14) қылмыстық жауаптылық қатарымен байланысты; 15) қылмыстық-процестік; 16) денсаулық сақтау саласындағы; 17) кәсіпкерлік саласындағы; 18) жер қойнауы және жер қойнауын пайдалану саласындағы қатынастар жатқызылады.

Бүгінгі күні республикада мынадай Кодекстер қабылданды және қолданылады:

1. 2017 жылғы 27 желтоқсандағы «Жер қойнауы және жер қойнауын пайдалану туралы» Қазақстан Республикасының Кодексі;

2. 2017 жылғы 26 желтоқсандағы «Қазақстан Республикасындағы кедендік реттеу туралы» Қазақстан Республикасының Кодексі;

3. 2017 жылғы 25 желтоқсандағы «Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы» (Салық кодексі) Қазақстан Республикасының Кодексі;

4. 2015 жылғы 23 қарашадағы № 414-V ҚРЗ Қазақстан Республикасының Еңбек кодексі;

5. 2015 жылғы 31 қазандағы № 377-V ҚРЗ Қазақстан Республикасының Азаматтық процестік кодексі;



6. 2015 жылғы 29 қазандағы № 375-V ҚРЗ Қазақстан Республикасының Кәсіпкерлік кодексі;

7. 2014 жылғы 5 шілдедегі № 234-V ҚРЗ Қазақстан Республикасының Қылмыстық-атқару кодексі;

8. 2014 жылғы 5 шілдедегі № 235-V ҚРЗ «Әкімшілік құқық бұзушылық туралы» Қазақстан Республикасының Кодексі;

9. 2014 жылғы 4 шілдедегі № 231-V ҚРЗ Қазақстан Республикасының Қылмыстық-процестік кодексі;

10. 2014 жылғы 3 шілдедегі № 226-V ҚРЗ Қазақстан Республикасының Қылмыстық кодексі;

11. 2011 жылғы 26 желтоқсандағы № 518-IV «Неке (ерлі-зайыптылық) және отбасы туралы» Қазақстан Республикасының Кодексі;

12. 2009 жылғы 18 қыркүйектегі № 193-IV «Халық денсаулығы және денсаулық сақтау жүйесі туралы» Қазақстан Республикасының Кодексі;

13. 2008 жылғы 4 желтоқсандағы №95-IV Қазақстан Республикасының Бюджет кодексі;

14. 2007 жылғы 9 қаңтардағы №212 Қазақстан Республикасының Экологиялық кодексі;

15. 2003 жылғы 9 шілдедегі № 481 Қазақстан Республикасының Су кодексі;

16. 2003 жылғы 8 шілдедегі №477 Қазақстан Республикасының Орман кодексі;

17. 2003 жылғы 20 маусымдағы № 442 Қазақстан Республикасының Жер кодексі;

18. 1994 жылғы 27 желтоқсандағы № 268-XIII Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексі (Жалпы бөлім);

1999 жылғы 1 шілдедегі № 409 Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексі (Ерекше бөлім) Қазақстан Республикасының Кодексі;

19. 1997 жылғы 13 желтоқсандағы № 208 Қазақстан Республикасының Қылмыстық-атқару кодексі.

### **Заңнаманы кодификациялау арқылы жүйелеу**

Жүйелеу тәсілі ретінде кодификациялаудың өзіндік бай тарихы бар және ол аса маңызды біртекті қоғамдық

қатынастарды біріктірумен ғана емес, сонымен қатар құқықтық нормаларды елеулі сипатта сыртай және іштейқайта пысықтаумен де ерекшеленеді.

Тұтастай алғанда құқық теориясында мұны жалпыға бірдей, салалық және арнайы кодификациялау деп топтайды.

Бұл орайда **жалпыға бірдей кодификациялау** деп заңнаманың негізгі салалары бойынша жинақталған кодификацияланған актілерді жасауды айтады. Заңдарды бұлайша жинақтау заңнаманың барлық саласындағы құқықтың негізгі нормаларын біріктіреді. Қазақстанның қолданыстағы заңнамасында жалпыға бірдей кодификациялаудың үлгісі жоқ. Әйтсе де кодификациялаудың мұндай түріне жақындайтын тарихи мысал 17 ғасырда әзірленген Тәуке ханның «Жеті жарғысы» болып табылады.

Осы кодификацияланған актіде:

- Жайылым мен суаттар жөніндегі дауларды шешудің тәртібін регламенттейтін Жер заңы;

- Некеге отыру мен оны бұзудың, жұбайлардың құқықтары мен міндеттерін, сондай-ақ отбасы мүшелерінің мүліктік құқығының мәселелерін реттейтін Отбасы-неке заңы;

- Жесірлер мен жетімдердің мүліктік және жеке мүліктік емес құқықтарын, сондай-ақ қайтыс болған адамның қауымы мен туыстарының оған қатыстылығы тұрғысынан міндеттерін айқындайтын Жесірлер туралы заң;

- Әскери міндеттілік шарттарын, әскери құрылымдарды құру мен әскербасыларын сайлау тәртібін көздейтін Әскери соғыс заңы;

- Сот талқылауын өткізу тәртібін белгілейтін Сот процесі туралы ереже;

- Қылмыс жасағаны (адам өлтіруді қоспағанда) үшін жазалау жиынтығы болып табылған Қылмыс заңы;

Адам өлтіру мен денеге ауыр жарақат салған қылмыс жасаған үшін өз кезегінде жаза тағайындайтын Құн туралы заңы<sup>7</sup> қамтылды.

---

<sup>7</sup>Қазақстан мемлекеті мен құқығының тарихы. Лекциялар курсы/Қайта өңделіп, толықтырылған 3-ші басылымы. - Қарағанды: «Учебная книга» ЖШС, 2005. – 112-бет.

Қазіргі заманға неғұрлым таяу мезгілдегі тарихи мысалға КСРО заңдарының жинағын<sup>8</sup> жатқызуға болады. КСРО заңдарының жинағын әзірлеу мен шығару туралы шешім 1976 жылы қабылданған болатын. Жинаққа үкіметтің жалпыға міндетті барлық заңдары мен қаулылары енгізілуге тиіс болды. Жинақты әзірлеу мәселесі аяқталмай қалды.

Құқықтың белгілі бір саласының нормаларын біріктіруді көздейтін **Салалық кодификациялау** неғұрлым кең таралған практика болып табылды. Аталған қағидат бойынша Қазақстанның қолданыстағы кодификацияланған актілерінің көпшілігі әзірленіп жасалды. Мысалы, ҚР Қылмыстық кодексі, ҚР Азаматтық кодексі, ҚР Экологиялық кодексі, ҚР Жер кодексі, ҚР Еңбек кодексі және т. б.

Өз кезегінде **арнайы кодификациялау** белгілі бір немесе бірнеше құқық институттарының нормаларын біріктіреді. Арнайы кодификациялауға мысал ретінде ҚР Су кодексін, ҚР Орман кодексін айтуға болады.

### **Кодекс құрылымдарының ерекшеліктері**

Кодификацияланған актілердің құрылымдық ерекшеліктері туралы мәселені қарастыра келгенде, әдетте кодекстер тарихи жағынан қалыптасқан екі модельдің – қалыптасқан пандектілік және институционалдық модельдердің негізінде әзірленіп, жасалынатынын атап өткен жөн.

Кодификацияланған актілердің **пандектілік жүйесі** жалпы және ерекше бөліктерге бөлінумен сипатталады. Бұл ретте жалпы бөлік жалпылама тұжырымдамалардың, тұрақтылықтың жоғары дәрежесімен сипатталатын бастапқы құқықтық ережелерді қамтиды және ерекше бөліктің нормаларын іске асырудың құқықтық негізін салады. Әдетте кодификацияланған актінің жалпы бөлігіне құқықтық реттеудің, презумпцияның, преюдицияның міндеттері, қағидаттары қамтылады және т. б.

---

<sup>8</sup>КСРО заңдарының жинағы. 11Том / КСРО Жоғары Кеңесінің Төралқасы. КСРО Министрлер Кеңесі - М.: Известия, 1986. –336-бет.

Ерекше бөлімде ықтимал және тиісті әрекет-қылыққа шара белгілеу арқылы нақты құқықтық институттарды регламенттеуші нормалар, сондай-ақ құқық нормаларын бұзу нәтижесінде туындайтын теріс салдардың түрлері мен шаралары қамтылады.

Пандектілік жүйесі қолданыстағы көптеген кодификацияланған актілерде өз қолданысын тапты, атап айтқанда, жалпы және ерекше бөліктерге бөлінумен мыналар сипатталады: ҚР Азаматтық кодексі, ҚР Еңбек кодексі, ҚР Азаматтық процесілік кодексі, ҚР Қылмыстық-атқару кодексі, ҚР «Әкімшілік құқық бұзушылық туралы» кодексі, ҚР Қылмыстық-процесілік кодексі, ҚР Қылмыстық кодексі, ҚР «Неке (ерлі-зайыптылық) және отбасы туралы» кодексі, ҚР «Қазақстан Республикасындағы кеден істері туралы» кодексі, ҚР «Халық денсаулығы және денсаулық сақтау жүйесі туралы» кодексі, ҚР «Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы» кодексі (Салық кодексі) ҚР Бюджет кодексі, ҚР Экологиялық кодексі, ҚР Су кодексі.

Пандектілік жүйесіне қарағанда кодификацияланған актілердің **институционалдық жүйесі** жалпы және ерекше бөліктерге жіктелмейді. Әдетте жалпы бөліктің орнына заңдарды жариялау, олардың күші және қолданылуы туралы қысқаша Кіріспе титулы (жалпы ережелер) болады. Бұл ретте жалпы сипаттағы нормалар нақты институтты реттейтін әрбір кітапта (бөлімде, тарауда) қамтылады.

Бұл жүйеге өзінің құрылымы жағынан ҚР Кәсіпкерлік кодексі, ҚР Орман кодексі, ҚР Жер кодексі ыңғайлас келеді.

### **Кодекс құрылымына қойылатын талаптар**

1. Кодекс, әдетте, көптеген құрылымдық элементтерден тұратын көлемді құжат болып табылады. Осыған байланысты нормативтік құқықтық актінің мәтіні бойынша ізденім жасаудың қолайлы болуы үшін оған мазмұн енгізіледі.

Заңның 23-бабының 10-тармағына сәйкес мазмұн кодекстің құрылымына кіреді. Баптың тақырыбына өзгерістер және (немесе) толықтырулар енгізу кезінде, сондай-ақ кодексті баптармен толқтыру немесе кодекстен баптарды алып тастаған

кезде мазмұнға тиісінше өзгерістер және (немесе) толықтырулар енгізу қажет екенін айта кеткен жөн.

2. Көлемі ауқымды нормативтік құқықтық актілердің жалпы тәртібі бойынша мазмұны жағынан жақын баптары (тармақтарды) тарауларға, ал бөлімдері нормативтік құқықтық актінің бөліктеріне біріктірілуі мүмкін. Көлемі жағынан үлкен тараулар мен бөлімдерде параграфтар және кіші бөлімдер бөлініп көрсетілуі мүмкін.

Мұндай құрылымдық элементтер өз кезегінде тиісінше «тарау», «параграф», «бөлім», «кіші бөлім» деген сөздермен белгіленеді.

Бұл ретте кодекстерде ішкі құрылымның басқа да белгіленімдері қолданыла алады (Заңның 23-бабының 2-тармағы).

3. Пайдалануға ыңғайлы болуы үшін әрбір бапқа, тарауға, бөлімге, бөлікке, сондай-ақ тараудың параграфына және кодекс бөлімінің кіші бөліміне кодекстің, сол сияқты тиісті құрылымдық элементтің (баптың, тараудың, бөліктің, бөлімнің, кіші бөлімнің және параграфтың) құқықтық реттеу нысаны ескеріле отырып, атау беріледі.

Кодекс бөліктерінің, бөлімдерінің, кіші бөлімдерінің, тарауларының және параграфтарының тақырыптары алдыңғы мәтіннен – екі, ал келесі мәтіннен бір жоларалық интервалмен бөлінеді (Заңның 23-бабының 9- тармағы).

4. Кодекс, әдетте, «бөлік» деген сөзбен аталмайтын бөліктерге бөлінетін баптардан тұрады, бөліктерде тармақтар немесе тармақшалар қамтылады. Кейбір кодекстерде баптар тармақшалары бар тармақтарға бөлінеді. Тұтастай алғанда, қолданыстағы кодекстерге қатысты құрылымдық элементтерді белгілеуде әртүрлі ұстанымдар пайдаланылғанын атап өткен жөн. Құрылымдық элементтер атауының осындай әртүрлілігін неғұрлым көрінекі түрде көру үшін бұл 1-кестеде ұсынылып отыр.

## 1-кесте

Кодекс атауы	Баптың құрылымдық элементтерінің төмен реттілікпен берілген атауы
2017 жылғы 25 желтоқсандағы «Жер және жер қойнауын пайдалану туралы» Қазақстан Республикасының кодексі	Тармақтар >Тармақшалар
2017 жылғы 26 желтоқсандағы «Қазақстан Республикасында кедендік реттеу туралы» Қазақстан Республикасының кодексі	Тармақтар >Тармақшалар
2017 жылғы 25 желтоқсандағы «Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы» Қазақстан Республикасының кодексі	Тармақтар >Тармақшалар
2015 жылғы 23 қарашадағы № 414-V ҚРЗ Қазақстан Республикасының Еңбек кодексі	Тармақтар >Тармақшалар
2015 жылғы 3 қазандағы № 377-V ҚРЗ Қазақстан Республикасының Азаматтық-процестік кодексі	Части > Подпункты
2015 жылғы 29 қазандағы № 375-V ҚРЗ Қазақстан Республикасының Кәсіпкерлік кодексі	Тармақтар >Тармақшалар
2014 жылғы 5 шілдедегі № 234-V ҚРЗ Қазақстан Республикасының Қылмыстық-атқару кодексі	Бөліктер >Тармақшалар
2014 жылғы 5 шілдедегі № 235-V ҚРЗ «Әкімшілік құқық бұзушылық туралы» Қазақстан Республикасының кодексі	Бөліктер >Тармақшалар
2014 жылғы 4 шілдедегі № 231-V	Бөліктер >Тармақтар

ҚРЗҚазақстан Республикасының Қылмыстық-процестік кодексі	
2014жылғы3шілдедегі№ 226-V ҚРЗҚазақстан Республикасының Қылмыстық кодексі	Бөліктер>Тармақтар
2011 жылғы26 желтоқсандағы № 518-IV ҚРЗ«Неке (ерлі-зайыптылық) және отбасы туралы» Қазақстан Республикасының кодексі	Тармақтар >Тармақшалар
2009 жылғы 18 қыркүйектегі № 193-IV ҚРЗ«Халық денсаулығы және денсаулық сақтау жүйесі туралы» Қазақстан Республикасының кодексі	Тармақтар >Тармақшалар
2008 жылғы4 желтоқсандағы № 95-IV ҚРЗҚазақстан Республикасының Бюджет кодексі	Тармақтар >Тармақшалар
2007 жылғы9қаңтардағы № 212 Қазақстан Республикасының Экологиялық кодексі	Тармақтар >Тармақшалар
2003 жылғы9шілдедегі № 481 Қазақстан Республикасының Су кодексі	Тармақтар >Тармақшалар
2003 жылғы8шілдедегі № 477 Қазақстан Республикасының Орман кодексі	Тармақтар >Тармақшалар
2003 жылғы20 маусымдағы № 472 Қазақстан Республикасының Жер кодексі	Тармақтар >Тармақшалар
1994 жылғы27 желтоқсандағы № 268-ХІІІ Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексі (Жалпы бөлім);	Тармақтар >Тармақшалар
1999 жылғы1 шілдедегі № 409 Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексі (Ерекше бөлім)	

Сонымен, пандектілік жүйесі үшін «бөліктер-тармақтар/тармақшалар» деп бөлу көбірек тән, ал институционалдық жүйесі үшін «тармақтар-тармақшалар» деп бөлу тән екендігі туралы қорытынды жасауға болады. Қазақстан Республикасында қабылданған барлық жаңа кодекстердің құрылымдық элементтердің «тармақтар-тармақшалар» деп бөлінуін ұстануы бұл ретте басқа үрдіс болып табылады. Осыған байланысты әзірленетін кодекстердің біркелкі болуы үшін құрылымдық элементтердің «тармақтар-тармақшалар» деп аталуын ұстану ұсынылады. Бұл ретте «бөліктер-тармақтар/тармақшалар» аталымын процестік кодекстерді, Қылмыстық кодексті, Қылмыстық-атқару кодексін, «Әкімшілік құқық бұзушылық туралы» Қазақстан Республикасының кодексін әзірлеуде ғана қолдануға болады.

5.Баптың құрылымдық элементтері араб цифрларымен нөмірленеді.

6. Кодекс бабының, тармағы мен тармақшасының ішінде бөлік – қисынды аяқталған, абзац арқылы бөлініп көрсетілген, бас әріптен басталатын құқықтың жеке нормасы болуы мүмкін.


**Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексі**  
**(Жалпы бөлім)**

19-бап. Азаматтардың кәсіпкерлік қызметі  
...

5. Егер дара кәсіпкер лицензиялануға жататын қызметті жүзеге асырса, оның осындай қызметті жүзеге асыру құқығына лицензиясы болуы міндетті.

Лицензия Қазақстан Республикасының рұқсаттар және хабарламалар туралы заңнамасында белгіленген тәртіппен беріледі.

Қазақстан Республикасының Үкіметі дара кәсіпкерлерге лицензиялар берудің оңайлатылған тәртібін белгілеуге құқылы.





Егер тармақшада бірнеше бөлік болса, тармақшаның бірінші бөлігі кіші әріптен басталады.

7. Баптың құрылымдық элементінің мәтінде абзацтың да бөліп көрсетілуі мүмкін. Бөліктің бас әріппен басталатын бірінші абзацын қоспағанда, мәтіннің кіші әріптен басталатын, бірінші жолда абзац арқылы бөлініп көрсетілетін және мағыналық біртұтастықты білдіретін бөлігі абзац деп есептеледі. Абзацтар (бөліктің бірінші және соңғы абзацтарынан басқасы) нүктелі үтірмен аяқталады (Заңның 23-бабының 1-тармағы).

**Қазақстан Республикасының  
Қылмыстық-атқару кодексі**

42-бап. Еңбекпен түзеу жұмыстары түріндегі жазаны өтеудің тәртібі мен шарттарын бұзғаны үшін және жазаны өтеуден қасақана жалтарғаны үшін жауаптылық

**1. Түзеу жұмыстары түріндегі жазаны өтеудің тәртібі мен ережелерін бұзу мыналар болып табылады:**

- жазбаша ескертуден кейін дәлелді себептерсіз қылмыстық-атқару инспекциясына келмеу;
- жазбаша ескертуден кейін осы Кодексте белгіленген міндеттерді бұзу;
- жұмысқа келмеуі немесе мас күйінде немесе нашақорлық не уытқұмарлық масаң күйде келу.

...

...

Б  
Ө  
Л  
І  
К

А  
Б  
З  
А  
Ц  
Т  
А  
Р

8. Сондай-ақ нормативтік құқықтық актінің құрылымдық элементі тиісті нұсқауларды нормативтік құқықтық актінің мәтінінде құқық нормасының мәніне нұқсан келтірмей жазу мүмкін болмаған кезде ескертпемен толықтырылуы мүмкін (Заңның 23-бабының 8-тармағы).

**Қазақстан Республикасының Қылмыстық-атқару кодексі**

**69-бап. Түзеу мекемелерінің түрлері**

...

9. Тәрбиелеу колонияларында бас бостандығынан айыруға сотталған кәмелетке толмағандар, сондай-ақ жиырма жасқа жеткенге дейін тәрбиелеу колонияларында қалдырылған сотталғандар жазасын өтейді.

**Ескерту.** Осы Кодекстің баптарында құлыпталатын үй-жайлар деп онда болуы жазалау шараларына байланысты емес, алты адамға дейін бас бостандығынан айыруға сотталғандарды ұстауға арналған камера, құлыпқа жабылған үй-жай түсініледі.

9. Нормативтік құқықтық актінің құрылымына қосымшалар енгізілуі мүмкін. Айталық, мысалы, ҚР Қылмыстық-атқару кодексінің құрылымына сот үкімімен тәркілеуге жатпайтын мүліктің тізбесі көрсетіле отырып, қосымша енгізілген.

## V. ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ЗАҢЫНЫҢ ЖОБАСЫН РЕСІМДЕУ

Мәселен, Заңның 17-бабына сәйкес Президент Әкімшілігі, Үкімет, өзге де мемлекеттік органдар – Қазақстан Республикасы Президентінің тапсырмасы немесе Қазақстан Республикасы Президентінің тапсырмасына негізделген Қазақстан Республикасы Президенті Әкімшілігі Басшысының тапсырмасы бойынша, олармен келісу бойынша – ұйымдар мен азаматтар Қазақстан Республикасы Президентінің заң шығару бастамасы тәртібімен Қазақстан Республикасы Парламентінің Мәжілісіне енгізілетін заңнамалық актілер жобаларының әзірлеушілері бола алады.

Парламент депутаттары Қазақстан Республикасы Парламенті депутаттарының заң шығару бастамасы тәртібімен дайындалатын заңнамалық актілер жобаларының әзірлеушілері болып табылады. Орталық мемлекеттік органдар Қазақстан Республикасы Үкіметінің заң шығару бастамасы тәртібімен дайындалатын заңнамалық актілер жобаларының әзірлеушілері болып табылады.

### Нормативтік құқықтық актінің құрылымы (ҚА туралы заң)

1. Құқық нормаларын қамтитын абзац, бөлік, тармақша, тармақ және бап нормативтік құқықтық актінің негізгі құрылымдық элементтері болып табылады.

Нормативтік құқықтық акт бабының, тармағы мен тармақшасының ішінде бөлік – қисынды аяқталған, абзац арқылы бөлініп көрсетілген, бас әріптен басталатын құқықтың жеке нормасы болуы мүмкін. Егер тармақшада бірнеше **бөлік** болса, тармақшаның бірінші бөлігі кіші әріптен басталады.

Бөліктің бас әріппен басталатын бірінші абзацын қоспағанда, мәтіннің кіші әріптен басталатын, бірінші жолда абзац арқылы бөлініп көрсетілетін және мағыналық біртұтастықты білдіретін бөлігі **абзац** деп есептеледі. Абзацтар (бөліктің бірінші және соңғы абзацтарынан басқасы) нүктелі үтірмен аяқталады.

Заңнамалық актілер, әдетте, «бап» деген атауы бар баптардан тұрады, олар бөлікті, тармақты, тармақшаны және абзацты қамтуы мүмкін.

2. Көлемі ауқымды нормативтік құқықтық актілердің мазмұны жағынан жақын баптары (тармақтары) **тарауларға** біріктірілуі мүмкін. Мазмұны жағынан жақын бірнеше тарау – **бөлімдерге**, ал бөлімдер нормативтік құқықтық актінің бөліктеріне біріктірілуі мүмкін. Көлемі жағынан үлкен тараулар мен бөлімдерде тиісінше **параграфтар** және кіші бөлімдер бөлініп көрсетілуі мүмкін. Кодекстерде ішкі құрылымның басқа да белгілемелері пайдаланылуы мүмкін.

Нормативтік құқықтық актілердегі тарау, параграф, бөлім, кіші бөлім тиісінше «тарау», «параграф», «бөлім», «кіші бөлім» деген сөздермен белгіленеді.

*Мысалы:*

**4-БӨЛІМ. МЕМЛЕКЕТТІҢ МҮЛІКТІК ҚҰҚЫҒЫНЫҢ ТОҚТАТЫЛУЫ**

**10-тарау. МЕМЛЕКЕТТІК МҮЛІКТІ ИЕЛІКТЕН ШЫҒАРУ**

**1-параграф. Жалпы ережелер**

**93-бап.** Мемлекеттік мүлікті иеліктен шығару субъектілері


**94-бап.** Мемлекеттік мүлікті иеліктен шығарудың түрлері

**2-параграф. Мемлекеттік мүлікті жекешелендіру**

3. Нормативтік құқықтық актінің әрбір тармағы, бабы, параграфы, тарауы, кіші бөлімі және бөлімі араб цифрларымен нөмірленеді. Нормативтік құқықтық акт баптарының, тарауларының, бөлімдерінің және бөліктерінің нөмірленуі тұтас болып табылады. Нормативтік құқықтық актінің әрбір тарауындағы параграфтардың нөмірленуі және әрбір бөліміндегі кіші бөлімдердің нөмірленуі дербес болып табылады.

4. Нормативтік құқықтық актілердің тармақтарындағы (баптарындағы) тармақшаларының, баптарындағы тармақтардың, сондай-ақ жекелеген кодекстер баптарындағы бөліктердің нөмірленуі әрбір бап үшін дербес болады. Тармақтардағы тармақшалардың нөмірленуі араб цифрларымен жақша арқылы мынадай түрде белгіленеді: 1), 2), 3) және одан әрі қарай.

Мысалы:



5. Заңды қабылдаудың мақсаты мен оның алдында тұрған негізгі міндеттерді түсіндіру қажет болған жағдайларда құқық нормаларын баяндаудың алдында кіріспе бөлігі (кіріспе) болады.

Кіріспе бөлік (кіріспе) Қазақстан Республикасының заңнамалық актілеріне өзгерістер және (немесе) толықтырулар енгізу туралы заң жобаларында жазылмайды.

6. Нормативтік құқықтық актіде пайдаланылатын терминдер мен анықтамаларды нақтылау қажет болғанда, онда олардың мәніне түсіндірмеберетін (түсіндіретін) бап (тармақ) болады. **Қазақ тіліндегі нормативтік құқықтық актідегі терминдер мен анықтамалар әліпбилік ретпен орналастырылады.** Орыс тіліндегі терминдер мен анықтамалар қазақ тілінде жазылған ретке сәйкес болуға тиіс.

Заңда пайдаланылатын терминдер мен анықтамалар біртектес қоғамдық қатынастарды реттейтін жоғары тұрған нормативтік құқықтық актіде қолданылатын терминдер мен анықтамаларға сәйкес келуге тиіс.

7. Нормативтік құқықтық актінің құрылымдық элементі тиісті нұсқауларды нормативтік құқықтық актінің мәтінінде құқық нормасының мәніне нұқсан келтірмей жазу мүмкін болмаған кезде ескертпемен толықтырылуы мүмкін.

8. Пайдалануға ыңғайлы болу үшін нормативтік құқықтық актінің әрбір бабының, тарауының, бөлімінің, бөлігінің, сондай-ақ тарауының параграфы мен бөлімінің кіші бөлімінің тақырыптары болуға тиіс.

Бұл талап республикалық бюджет туралы заңға және заңнамалық актілерге өзгерістер және (немесе) толықтырулар енгізу туралы заңнамалық актілердің баптарына қолданылмайды.

Нормативтік құқықтық акт бөліктерінің, бөлімдерінің, кіші бөлімдерінің, тарауларының және параграфтарының тақырыптары алдыңғы мәтіннен – екі, ал келесі мәтіннен бір жоларалық интервалмен бөлінеді.

Заңның, оның бабының, тарауының, бөлігінің, бөлімінің, кіші бөлімінің және параграфының тақырыбы нормативтік

құқықтық актінің өзінің, сондай-ақ тиісті бабының, тарауының, бөлігінің, бөлімінің, кіші бөлімінің және параграфының реттеу нысанасын көрсетуге тиіс.

9. Нормативтік құқықтық актінің құрылымына қосымшалар енгізілуі мүмкін.

### **Нормативтік құқықтық акт мәтінінің мазмұнына және жазылу стиліне қойылатын талаптар**

1. Мемлекеттік органдардың қоғамдық қатынастарды мемлекеттік реттеу саласындағы құзыреті, функциялары мен міндеттері нормативтік құқықтық актілерде Қазақстан Республикасының әкімшілік рәсімдер туралы заңнамасына сәйкес мемлекеттік басқару деңгейі бойынша аражігі нақты ажыратылып белгіленуге тиіс.

Мемлекеттік органдардың типтік функцияларын айқындау жөніндегі әдістемелік ұсынымдарды Қазақстан Республикасының Үкіметі қабылдайды.

2. Нормативтік құқықтық актінің мәтіні бірыңғай қаріппен басылуға тиіс.

3. Нормативтік құқықтық актінің мәтіні әдеби тіл нормалары, заң терминологиясы және заң техникасы сақтала отырып жазылады, оның ережелері барынша қысқа болуға, нақты мағынаны және әртүрлі түсіндіруге жатпайтын мағынаны қамтуға тиіс. Нормативтік құқықтық актінің мәтінінде мағыналық және құқықтық жүктемесі жоқ декларативтік сипаттағы ережелер қамтылмауға тиіс.

Ескірген және көп мағыналы сөздер мен сөз орамдарын, эпитеттерді, метафораларды қолдануға, сөздерді қысқартуға жол берілмейді. Нормативтік құқықтық актінің құрылымдық элементінде жазылған құқық нормасы нақ осы актінің басқа құрылымдық элементтерінде қайталап жазылмайды.

Қазақ және орыс тілдеріндегі нормативтік құқықтық актілердің мәтіндері теңтүпнұсқалы болуға тиіс.

4. Заңнамалық актіде құқықтық реттеудің негізгі қағидаттары, оның мәтінінде пайдаланылатын негізгі ұғымдар, заңнамалық акт күшіне енгеннен кейін өзге нормативтік

құқықтық актілердің қолданылу тәртібі мен шарттары белгіленуі мүмкін.

Заңнамалық актінің өтпелі ережелерінде ол қолданысқа енгізілгенге дейін қатынастарды реттеу тәртібі көрсетіледі, жаңа құқық нормаларына ауысу мерзімдері мен тәсілдері белгіленеді.

Заңнамалық актінің қорытынды ережелерінде осы актіні қолданысқа енгізу туралы, бұрын шығарылған актінің күші жойылды деп тану туралы, оның күшін жою туралы нормалар бекітіледі. Осы актіні орындау және дамыту мақсатында қажет болғанда басқа да мемлекеттік органдардың актілерді шығаруы туралы талаптар белгіленеді.

Осы тармақта белгіленген талаптар Қазақстан Республикасы Парламентінің және оның Палаталарының қаулыларына қолданылмайды.

5. Нормативтік құқықтық актілердегі тапсырмалар мемлекеттік органдарға не қажет болғанда олардың басшыларына жолдануға тиіс.

Тапсырма беруші тұлғаға бағынысты емес мемлекеттік органдарға қатысты, нормативтік құқықтық актілердегі тапсырмалар ұсынымдық нысанда не олармен келісім бойынша жазылуға тиіс. Соңғы жағдайда мемлекеттік органның атауынан кейін «(келісім бойынша)» деген белгі көрсетіледі.

6. Нормативтік құқықтық актінің мәтінінде мемлекеттік органдардың және өзге де ұйымдардың атаулары ресми атауына сәйкес толық және бүкіл мәтін бойынша бірізді жазылады.

Нормативтік құқықтық акт мәтінінің қарапайым және ықшам болуын қамтамасыз ету мақсатында нормативтік құқықтық акт мәтінінің өзінде қысқартудың не аббревиатураның мағынасын таратып жаза отырып, мемлекеттік органдардың және өзге де ұйымдардың атауларын қысқартуға жол беріледі.

7. Нормативтік құқықтық актілердің мәтінінде абзацтарды сызықшалармен немесе өзге де белгілермен белгілеуге,



жекелеген сөздер мен сөз тіркестерін бөліп көрсетуге және астын сызуға жол берілмейді.

### **Нормативтік құқықтық актілерде сілтеме жасау және жазып келтіру**

1. Қажет болғанда нормативтік құқықтық актілерде жоғары тұрған нормативтік құқықтық актілердің құрылымдық элементтеріне сілтеме жасалуы, сондай-ақ жоғары тұрған нормативтік құқықтық актілерге сілтеме жасала отырып, осындай актілерден жекелеген құқық нормалары жазып келтірілуі мүмкін.

2. Нормативтік құқықтық актінің құрылымдық элементтерінде оның басқа құрылымдық элементтеріне сілтеме жасауға құқық нормаларының өзара байланысын көрсету не қайталауды болғызбау қажет болатын жағдайларда ғана жол беріледі.

3. Мәтін жолдарына және сөйлемдерге сілтеме жасау кезінде олардың нөмірленуі реттік сан есімдермен (жазумен) белгіленеді.

4. Нормативтік құқықтық актінің мәтінінде құрылымдық элементке сілтеме жасау оның реттік нөмірін жазумен немесе цифрлармен көрсету арқылы келтіріледі (оларды белгілеу үшін сын есімдерді пайдалануға жол берілмейді).

5. Нормативтік құқықтық актіге сілтеме жасау кезінде мынадай кезектілікпен осы нормативтік құқықтық актінің нысаны, қабылданған күні, тіркеу нөмірі және тақырыбы көрсетіледі.

Мемлекеттік тіркеуден өткен нормативтік құқықтық актіге сілтеме жасау кезінде оның Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде тіркелген нөмірі қосымша көрсетіледі.

Конституциялық заңды не заңды күші бар Қазақстан Республикасы Президентінің жарлықтарын қоспағанда, заңнамалық актілерге сілтеме жасау кезінде олардың тіркелген нөмірлерін көрсету талап етілмейді.

6. Егер нормативтік құқықтық актінің мәтінінде бір ғана нормативтік құқықтық актіге екі және одан да көп сілтеме

қатарынан келтірілсе, онда осы нормативтік құқықтық актінің толық тақырыбы оған кейіннен сілтеме жасала отырып, бір рет (мәтінде алғаш рет аталған кезде) көрсетіледі.

7. Егер нормативтік құқықтық актіде қосымшаларға сілтеме болса, онда нормативтік құқықтық актіге бір қосымша болатын жағдайларды қоспағанда, қосымшалардың нормативтік құқықтық актінің мәтінде олардың аталу реті бойынша берілетін нөмірлері көрсетіледі.

## **VI. ӨЗГЕРІСТЕР ЖӘНЕ ТОЛЫҚТЫРУЛАР ЕНГІЗУ НЕМЕСЕ БҰРЫН ҚАБЫЛДАНҒАН ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ЗАҢДАРЫНЫҢ КҮШІ ЖОЙЫЛДЫ ДЕП ТАҢУ ТУРАЛЫ ЗАҢ ЖОБАСЫН РЕСІМДЕУ**

Заңнамалық актілерге өзгерістер мен толықтырулар енгізу мемлекетіміздің құқықтық жүйесін жаңғыртудың табиғи процесі болып табылады. Нормативтік құқықтық актілерге түзетулер енгізу процесі құқықтық реттеу тәсілдерінің бірін білдіреді.

Өзгерістер мен толықтырулар енгізуге: қолданыстағы нормаларға түзету енгізудің өте қажеттілігі, нормативтік құқықтық актілерді жаңа нұсқамалармен және нормалармен толықтыру, бұрын қабылданған нормативтік құқықтық актілерде жіберілген заң техникасы қағидаларының бұзылуы, елімізде өткізілетін реформалар шеңберінде құқықтық жүйенің объективті сұранысы себеп болуы мүмкін.

Өзгеріс заңды жаңа редакцияда қабылдау және ескі заңды күші жойылды деп тануарқылы, сол сияқты қолданыстағы заңға және заңдарға өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы заң қабылдау арқылы енгізілуі мүмкін.

Қазақстан Республикасында, егер Қазақстан Республикасы заңнамалық актісінің әзірленіп жатқан жобасының, Қазақстан Республикасы Президентінің нормативтік құқықтық жарлығын, Қазақстан Республикасы Үкіметінің нормативтік құқықтық қаулысының құқық нормаларын іске асыру үшін бір немесе төмен тұрған деңгейдегі нормативтік құқықтық актілерге өзгерістер мен толықтырулар енгізу қажеттігі заңды түрде бекітілсе, онда нормативтік құқықтық актінің негізгі түрінің жобасымен акт жобалары көрсетілген өзгерістерімен және толықтыруларымен бір мезгілде әзірленуге тиіс.

Бұл ретте заңнамалық актілерге өзгерістер мен толықтырулар сондай заңды күші бар заңнамалық актімен енгізіледі. Осылайша кодекс пен заң – заңмен, конституциялық заң – конституциялық заңмен өзгертіледі және т.с.с. Басқа

заңды күші бар актілермен заңнамалық актілерге өзгерістер мен толықтырулар енгізуге жол берілмейді.

Кейінгі актілерге барынша қайшы келетін ескірген актілердің және олардың бөліктерінің заңнамада жиналып қалуы заңнаманың тиімділігін елеулі түрде төмендетеді. Жаңа заңнамалық актіні қабылдай отырып, егер бұрын қолданыста болған заңнамалық актілер жаңа құқықтық актіге енгізілген құқық нормаларына қайшы келетін болса немесе оларды қамтыса, заңнамалық актілерге өзгерістер мен толықтырулар енгізуді не оларды күші жойылды деп тануды қарастыру керек.

Егер ұзақ уақыт кезеңі ішінде енгізілген, заңның тұтас құрылымын бұзатын, оның қайта жариялануы (жаңа редакциясы) орынды саналатын өзгерістер мен толықтырулар саны заңда көп боп жиналса, бұл ретте заңнамалық актінің және оған өзгертулер мен толықтырулар енгізетін заңнамалық актілердің қолданыстағы редакциясын күші жойылды деп тану керек.

**«Заңның өзгеруі мен толықтырылуы»** деп заңнамалық актінің бастапқы нұсқасын мынадай нысанда:

- 1) норма мәтінінен сөздерді, цифрларды, құрылымдық бөліктерді және т.б. алып тастау;
- 2) сөздерді, терминдерді, цифрларды ауыстыру;
- 3) заңнамалық актінің сол немесе басқа құрылымдық бөлігін күші жойылды деп тану;
- 4) заңнамалық актінің қолданыстағы редакциясын жаңа нормамен толықтыру немесе қолданыстағысын нақтылау;
- 5) заңнамалық актінің қолданыстағы барлық редакциясын немесе оның жекелеген бөлігін өзгерту деп түсініледі.

Өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы заңдарды қабылдау объективті талаптарға жауап беруге тиіс. Бұған аса қажеттілік болмаған жағдайда, заңдарға өзгерістер енгізбеген дұрыс. Бұл ретте бірыңғай актіде заңдарға ұсынылатын және жоспарланатын барлық түзетулерде, егер реттеудің ұқсас нысанасы болатын болса, оларды біріктірген дұрыс. Түзетулер мен толықтырулар енгізу туралы заң жобаларын бір мезгілде

бөлек-бөлек дайындау заң шығармашылық процесте қайшылыққа және қателікке әкеп соғуы мүмкін.

Түзетулер мен толықтырулар енгізу туралы заң жобалары бұрын қабылданған заңдарға өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы ғана нұсқауды, ал құқық қатынастары субъектілерінің мінез-құлқына нұсқаманы қамтуға тиіс емес.

Түзетулер мен толықтырулар енгізу туралы заң жобаларына өзгерістер мен толықтырулар енгізбеген дұрыс, бұл құқықтық реттеудің тұрақтылығын болжайтын құқықтық айқындылық қағидатының бұзылуына әкелуі мүмкін<sup>9</sup>.

Заңның 26-бабының 3-тармағы *өзгерістер және толықтырулар енгізу туралы нормативтік құқықтық актімен қабылданған, бірақ қолданысқа енгізілмеген құқық нормасына өзгерістер мен толықтырулар енгізілген жағдайда, өзгерістер және толықтырулар енгізу туралы нормативтік құқықтық актіге өзгерістер мен толықтырулар енгізіледі* деген нұсқауды қамтиды. Бұл жаңа нормаларды қабылдау қажеттілігі жағдайында түзетулер мен толықтырулар енгізу туралы жаңа заң қабылдауды керек ететін ерекше жағдай.

Заңдарға өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы актілер жобаларын ресімдеу процесінің жаңа редакциядағы заң жобаларын ресімдеу талаптарынан елеулі айырмашылықтары бар. Өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы заңдар жобаларының мынадай ерекшеліктері бар:

1. Белгілі бір мәселе бойынша заңнамалық актілерге өзгерістер мен толықтырулар енгізілген жағдайда, заңның тақырыбында өзгерістер мен толықтырулар енгізілетін заңға сілтеме не реттеу тұрғысынан нұсқау қамтылуға тиіс.

2. Заңға немесе заңдарға өзгерістер мен толықтырулар енгізуді көздейтін заңның тақырыбында бірінші кезекте «өзгеріс» немесе «өзгерістер» деген сөздер көрсетіледі.

3. Кіріспе бөлік (кіріспе) өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы заңдар жобаларында жазылмайды.

---

<sup>9</sup>Юридическая техника: учебное пособие по подготовке законопроектов и иных нормативных правовых актов органами исполнительной власти / Ресей Федерациясының Үкіметі жанындағы Заңнама және құқықтық талдау институты: корр.-мүше Т.Я. Хабриева, проф. Н.А. Власенко редакциясымен. – М.: Эксмо, 2010. – 135-б.

4. Өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы заңның бап жоғарғы құрылымдық элементі болып табылады.

5. Өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы заңнамалық актілердің құрылымдық актілерінде тақырыптар (жеке атаулар) болмайды.

6. Өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы заңдарға өзгерістер мен толықтырулар негізгі заңға жаңа өзгерістер енгізілген жағдайда, тек қолданысқа енгізілмеген нормаларға енгізіледі, өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы жаңа заң қабылданады.

7. Заң екі баптан тұрады, біріншісінде ауыстырылатын заңның түрі көрсетіле отырып, енгізілетін өзгерістер мен толықтырулар туралы ержелер қамтылады, екінші бапта заңның қолданысқа енгізілетін мерзімі көрсетіледі.

8. Заңды көрсеткен кезде заңның атауы, сондай-ақ жақша ішінде қабылданған күні, тіркеу нөмірі және тиісті заңнамалық актілердің «Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы» жинағында не егер заңнамалық акт аталған жинақта жарияланбаса, Заңға сәйкес ресми жарияланымның өзге де дереккөзінде жарияланған жылы, нөмірі және құжаты көрсетіледі.

9. Заңнамалық актілерді күші жойылды деп тану туралы заңнамалық акт жобасының мәтінінде аталған заңнамалық актілердің тақырыбы, қабылданған күні, сондай-ақ жақша ішінде – олардың бастапқы жарияланған жылы, нөмірі және құжаты көрсетіледі.

10. Бір ғана заңға енгізілетін өзгерістер мен толықтырулар бір тармақта немесе тармақшада көзделеді.

11. Заңнамалық актіні жаңа нормалармен толықтыру кезінде олар салалық тиесілілігіне сәйкес актілерге енгізіледі, мысалы, азаматтық құқық нормаларын қылмыстық құқықтық қатынастарды реттейтін және т.б. заңдарға енгізуге жол берілмейді.

12. Өзгерістер мен толықтырулар енгізілетін заңдар олардың заңдық күшінің (заңнамалық актілер сатысының) арақатынасына қарай, сондай-ақ қабылданған (шығарылған)

күні бойынша хронологиялық ретпен орналастырылады. Бір ғана күннің шегінде қабылданған нормативтік құқықтық актілер олардың тіркеу нөмірлеріне немесе ресми жарияланым дереккөздеріндегі құжат нөмірлеріне сәйкес көрсетіледі.

13. Нормативтік құқықтық актінің құрылымдық элементіне өзгерістер мен толықтырулар енгізілген кезде мұндай құрылымдық элемент жана редакцияда жазылады. Бұл ретте бұл талаптар Қазақстан Республикасының Парламентіне енгізілген заң жобаларын қарау кезінде, сондай-ақ заң жобаларына және Қазақстан Республикасы Президентінің жарлықтарына қатысты қолданылмауы мүмкін (Заңның 26-бабының 6-т.).

14. Нормативтік құқықтық актінің мәтініне нормативтік құқықтық акт мәтінінің жартысынан асатын көлемде өзгерістер мен толықтырулар енгізілген кезде оның жаңа редакциясы қабылданады.

15. Құқықтық актінің құрылымдық элементтерінің күші жойылды деп танылған кезде мұндай элементтер алып тасталады, бірақ олардың нөмірлері сақталады. Сақталған нөмірге нормативтік құқықтық актінің (немесе оның құрылымдық элементінің) күші жойылды деп тану туралы нормативтік құқықтық актіге сілтеме қосылады. Сақталған құрылымдық элементтердің нөмірленуі өзгермейді.

16. Жаңа құрылымдық элементтер, сондай-ақ қосымшалар нормативтік құқықтық актінің мәтініне нақ сондай соңғы құрылымдық элементтен кейінгі келесі реттік нөмірлерімен енгізіледі. Нақ сондай құрылымдық элементтер арасына жаңа құрылымдық элементтер енгізілген жағдайда, нормативтік құқықтық актінің соңынан келетін сол құрылымдық элементтерінің нөмірлерін қайталайтын қосымша нөмірлермен енгізіледі (мысалы: 8-1-тарау, 4-1-бап, 3-1-тармақ және т.б.).

17. Заңнамалық актілердің күші жойылды деп тану туралы заңнамалық актіні дайындаған жағдайда, аталған заңнамалық актілердің тақырыбы, қабылданған күні, сондай-ақ жақша ішінде – олардың алғашқы ресми жарияланған жылы, нөмірі және құжаты, ал оларға өзгерістер мен толықтырулар енгізілген

жағдайда, тиісті заңнамалық актілердің «Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы» жинағында не егер заңнамалық акт аталған жинақта жарияланбаса, осы Заңға сәйкес ресми жарияланымның өзге де дереккөзінде жарияланған жылы, нөмірі және құжаты көрсетіледі.

18. Бұрын қабылданған, бірақ жарияланбаған заңнамалық актіге өзгерістер мен толықтырулар енгізілген жағдайда, осы актінің тек күні, нөмірі және тақырыбы ғана көрсетіледі.

19. Заңнамалық актінің, мысалы, бір мезгілде белгілі бір мерзімнің өтуі бойынша және нақты күн бойынша және т.б.бірден бірнеше талаптарға байланыстыкүшіне ену кезіне жол берілмейді.

20. Заңнамалық актілерге өзгерістер және (немесе) толықтырулар енгізу туралы заңнамалық актінің жобасына енгізілетін өзгерістердің және (немесе) толықтырулардың тиісті негіздемесі бар, заңнамалық актінің құрылымдық элементтерінің қолданыстағы және ұсынылып отырған редакциясының салыстырма кестесі ұсынылады



## **VII. ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ЗАҢҒА ТӘУЕЛДІ АКТІЛЕРІН РЕСІМДЕУ**

Заң жобаларын ресімдеу бойынша қазіргі әдістемелік ұсынымдар мәнмәтінінде(заң техникасы) заңға тәуелді нормативтік құқықтық актілерді ресімдеу ерекшеліктерін қарау қажет.

Заңнамалық анықтамаға сүйенсек, заңнамалық және сатысы бойынша өзге де жоғары тұрған нормативтік құқықтық актілердің негізінде, оларды орындау үшін және (немесе) одан әрі іске асыру үшін шығарылатын заңнамалық актілер болып табылмайтын өзге де нормативтік құқықтық актілер заңға тәуелді нормативтік актілер болып табылады.

Қазақстан Республикасында заңға тәуелді нормативтік құқықтық актілерді дайындау және ресімдеу заңды процесс болып табылады және әдеттегідей, жоғары тұрған заңнамалық және заңға тәуелді актілерде жазылған нормаларды іске асыру үшін көзделген. Бұл жоғары тұрған актіні жаңа редакцияда қабылдау кезінде не қолданыстағы жоғары тұрған актіге түзетулер енгізу не оны жою кезінде жүргізілуі мүмкін. Сондай-ақ түзетулерді енгізуге негіздемелердің бірі мемлекеттік орган жүргізген мониторинг нәтижелері бойынша заңға тәуелді нормативтік құқықтық актінің өзінде құқық нормаларының кемшіліктерін анықтау болып табылады.

Уақтылы, сапалы және дұрыс ресімделген заңға тәуелді нормативтік құқықтық акт құқық нормаларының бірыңғай қолданылуын, анықтығын және айқындау қисындылығын қамтамасыз етеді және заңнамалық және өзге де жоғары тұрған нормативтік құқықтық актілерді іске асыруға бағытталған.

Нормашығармашылығы қызметі аясында мемлекеттік органдардың, олардың ведомстволарының және лауазымды адамдарының кең ауқымы уәкілетті органдар ретінде қатысады. Тиісті заңға тәуелді нормативтік құқықтық актінің әзірлеуші органын айқындаудың өлшемшарты ретінде оның осы актіге қатысты құзыреттілігі жатады және осындай орган ретінде орталық мемлекеттік орган, оның ведомствосы, мәслихат,

әкімдік, әкім және тексеру комиссиясы (бұдан әрі – жергілікті органдар) қатысады.

Заңға тәуелді нормативтік құқықтық актіні әзірлеуді әзірлеуші орган құрған жұмыс тобы жүргізуі мүмкін немесе әзірлеуші орган өзінің бөлімшесіне, ведомстволық бағынысты органына және ұйымға тапсыруы мүмкін. Сондай-ақ бөлінген бюджет қаражаты мен гранттар шеңберінде нормативтік құқықтық актінің жобасын мамандар, Қазақстан Республикасының Ұлттық кәсіпкерлер палатасы, жеке кәсіпкерлік субъектілерінің бірлестіктері, ғылыми мекемелер, жекелеген ғалымдар және ұжымдар, оның ішінде тиісті салалардағы шетелдік сарапшылар дайындай алады.

Ресімдеуге қойылатын талаптарды сақтау нормативтік құқықтық актіні дайындау бойынша жұмыстың ажырамас бөлігі болып табылады. Мәтінді жазудың, міндетті белгілерді, құрылымдық бөліктерді және т.б. айқындаудың тәсілдерін қамтитын актілерді ресімдеу нормативтік деңгейде бекітілген.

Заң техникасының негізгі қағидалары заңнамалық деңгейде «Құқықтық актілер туралы» 2016 жылғы 6 сәуірдегі Қазақстан Республикасының Заңында айқындалған.

Қазақстан Республикасы Президентінің актілеріне қолданылатын жалпы сипаттағы ережелер «Қазақстан Республикасы Президентінің Қазақстан халқына жолдауының жобасын дайындау, келісу және Қазақстан Республикасы Президентінің қарауына ұсыну, Қазақстан Республикасы Президентінің актілері мен тапсырмаларының жобаларын дайындау, келісу, қол қоюға ұсыну, Қазақстан Республикасы Президентінің Қазақстан халқына жолдауын іске асыру, Қазақстан Республикасы Президентінің актілері мен тапсырмаларының орындалуын бақылауды жүзеге асыру және Қазақстан Республикасы Президентінің нормативтік құқықтық жарлықтарына мониторинг жүргізу қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Президентінің 2010 жылғы 27 сәуірдегі № 976 Жарлығында бекітілген.

Орталық мемлекеттік органдардың және жргілікті органдардың нормативтік құқықтық актілеріне қойылатын талаптар «Нормативтік құқықтық актілерді ресімдеу, келісу, мемлекеттік тіркеу және олардың күшін жою қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2016 жылғы 6 қазандағы № 568 қаулысында жазылған.

Заңға тәуелді нормативтік құқықтық актілер жобаларын әзірлеу және келісу тәртібі Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2016 жылғы 6 қазандағы № 569 қаулысымен бекітілген **Заңға тәуелді нормативтік құқықтық актілердің жобаларын әзірлеу, оларды келісу қағидаларында** айқындалған.

Заңға тәуелді актілерді әзірлеудің, жария талқылаудың, келісудің және қабылдаудың рәсімдік аспектілеріне көңіл аудармай тұрып, заңға тәуелді нормативтік құқықтық актілерді ресімдеу бойынша ережелерді келтіру қажет.

*Заңның 44-бабына сәйкес осы Заңның 7-бабы 2-тармағының б), 7), 8) және 9) тармақшаларында көрсетілген нормативтік құқықтық актілер Қазақстан Республикасының әділет органдарында мемлекеттік тіркеуге жатады. Мұндай тіркеу олардың күшіне енуі үшін қажетті шарт болып табылады.*

Нормативтік құқықтық актіні мемлекеттік тіркеу үшін әділет органына мемлекеттік органдардың интернет-порталы арқылы мемлекеттік органның бірінші басшысының, ол жоқ болған жағдайда – оның міндетін атқарушы адамның электрондық цифрлық қолтаңбасымен куәландырылған, \*docx форматында қазақ және орыс тілдерінде мынадай құжаттар:

1) нормативтік құқықтық акт;  
2) Қазақстан Республикасының Әділет министрлігі бекіткен нысан бойынша негіздеме-анықтама;

3) нормативтік құқықтық актіге өзгерістер және (немесе) толықтырулар енгізілген жағдайда, енгізілетін өзгерістердің және (немесе) толықтырулардың тиісті негіздемесімен қоса нормативтік құқықтық актінің бұрынғы және жаңа редакциясының салыстырма кестесі ұсынылады.

Нормативтік құқықтық актіге \*pdf форматында қазақ және орыс тілдерінде мынадай құжаттардың:

1) нормативтік құқықтық акт жеке кәсіпкерлік субъектілерінің мүдделерін қозғайтын жағдайда, Қазақстан Республикасы Ұлттық кәсіпкерлер палатасы мен жеке кәсіпкерлік субъектілерінің аккредиттелген бірлестіктерінің сараптама қорытындыларының;

2) нормативтік акт азаматтардың құқықтарын, бостандықтарын және міндеттерін қозғайтын жағдайда, қоғамдық кеңес ұсынымының;

3) нормативтік құқықтық актіге мемлекеттік органның бірінші басшысының міндетін атқарушы адам қол қойған жағдайда, міндеттерді атқаруды жүктеу туралы құжаттың;

4) жүргізілуі Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамалық актілерінде көзделген тиісті сараптама қорытындыларының көшірмелері қоса беріледі.

Нормативтік құқықтық актілерге қосымшалар сондай-ақ excel немесе pdf форматтарында ресімделуі мүмкін.

«Қызметтік пайдалану үшін» деген белгісі бар нормативтік құқықтық актіні мемлекеттік тіркеу үшін әділет органдарына мынадай құжаттар:

1) ілеспе хат;

2) баспа және электрондық түрлерде қазақ және орыс тілдеріндегі екі көшірмесімен бірге нормативтік құқықтық актінің төлнұсқасы ұсынылады.

Нормативтік құқықтық актіні бірнеше мемлекеттік органдар қабылдаған жағдайда, осы актіні ұсынған мемлекеттік орган нормативтік құқықтық актіні қабылдаған мемлекеттік органдар саны бойынша қосымша қазақ және орыс тілдеріндегі нормативтік құқықтық актілердің төлнұсқаларын қоса береді;

3) Қазақстан Республикасы Әділет министрлігі бекіткен нысан бойынша қазақ және орыс тілдеріндегі негіздеме-анықтама;

4) нормативтік құқықтық актіге өзгерістер мен (немесе) толықтырулар енгізілген жағдайда, енгізілетін өзгерістердің және (немесе) толықтырулардың тиісті негіздемесімен қоса

нормативтік құқықтық актінің бұрынғы және жаңа редакциясының салыстырма кестесі;

5) нормативтік құқықтық актіге мемлекеттік органның бірінші басшысының міндетін атқарушы адам қол қойған жағдайда, міндеттерді атқаруды жүктеу туралы туралы құжаттың көшірмесі ұсынылады.

Аудандық маңызы бар қала, ауыл, ауылдық округ әкімінің нормативтік құқықтық шешімін мемлекеттік тіркеу үшін аумақтық әділет органдарына мынадай құжаттар:

1) ілеспе хат;

2) баспа және электрондық түрлерде қазақ және орыс тілдеріндегі екі көшірмесімен бірге нормативтік құқықтық актінің төлнұсқасы ұсынылады.

Нормативтік құқықтық актіні бірнеше мемлекеттік органдар қабылдаған жағдайда, осы актіні ұсынған мемлекеттік орган нормативтік құқықтық актіні қабылдаған мемлекеттік органдар саны бойынша қазақ және орыс тілдерінде нормативтік құқықтық актілердің төлнұсқаларын қоса береді;

3) Қазақстан Республикасы Әділет министрлігі бекіткен нысан бойынша қазақ және орыс тілдерінде негіздеме-анықтаманы;

4) нормативтік құқықтық акт жеке кәсіпкерлік субъектілерінің мүдделерін қозғайтын жағдайда, Қазақстан Республикасы Ұлттық кәсіпкерлер палатасы мен жеке кәсіпкерлік субъектілерінің аккредиттелген бірлестіктерінің сараптама қорытындысының көшірмелері;

5) нормативтік құқықтық акт азаматтардың құқықтарын, бостандықтарын және міндеттерін қозғайтын жағдайда, қоғамдық кеңес ұсынымының көшірмесі;

6) нормативтік құқықтық актіге өзгерістер және(немесе) толықтырулар енгізілетін жағдайда, енгізілетін өзгерістердің және(немесе) толықтырулардың тиісті негіздемесімен қоса нормативтік құқықтық актінің бұрынғы және жаңа редакциясының салыстырма кестесі;

7) нормативтік құқықтық актіге мемлекеттік органның бірінші басшысының міндетін атқарушы адам қол қойған

жағдайда, міндеттерді атқаруды жүктеу туралы құжаттың көшірмесі;

8) жүргізілуі Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамалық актілерінде көзделген тиісті сараптама қорытындыларының көшірмелері ұсынылады.

Қазақстан Республикасы Президенті актісінің күшіне енуі оған қол қойған кезден басталады. Қазақстан Республикасы Президентінің енгізілетін акт жобасына қатысты мынадай құжаттар:

1) мәселенің мәні, әлеуметтік-экономикалық және қажет болған кезде саяси-құқықтық, экологиялық, демографиялық және өзге де негіздемелер, актіні қабылдаудан күтілетін салдардың болжамы, Қазақстан Республикасы Президентінің осы мәселе бойынша бұрын қабылданған актілерінің тізбесі және олардың орындалуы туралы ақпарат берілетін үш беттен аспайтын, ал күрделі мәселелер бойынша – бес беттен аспайтын көлемде түсіндірме жазба ұсынылады.

Үкімет енгізетін Қазақстан Республикасы Президентінің акт жобасына түсіндірме жазбаға Премьер-Министр, ал Қазақстан Республикасы Президентіне тікелей бағынатын және есеп беретін мемлекеттік органдар, және өзге де мемлекеттік органдар енгізетін акт жобасына – әзірлеуші мемлекеттік органның бірінші басшысы қол қояды;

2) Қазақстан Республикасы Президентінің актісі жобасы тікелей салалық мүдделерін қозғайтын, жеке кәсіпкерлік субъектілерінің мүдделерін осы акт жобасы қозғайтын жағдайда, жеке кәсіпкерлік субъектілерінің аккредиттелген бірлестіктерінің сараптама қорытындыларының көшірмелері;

3) акт жобасында Қазақстан Республикасы Президентінің қолданыстағы актілеріне өзгерістер және/немесе толықтырулар енгізу көзделген жағдайда, әзірлеуші мемлекеттік органның басшысы дәйектеген және қол қойған, енгізілетін өзгерістердің және толықтырулардың тиісті негіздемесімен бірге Қазақстан Республикасы Президентінің акт жобасының қолданыстағы және ұсынылатын редакциясының салыстырма кестесі;

4) келісу парағы;

5) Қазақстан Республикасы Президентінің актісі жобасында белгіленген тікелей құзыреттілігі болған кезде, әзірлеуші мемлекеттік органдардың бірінші басшылары дәйектеген, Қазақстан Республикасы Президентінің енгізілетін актісі жобасын іске асыру үшін қабылдануы қажетті нормативтік құқықтық актілердің тиісті жобалары;

б) мемлекеттік органның бірінші басшысының міндетін атқарушы адамдардың акт жобасында қолған қолдары болған жағдайда, міндеттерді оларға жүктеу туралы бұйрық немесе өкім көшірмесі қоса беріледі.

Бұл ретте актінің ерекшелігіне қарай өзге де материалдарды беру қажет болуы мүмкін.

Нормативтік құқықтық актінің мәтіні әдеби тіл нормалары, заң терминологиясы және заң техникасы сақтала отырып жазылады, оның ережелері барынша қысқа болуға, нақты және әртүрлі түсіндіруге жатпайтын мағынаны қамтуға тиіс. Нормативтік құқықтық актінің мәтінінде мағыналық және құқықтық жүктемесі жоқ декларативтік сипаттағы ережелер қамтылмауға тиіс. Көнерген және көп мағыналы сөздер мен сөз орамдарын, эпитеттерді, метафораларды қолдануға, сөздерді қысқартуға жол берілмейді. Нормативтік құқықтық актінің құрылымдық бөлігінде жазылған құқық нормасы дәл осы актінің басқа құрылымдық бөліктерінде қайталап жазылмайды.

Нормативтік құқықтық актілерді ресімдеу кезінде қазақ және орыс тілдерінде мәтін теңтүпнұсқалы болуына назар аудару қажет. Нормативтік құқықтық актілер мәтіндерінің қазақ және орыс тілдеріндегі сәйкестігін әзірлеуші мемлекеттік орган қамтамасыз етеді. Нормативтік құқықтық актінің мәтіні мынадай:

1) сол жақ шет сызығы - 2,5 см, оң жақ шет сызығы - 1,5 см, колонтитулдар - 2,5 см;

2) қаріп – «TimesNewRoman» мөлшері № 14 (қосымшаларда кіші мөлшерлі, бірақ № 10-нан кіші емес қаріп қолданылуы мүмкін);

3) жоларалық интервал - бір жолдық;

4) абзацтық шегініс (бірінші жолдың шегінісі) - 1,25 см параметрлерін ескере отырып («doc» немесе «docx» кеңістігімен мәтіндік редакторды қолдана отырып), бірыңғай қаріппен басылуы тиіс.

Нормативтік құқықтық актілердің мәтіндері нақты тұжырымдалуы және қолдан бояусыз және түзетусіз, орфографиялық және грамматикалық қателерсіз бірыңғай қаріппен басылуы тиіс. Қосымшаларын қоса алғанда, негізгі де, туынды да нормативтік құқықтық акт түрінің әрбір беті тыныс белгілерсіз парақтың жоғарғы шет сызығының ортасында нөмірлерді көрсету арқылы нөмірленуге жатады. Бұл ретте актінің негізгі түрінің бірінші бетінде нөмірлеу қойылмайды, ал нормативтік құқықтық актінің туынды түрі (бар болса) рет-ретімен нөмірленеді, яғни негізгі актінің нөмірленуін жалғастырады.

Нормативтік құқықтық актіде құрылымдық бөліктердің орналастырылуы логикалық жүйелілік маңыздылығын және мәселені шешу кезеңдерінің хронологиясы ескеріле отырып құрастырылады. Нормативтік құқықтық актіні ресімдеуге қойылатын бұл шарт актінің нысаны мен мазмұнының өзара байланыс қырларының бірін ашады, сондай-ақ норма шығармашылығын жетілдіру позициясы жағынан формальды логика талаптарының сақталуы маңыздылығын білдіреді<sup>10</sup>.

---

<sup>10</sup> Юридическая техника: Учебное пособие по подготовке законопроектов и иных нормативных правовых актов органами исполнительной власти / Т.Я. Хабриева, Н.А. Власенко редакциясымен. – М.: Эксмо, 2009. – 272-б., 56-64-бб.



## **VIII. ЗАҢ ЖОБАСЫНА ҚАЖЕТТІ ҚҰЖАТТАРДЫ ДАЙЫНДАУ ЖӘНЕ РЕСІМДЕУ**

Қазақстан Республикасы Конституциясының 61-бабы 1-тармағына сәйкес Заң шығару бастамасы құқығы Республика Президентіне, Парламент депутаттарына, Үкіметке тиесілі және тек қана Мәжілісте жүзеге асырылады.

Заң жобасына қосымшалар мен құжаттарды дайындау кезінде Заңда және Қазақстан Республикасы Парламентінің Мәжілісі Регламентінде көрсетілген құжаттар тізбесін ұстану қажет.

1. Заңнамалық акт жобасын Қазақстан Республикасы Парламент Мәжілісіне енгізген кезде ұсынылатын материалдар мынадай қосымшаларды:

1.1. жобаны Үкімет енгізген жағдайда, Үкімет қаулысын;

1.2. егер заң жобасының қаралуына депутат (депутаттар) себепші болса, ұсынымды;

1.3. заңды қабылдау қажеттігінің негіздемесімен, оның мақсаттары мен міндеттерінің сипаттамасымен бірге түсіндірме жазбаны не Қазақстан Республикасы Президентінің заңнамалық бастамасы тәртібімен енгізілетін заңнамалық акт жобалары бойынша Мемлекет Басшысының арнайы жолдауын;

1.4. заңды іске асыру шығындарды талап етсе, қаржылық-экономикалық есептемесін;

1.5. Қазақстан Республикасы Президентінің заңнамалық бастамасы тәртібімен Парламент Мәжілісіне енгізілетін заңнамалық актілер жобаларын қоспағанда, Үкіметтің мемлекеттік кірістерді қысқартуды немесе мемлекеттік шығыстарды ұлғайтуды көздейтін заң жобасы бойынша оң қорытындысын;

1.6. қабылданатын заң қолданысының ықтимал экономикалық, әлеуметтік, заң, экологиялық салдарының болжамдарын;

1.7. халықаралық шарттарды ратификациялау және олардың күшін жою туралы заң жобаларын қоспағанда, ғылыми сараптама қорытындысын;

1.8. жобаны дайындағаны үшін жауапты мемлекеттік орган; жұмыс тобының (егер ол құрылса) құрамы; заң жобасы бойынша баяндамашы туралы мәліметтер көрсетілетін анықтамалық парақты;

1.9. Қазақстан Республикасы Президентінің заңнамалық бастамасы тәртібімен енгізілетін заңнамалық акт жобалары келісу рәсімінен өтпегенде, Қазақстан Республикасы Президенті айқындайтын жағдайларды, сондай-ақ заңнамалық акт жобасын Қазақстан Республикасы Парламенті депутаттарының заңнамалық бастамасы тәртібімен енгізу жағдайларын қоспағанда, мүдделі мемлекеттік органдармен келісу парағын;

1.10. осы заңды қабылдаумен байланысты өзгертуге, толықтыруға және күші жойылды деп тануға жататын заңнамалық актілер тізбесін және осы заңды іске асыру үшін қажетті нормативтік құқықтық актілерді әзірлеу туралы ұсыныстарды қамтуы тиіс.

2. Заңнамалық акт жобасы Қазақстан Республикасы Парламентінің Мәжілісіне қағаз және электрондық тасығыштарда, қазақ және орыс тілдерінде енгізіледі.

3. Егер заң жобасы жеке кәсіпкерлік субъектілерінің мүдделерін қозғаса, жеке кәсіпкерлік субъектілерінің аккредиттелген бірлестігінің сараптама қорытындысы ұсынылады.

4. Халықаралық шарттарды ратификациялау туралы заң жобасын енгізу кезінде:

4.1. егер қазақ және орыс тілдері жасасу тілі болып табылмаса, Қазақстан Республикасы Сыртқы істер министрлігі ресми куәландырған (халықаралық шарттардың депозитарий ресми куәландырған) оларды жасасу тіліндегі халықаралық шарттар көшірмелері, сондай-ақ олардың жасалуына жауапты Қазақстан Республикасы орталық мемлекеттік органдары ресми куәландырған халықаралық шарттардың қазақ және орыс тілдеріндегі аудармалары;

4.2. «Қазақстан Республикасының халықаралық шарттары туралы» Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес жүргізілген ғылыми сараптама қорытындысы қоса беріледі.

**Заңнамалық актілерге өзгерістер және (немесе) толықтырулар енгізу туралы заңнамалық акт жобасына салыстырма кестені ресімдеу**

5. Заңнамалық актілерге өзгерістер және (немесе) толықтырулар енгізу туралы заңнамалық акт жобасына енгізілетін өзгерістердің және (немесе) толықтырулардың тиісті негіздемесімен бірге заңнамалық актінің құрылымдық элементтерінің қолданыстағы және ұсынылатын редакциясының салыстырма кестесі ұсынылады.

6. Салыстырма кесте енгізілетін түзетулердің санын айқындау мақсатында құрылады. Ол А4 парағында (альбомдық бағдарда) құрылады және мынадай ақпаратты:

- 6.1. рет-ретімен нөмірлеуді;
- 6.2. қолданыстағы заңның құрылымдық бөліктерін белгілеуді;
- 6.3. қолданыстағы редакцияны;
- 6.4. ұсынылатын редакцияны;
- 6.5. түзетулерді енгізу қажеттігінің негіздемесін қамтитын бес бағаннан тұрады.

7. Құрылымдық бөліктің қолданыстағы редакциясын сипаттау кезінде баптың толық мәтінін келтіру, сондай-ақ өзгерістерге ұшырайтын бөліктерін қалың қаріппен белгілеу қажет. Ұсынылатын редакциясын сипаттау кезінде өзгертілетін немесе толықтырылатын сөздерді қалың қаріппен белгілеп, толық мәтінін ұсыну қажет.

8. Қолданыстағы редакция жоқ болса, «жоқ» деген сөзді көрсету керек. Ұсынылатын редакцияда заңнамалық актінің құрылымдық бөлігі алып тасталса, «алып тасталсын» деген сөздерді жазу қажет.

**«Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне ...мәселелері бойынша өзгерістер мен**

**толықтырулар енгізу туралы» Қазақстан  
Республикасының Заңы жобасына  
салыстырма кесте**

<b>№</b>	<b>Қолданыстағы Заң баптарын белгілеу</b>	<b>Қолданыстағы редакция</b>	<b>Ұсынылып отырған редакция</b>	<b>Қазақстан Республикасы Заңына түзетулерді енгізу қажеттігінің негіздемесі</b>

**Заңнамалық акт жобасына түсіндірме жазбаны ресімдеу**

9. Заңнамалық акт жобасына, сондай-ақ мыналар:

9.1. Заң жобасын қабылдау қажеттігінің негіздемесін қамтуы тиіс, оған заң жобаларын дайындаудың жыл сайынғы жоспарлары, Қазақстан Республикасы Президентінің жарлықтары, Қазақстан Республикасы заңдарының нормалары, Қазақстан Республикасының халықаралық шарттары не жүргізілген құқықтық мониторинг нәтижелері бойынша, азаматтардың өтінімдері, мемлекеттік органдарға сұрау салулар негізіндегі бұқаралық ақпарат құралдарынан алынған ақпарат және т. б. жатуы мүмкін;

9.2. заңды қабылдаудың құқықтық, әлеуметтік және экономикалық алғышарттарына нұсқауды;

9.3. заң жобасының мақсаттары мен міндеттерінің кеңейтілген сипаттамасын;

9.4. ұсынылған заң жобасының негізгі ережелерін;

9.5. заңды қабылдаудың салдары туралы, оның ішінде республикалық және (немесе) жергілікті бюджеттерді қабылдау үшін, азаматтардың шығыстары мен кірістері үшін, қоршаған орта үшін салдар туралы ақпаратты;

9.6. жеке кәсіпкерлік субъектілерінің мүдделерін қозғайтын нормативтік құқықтық актінің жобасына түсіндірме жазбада нормативтік құқықтық актіні қолданысқа енгізуге байланысты жеке кәсіпкерлік субъектілерінің шығындарын азайтуды және (немесе) ұлғайтуды растайтын есептеменің нәтижелерін қамтитын түсіндірме жазба қоса берілуі тиіс.

10. Түсіндірме жазбаны жобаны дайындау кезеңінде заң жобасын әзірлеуге жауапты мемлекеттік орган (ұйым) дайындайды.

## **ІХ. НҚА-ҒА ТАЛДАУ ЖҮРГІЗУ ТӘРТІБІ ЖӘНЕ ОНЫ ҚОЛДАНУ ПРАКТИКАСЫ (ҚҰҚЫҚТЫҚ МОНИТОРИНГ)**

### **1. Құқықтық мониторингтің мақсаты мен объектісі**

Нормативтік құқықтық актілердің құқықтық мониторингі Қазақстан Республикасының заңнамасына қайшы келетін, ескірген, сыбайлас жемқорлықты тудыратын және тиімсіз іске асырылатын құқық нормаларын (бұдан әрі – құқық нормаларындағы кемшіліктер) анықтау, сондай-ақ оны жетілдіру бойынша ұсыныстар әзірлеу арқылы заңнама тиімділігін бағалау және болжау мақсатында жүргізіледі.

Мыналар:

1) Қазақстан Республикасының конституциялық заңдары, Қазақстан Республикасының кодекстері, Қазақстан Республикасының шоғырландырылған заңдары; Қазақстан Республикасының заңдары;

2) Қазақстан Республикасы Президентінің нормативтік құқықтық жарлықтары;

3) Қазақстан Республикасы Үкіметінің нормативтік құқықтық қаулылары;

4) Қазақстан Республикасы Орталық сайлау комиссиясының, Қазақстан Республикасының Республикалық бюджеттің атқарылуын бақылау жөніндегі есеп комитетінің, Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің және өзге де орталық мемлекеттік органдардың нормативтік құқықтық қаулылары, Қазақстан Республикасы министрлерінің және орталық мемлекеттік органдардың өзге де басшыларының нормативтік құқықтық бұйрықтары, орталық мемлекеттік органдардың ведомстволары басшыларының нормативтік құқықтық бұйрықтары;

5) мәслихаттардың нормативтік құқықтық шешімдері, әкімдіктердің нормативтік құқықтық қаулылары, әкімдердің нормативтік құқықтық шешімдері және тексеру комиссияларының нормативтік құқықтық қаулылары құқықтық мониторинг объектісі болады.

Мемлекеттік құпияларды және заңмен қорғалатын өзге де құпияны қамтитын нормативтік құқықтық актілер, сондай-ақ «Қызметтік пайдалану үшін», «Баспасөзде жариялаусыз», «Баспасөзге арналмаған» деген белгілері бар нормативтік құқықтық актілер құқықтық мониторинг объектісі **болып табылмайды.**

Қазақстан Республикасы Президентінің нормативтік құқықтық жарлықтарының мониторингін оларды әзірлеуші болып табылатын мемлекеттік органдар «Қазақстан Республикасы Президентінің Қазақстан халқына жолдауының жобасын дайындау, келісу және Қазақстан Республикасы Президентінің қарауына ұсыну, Қазақстан Республикасы Президентінің актілері мен тапсырмаларының жобаларын дайындау, келісу және қол қоюға ұсыну, Қазақстан Республикасы Президентінің Қазақстан халқына жолдауын іске асыру, Қазақстан Республикасы Президентінің актілері мен тапсырмаларының орындалуын бақылауды жүзеге асыру және Қазақстан Республикасы Президентінің нормативтік құқықтық жарлықтарына мониторинг жүргізу қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Президентінің 2010 жылғы 27 сәуірдегі № 976 Жарлығымен бекітілген тәртіппен тұрақты негізде жүргізеді.

Құқықтық мониторингті мемлекеттік органдардың құрылымдық бөлімшелері өздері қабылдаған және (немесе) әзірлеушілері болған не өздерінің құзыретіне жататын нормативтік құқықтық актілерге қатысты жүргізеді.

Құқықтық мониторинг жүргізу кезінде мемлекеттік органдардың Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен қоғамдық және ғылыми ұйымдарды, азаматтарды тартуға құқығы бар.

## **2. Құқықтық мониторинг жүргізу графигін бекіту тәртібі**

2.1. Құқықтық мониторинг жүргізуді қамтамасыз ету мақсатында мемлекеттік орган басшысының не оның міндетін атқарушы адамның бұйрығымен ағымдағы жылғы 20 желтоқсаннан кешіктірілмей Қағидаларға 3-қосымшаға сәйкес

нысан бойынша айларға бөліп және құқықтық мониторинг жүргізілетін нормативтік құқықтық актілер тізбесі көрсетіле отырып, алдағы күнтізбелік жылға арналған құқықтық мониторинг жүргізу графигі (бұдан әрі – график) бекітіледі.

2.2. Құқықтық мониторинг жүргізудің бекітілген графигіне өзгерістер мемлекеттік органның басшысы не оның міндетін атқарушы адамның тиісті бұйрығын қабылдау арқылы енгізіледі.

Орталық мемлекеттік органдар график не графикке өзгерістер және/немесе толықтырулар енгізу туралы бұйрық бекітілген күннен бастап он жұмыс күнінен кешіктірмей корпоративтік порталда тиісті бұйрықты орналастырады.

Мәслихаттар, әкімшіліктер, тексеру комиссиялары ағымдағы жылғы 10 қаңтарға дейінгі мерзімде графикті облыстардың, Астана, Алматы, Шымкент қалаларының аумақтық әділет органдарына жібереді.

Графикте нормативтік құқықтық актілердің құқықтық мониторингін жүргізудің нақты мерзімдері, сондай-ақ мониторинг жүргізілген нормативтік құқықтық актілерге кезең-кезеңмен қайта оралу (осы жартыжылдықта қабылданған актілерді қоспағанда, әрбір жарты жыл сайын) көзделеді. Құқықтық мониторинг жүргізудің жартыжылдық мерзімділігі мемлекеттік органға құқық нормаларының кемшіліктерін уақтылы анықтауға және оларды жою бойынша шаралар қабылдауға мүмкіндік береді.

Заң қызметіне сапалы ақпаратты уақтылы беру графикте көзделген мемлекеттік органның құрылымдық бөлімшесіне жүктеледі.

### **3. Құқықтық мониторинг жүргізу**

#### **3.1. Құқықтық мониторинг жүргізу мынадай кезеңдерді:**

- 1) құқықтық мониторинг объектісіне қатысты ақпаратты жинауды, жинақтап қорытуды және талдауды;
- 2) талдамалық анықтама не құқық нормаларында кемшіліктердің жоқтығы туралы анықтама жасауды;



3) құқық нормаларында кемшіліктер анықталған жағдайда, нормативтік құқықтық актілердің жобаларын әзірлеуді;

4) Қағидаларға 4-қосымшаға сәйкес нысандар бойынша құқықтық мониторинг нәтижелерін толтыруды қамтиды.

3.1.1. Құқықтық мониторинг объектісіне қатысты ақпаратты жинау, жинақтап қорыту және талдау мақсатында, сондай-ақ құқықтық мониторинг жүргізу кезінде мемлекеттік органдар:

1) Қазақстан Республикасы Президентінің жыл сайынғы жолдауларында, Қазақстан Республикасы Конституциялық Кеңесінің Қазақстан Республикасының Парламентіне елдегі конституциялық заңдылықтың жай-күйі туралы жыл сайынғы жолдауларында, Қазақстан Республикасының Конституциялық Кеңесінің және Жоғарғы Сотының нормативтік қаулыларында, мемлекеттік жоспарлау жүйесі саласындағы өзге де актілерде қамтылған ақпаратты;

2) мемлекеттік органдар дайындаған нормативтік құқықтық актілерді қолдану практикасына шолуларды;

3) «Қазақстан Республикасының Заңнама институты» мемлекеттік мекемесі жүргізген нормативтік құқықтық актілерді талдау нәтижелерін;

4) азаматтардың, заңды тұлғалардың мемлекеттік органдарға өтініштерін талдау және жинақтап қорыту және прокурорлық қадағалау актілерін, мемлекеттік органға нормативтік құқықтық актілерді қолдану практикасына қатысты келіп түскен сот шешімдерін қарау нәтижелерін;

5) қолданыстағы заңнама проблемалары бойынша өткізілетін ғылыми-практикалық конференциялардың, семинарлардың, кеңестердің материалдарын, сондай-ақ үкіметтік емес ұйымдар ұсынатын материалдарды;

6) қоғамдық кеңестер, сондай-ақ қоғамдық кеңестердің тапсырмасы бойынша коммерциялық емес ұйымдар, азаматтар өткізген заңнама нормаларын қолданудың қоғамдық мониторингі қорытындыларын (ұсынымдарын);

7) Қазақстан Республикасы Ұлттық кәсіпкерлер палатасының НҚА қоғамдық мониторингтеу нәтижелерін;

8) бұқаралық ақпарат құралдарында және жалпыға қолжетімді телекоммуникация желілеріндегі интернет-ресурстарда, оның ішінде ғылыми жарияланымдарда қамтылған ақпаратты;

9) нормативтік құқықтық актілердің құқық қолдану мәселелері бойынша әлеуметтанушылық зерттеулер нәтижелерін;

10) құқық қолдану практикасы бойынша статистикалық деректерді;

11) заңнаманы жетілдіру бойынша талдау материалдарын;

12) Қазақстан Республикасы Ұлттық кәсіпкерлер палатасының, жеке кәсіпкерлік субъектілері бірлестіктерінің жеке кәсіпкерлік субъектілерінің мүдделерін қозғайтын Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасын жетілдіру бойынша ұсыныстары мен ескертулерін пайдаланады.

3.1.2. Жүргізілген құқықтық мониторинг нәтижелері бойынша талдамалық анықтама жасау кезінде:

1) НҚА қоғамдық қатынастарын құқықтық реттеудің жай-күйін бағалаған;

2) құқықтық мониторинг жүргізу кезіндегі НҚА жай-күйін, оның құқықтық реттеу мақсаттары мен міндеттеріне сәйкестігін талдаған;

3) НҚА қоғамдық қатынастарын құқықтық реттеудің объективтік қажеттілігі мен әлеуметтік маңызын бағалаған;

4) НҚА әрекеті қолданылатын адамдардың ортасын, олардың құқықтары мен міндеттерін анықтаған;

5) мемлекеттік органдардың НҚА тізбесін және олардың құзыретін айқындаған, сондай-ақ мемлекеттік органдардың құзыретті игеру деңгейін анықтаған;

6) реттелетін қоғамдық қатынастар субъектілерінің НҚА қолданысы мен мазмұны туралы хабардар болуын бағалаған;

7) түрлі нормативтік құқықтық актілердің құқық нормалары арасындағы қайшылықтарды, коллизияны және

олқылықтарды, нормалардың қайталануын, декларативтік сипаттағы нормаларды анықтаған;

8) НҚА-да бірыңғай ұғымдық-терминологиялық жүйенің бар-жоғын анықтаған;

9) НҚА-дағы заң-техникалық қателердің бар-жоғын анықтаған;

10) сыбайлас жемқорлық әрекеттер жасау және (немесе) шешімдер қабылдау үшін мүмкіндіктер жасайтын сыбайлас жемқорлықты тудыру факторларының болуын анықтаған;

11) сілтеме нормативтік құқықтық акт Қазақстан Республикасы Конституциясының 61-бабында көрсетілген қағидағтар мен нормаларды қозғайтын заңға тәуелді нормативтік құқықтық акт болып табылатын жағдайда, бланкеттік және сілтеме нормалардың санын заң деңгейінде реттеу арқылы оларды қысқарту жөніндегі ұсыныстармен анықтаған;

12) құқықтық қатынастарды реттейтін ілеспелі заңға тәуелді нормативтік құқықтық актілердің толық тізбесін талдаған және бағалаған;

13) реттейтін қоғамдық қатынастар субъектілерінің НҚА қолданысы мен мазмұны туралы хабардар болуын анықтаған;

14) уәкілетті органдардың құзыретін игеру деңгейін, құқық қолдану практикасының зерттелетін акті талаптарына сәйкестігін анықтаған және бағалаған;

15) НҚА қоғамдық қатынастарын құқықтық реттеудің объективтік қажеттілігі мен әлеуметтік маңызына баға берген;

16) НҚА қабылдаудың құқықтық және әлеуметтік-экономикалық зардаптарына баға берген жөн.

Мемлекеттік органдар НҚА-дағы құқық нормаларының кемшіліктері **анықталған кезде** Қағидаларға 6-қосымшаға сәйкес нысан бойынша қазақ және/немесе орыс тілдерінде талдамалық анықтамалар жасайды.

3.1.2.1. Құқықтық мониторинг жүргізу нәтижелері жөніндегі талдамалық анықтама құқық нормаларының мынадай кемшіліктерін қамтиды:

### **1) Қазақстан Республикасының заңнамасына қайшы келетін нормалардың болуы**

Қайшылық деп дәл сол не аралас қоғамдық қатынастарды реттейтін жекелеген нормативтік құқықтық актілердің арасындағы алшақтық немесе коллизия, сондай-ақ құқық қолдану қызметі және құзыретті субъектілердің (органдар мен лауазымды адамдардың) өз өкілеттіктерін жүзеге асыруы процесінде туындайтын қайшылықтар түсініледі.

Қайшылықтарды анықтау үшін нақты нормативтік құқықтық акт пен аралас қатынастар мен салалар бойынша түрлі деңгейдегі нормативтік актілерді мұқият талдап қана қоймай, талданатын нормаларды қолдану практикасын да зерделеу қажет.

### **2) тиімсіз іске асырылатын нормалардың болуы**

Тиімсіз іске асырылатын нормалар нормативтік құқықтық актіде декларацияланған және бекітілген мақсаттар мен басымдылықтардың үйлеспеуінде, сондай-ақ басқа адамдардың құқықтары мен бостандықтарына бір уақытта нұқсан келтіре отырып, нормативтік құқықтық актілер басымдылықтарының топтық немесе жеке мүдделерді қорғау жағына қарай жылжуында көрінеді. Сонымен қоса, салалық реттеудің негізгі қағидаттарымен келіспейтін жеке, топтық, мемлекеттік мүдделерді орынсыз қорғау норманың тиімсіздігі белгілерінің бірі болып табылады. Жекелеген жағдайларда нормалардың тиімсіздігі адамдардың құқықтарды алу тәртібі мен қағидалары, заңдық міндеттерін орындау, мемлекеттік көрсетілетін қызметтерді алу туралы ақпараттың болмауынан байқалады.

Осыған байланысты, нормалардың тиімсіздігін анықтау талдау әдістерін, сараптау бағаларын және құқық қолдану практикасын зерделеу маңызды болып табылатын жүйелі тәсілді қолдануды қажет етеді.

### **3) нормативтік құқықтық актідегі ескірген нормалардың болуы**

Ескірген нормалар – бұл қоғамдық қатынастарды дамытудағы қазіргі жай-күйге сәйкес келмейтін нормалар.

Осылай, мемлекет әлеуметтік-экономикалық реформаны жүзеге асырады және кейбір кезде бұрынғы құқықтық және әлеуметтік тәртіптерге ғана бағытталған қолданыстағы заңнаманы басып озады. Жекелеген салаларда әлі күнге дейін ескірген және қатынастарды қайта реттейтін нормалар қолданылады.

Осыған байланысты, осы нормаларды жақсарту, яғни оларды жаңарту бойынша ұсыныстар қажет. Ескірген нормаларды анықтау үшін нормативтік құқықтық актіні зерттеуге жүйелі түрде келу, сондай-ақ құқық қолдану практикасын міндетті түрде талдау қажет болады.

#### **4) нормативтік құқықтық актідегі сыбайлас жемқорлықты тудыратын нормалардың болуы**

Сыбайлас жемқорлықты тудыру деп құқықтық нормаларда берілген, іске асыру процесінде нормативтік құқықтық актілердің осындай нормаларын қамтитын сыбайлас жемқорлық әрекеттеріне және (немесе) шешімдеріне сәйкес келу мүмкіндігі түсініледі. Сыбайлас жемқорлықты тудыру нормативтік құқықтық актіде мынадай сыбайлас жемқорлық факторларының болуына негізделеді: дискрециялық өкілеттіктердің ауқымдылығы; «құқылы» деген формула бойынша құзыретті айқындау; өзіне тиесілі құқығын іске асыруы үшін адамға артық талаптар қою; мемлекеттік қызметшілердің (лауазымды адамдардың) функцияларын, міндеттерін, құқықтары мен жауаптылығын тиісті түрде айқындамау; құқықтар көлемін ішінара өзгерту; өтініш берушінің құқығын мемлекеттік билік органдарының теріс пайдалануы; әкімшілік рәсімдердің болмауы немесе тиісінше реттелмеуі; конкурстық (аукциондық) рәсімдердің болмауы немесе тиісінше реттелмеуі; сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтар жасауға мүмкіндік туғызатын заңдық-лингвистикалық сыбайлас жемқорлықты тудыру; сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтар жасауға мүмкіндік туғызатын құқық нормаларының коллизиясы; реттеуде сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтар жасауға мүмкіндік туғызатын олқылықтың болуы; нормативтік құқықтық актіні

құзырет шегінен тыс қабылдау; тиісті өкілеттіктер заңнамалық түрде берілмей заңға тәуелді актілердің көмегімен заңнамалық олқылықтардың орнын толтыру; жалған мақсаттар мен артықшылықтар; мүдделер теңгерімін бұзу; баламалы ашықтықтың болмауы; бақылау тетіктерінің жетіспеуі; «күштеп таңылған» сыбайлас жемқорлықты тудыру; артық әкімшілік тосқауылдардың болуы.

Сыбайлас жемқорлықты тудыратын нормаларды анықтау мақсатында жеке және заңды тұлғалардың өз құқықтарын іске асыруына қойылатын талаптарды белгілейтін нормативтік құқықтық акті ережелеріне ерекше назар аудару ұсынылады.

### **5) қайталанатын нормалардың болуы**

Қайталанатын нормалар – бұл бір нормативтік құқықтық актінің жекелеген ережелерінің басқа нормативтік құқықтық актіде бір мәнді жазып келтірілгенін көрсететін нормалар не бұрын басқа актіде белгіленген, нормативтік құқықтық акт мәтінінде жазып келтірілетін норма. Біртектес қатынастарды реттейтін және түрлі кезеңдерде қабылданған нормалардың қайталануын мұндай нормативтік құқықтық актілердің мәтіндерін салыстыру арқылы анықтау ұсынылады.

### **б) белгілі бір құқықтық қатынастарды құқықтық реттеудегі олқылықтардың болуы**

Заңнаманың осы кемшілігі сол немесе өзге мәселені реттеудің жоқтығынан көрінеді. Нормативтік құқықтық актіде сол немесе өзге қызмет түріне, органға бекітілген функцияларды және т.б. іске асыруға қатысты нормалар болмауы мүмкін. Мұндай «жол бермеу» құқық қолданушыдан заңды ұқсастығы бойынша қолдануды талап етеді, бұл қолданыстағы заңнама нормаларын әртүрлі қолдану практикасын қалыптастыруға себепші болады.

Олқылықты анықтау үшін кейінгі нормаларда нормативтік құқықтық актінің кіріспе бөлігінде немесе бірінші баптарында бекітілген мақсаттары мен міндеттері қалай іске асырылатынын, олардың бәрі ашылған ба және егжей-тегжейленген бе, соны тексерген жөн. Сондай-ақ уәкілетті органдардың осы мәселелер бойынша құқық қолдану

актілерін, қолданыстағы заңнаманы қолдану практикасын талдаған жөн.

### **7) бланкеттік және сілтеме нормалардың артықтығы**

Заңнамалық актіде бар бланкеттік және сілтеме нормалар әзірленген актілердің болуы тұрғысынан, ал бұл актілер, өз кезегінде, өзге заңнамалық актілерге сәйкестігіне олардың практикада қолданылуы ескеріліп талданады. Қазіргі уақытта заңнамалық актілер мазмұны заң шығарушының еркіне сай келмейтін, ал кейде оған тікелей қайшы келетін заңға тәуелді актілерді мемлекеттік органдардың қабылдауына мүмкіндік беретін бланкеттік және сілтеме нормалардың үлкен көлемін қамтиды.

Осыған байланысты, талдау процесінде бланкеттік және сілтеме нормалардың сапасын төмендетуді ұсыну және заңдарды ықтимал оңтайлы нақтылауды қамтамасыз ету қажет.

### **8) өзге де кемшіліктердің болуы**

Нормалардың өзге де кемшіліктеріне НҚА заңдық-лингвистикалық сапа талаптарының бұзылуы, НҚА қазақ және орыс тілдеріндегі мәтіндері теңтүпнұсқалылығының сақталмауы, заңдық-техникалық қателер сияқты нормалар жатады.

3.1.2.2. Өздері әзірлеушісі болып табылмайтын мемлекеттік органдардың құзыретіне кіретін НҚА-да құқық нормаларының кемшіліктері анықталған жағдайда, мемлекеттік органдар талдамалық анықтама жасалған кезден бастап он жұмыс күні ішінде осы НҚА қабылдаған, әзірлеушісі болып табылатын не оның құзыретіне жататын мемлекеттік органға хабарлама жібереді.

3.1.2.3. Егер НҚА-да **құқық нормаларының кемшіліктері анықталмаса**, мемлекеттік органдар Қағидаларға 7-қосымшаға сәйкес қазақ және/немесе орыс тілдерінде бір түрдегі барлық НҚА-ға құқық нормаларында кемшіліктердің жоқтығы туралы бір анықтама жасайды.

Мәслихаттар, әкімшіліктер, тексеру комиссиялары бекітілген графикке сәйкес ай сайын қазақ және/немесе орыс

тілдерінде талдамалық анықтамаларды және құқық нормаларында кемшіліктердің жоқтығы туралы анықтамаларды жасайды, сондай-ақ оларды бірінші жартыжылдықтың (ағымдағы жылғы 10 шілдеге дейін) және жылдың (есепті жылдан кейінгі жылдың 10 қаңтарына дейін) қорытындысы бойынша облыстардың, Астана, Алматы, Шымкент қалаларының аумақтық әділет органдарына жібереді.

3.1.2.4. Орталық мемлекеттік органдар корпоративтік порталды пайдалана отырып, жүргізілген құқықтық мониторинг нәтижелері бойынша талдамалық анықтамаларды не құқық нормаларында кемшіліктердің жоқтығы туралы анықтамаларды орналастыруды жүзеге асырады.

3.1.3. Мемлекеттік органның құрылымдық бөлімшелері графикке сәйкес жүргізілген құқықтық мониторинг нәтижелерін талдайды және есепті айдан кейінгі айдың 25-күнінен кешіктірмей Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен тиісті нормативтік құқықтық актілер жобаларын әзірлеу бойынша шаралар қабылдайды.

Жыл қорытындысы бойынша жүргізілген құқықтық мониторинг нәтижелері бойынша мыналар:

Қазақстан Республикасының заңнамалық актілері бойынша – тиісті заң жобаларын Заң жобалау жұмыстарының жоспарына енгізу, заң жобасын Қазақстан Республикасы Парламентінің Мәжілісіне енгізу не басқа да заң жобаларына түзетулер енгізу;

Қазақстан Республикасы Үкіметінің нормативтік қаулылары бойынша – Үкімет қаулысының жобасын Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің Кеңсесіне енгізу;

орталық мемлекеттік органдардың, жергілікті басқару органдарының актілері бойынша – нормативтік құқықтық актіні Қазақстан Республикасының әділет органдарына мемлекеттік тіркеуге енгізу қабылданған шаралар болып табылады.



3.1.4. Жүргізілген құқықтық мониторинг қорытындысы бойынша мемлекеттік органдар есепті кезеңнен кейінгі айдың 10-күніне дейін жылына екі рет бірінші жартыжылдықтың (ағымдағы жылғы 10 шілдеге дейін) және жылдың (есепті жылдан кейінгі жылдың 10 қаңтарына дейін) қорытындысы бойынша ақпаратты Қағидаларға 4-қосымшаға сәйкес нысандар бойынша жібереді.

Орталық мемлекеттік органдар қорытынды ақпаратты Қазақстан Республикасының Әділет министрлігіне жібереді және корпоративтік порталда орналастырады.

Мәслихаттар, әкімшіліктер, тексеру комиссиялары ақпаратты облыстардың, Астана, Алматы, Шымкент қалаларының аумақтық әділет органдарына жібереді. Облыстардың, Астана, Алматы, Шымкент қалаларының аумақтық әділет органдары қорытылған ақпаратты Қазақстан Республикасының Әділет министрлігіне есепті кезеңнен кейінгі айдың 15-күніне дейін (ағымдағы жылғы 15 шілдеге дейін және есепті жылдан кейінгі жылдың 15 қаңтарына дейін) жібереді.

## **Құқықтық актілер туралы**

Қазақстан Республикасының Заңы 2016 жылғы 6 сәуірдегі №  
480-V ҚРЗ

Дереккөз «Әділет» АҚЖ

Осы Заң Қазақстан Республикасының құқықтық актілерін әзірлеу, ұсыну, талқылау, қабылдау, тіркеу, қолданысқа енгізу, өзгерту, толықтыру, олардың қолданысын тоқтату, тоқтата тұру және оларды жариялау тәртібіне байланысты қоғамдық қатынастарды реттейді.

### **1-БӨЛІМ. ЖАЛПЫ ЕРЕЖЕЛЕР**

#### **1-тарау. НЕГІЗГІ ЕРЕЖЕЛЕР**

##### **1-бап. Осы Заңда пайдаланылатын негізгі ұғымдар**

Осы Заңда мынадай негізгі ұғымдар пайдаланылады:

1) әзірлеуші орган – Қазақстан Республикасының Конституциясында, осы Заңда және басқа да нормативтік құқықтық актілерде белгіленген құзыретіне сәйкес нормативтік құқықтық актілерді әзірлейтін мемлекеттік органдар, жергілікті өкілді және атқарушы органдар;

2) ереже – қандай да бір мемлекеттік органның мәртебесі мен өкілеттіктерін айқындайтын нормативтік құқықтық акт;

3) жеке-дара қолданылатын құқықтық акт – жеке-дара айқындалған тұлғалар тобына (жеке және (немесе) заңды тұлғаларға) қолданылатын, олардың Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген құқықтары мен міндеттерін іске асыратын және құқық нормаларын қамтымайтын, белгіленген нысандағы жазбаша ресми құжат;

4) заң – аса маңызды қоғамдық қатынастарды реттейтін, Қазақстан Республикасының Конституциясында көзделген негізге алынатын қағидаттар мен нормаларды белгілейтін нормативтік құқықтық акт;

5) заңға тәуелді нормативтік құқықтық актілер – заңнамалық және сатысы бойынша өзге де жоғары тұрған нормативтік құқықтық актілердің негізінде және (немесе)

оларды орындау үшін және (немесе) одан әрі іске асыру үшін шығарылатын, заңнамалық актілер болып табылмайтын өзге де нормативтік құқықтық актілер;

6) заң жобасының тұжырымдамасы – Қазақстан Республикасы Үкіметінің бастамасы бойынша заң жобасын әзірлеу қажеттігінің негіздемесін, оны қабылдау мақсаттарын және Қазақстан Республикасының Үкіметі айқындайтын өзге де ережелерді қамтитын құжат;

7) заңнамалық акт – Қазақстан Республикасының Конституциясына өзгерістер мен толықтырулар енгізетін заң, конституциялық заң, кодекс, шоғырландырылған заң, заң, Қазақстан Республикасы Парламентінің қаулысы, Қазақстан Республикасы Парламенті Сенатының және Мәжілісінің қаулылары;

8) заң сараптамасы – нормативтік құқықтық актінің жобасын не қабылданған нормативтік құқықтық актіні Қазақстан Республикасының Конституциясына және Қазақстан Республикасының заңнамасына, оның ішінде сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл саласындағы заңнамаға сәйкестігі тұрғысынан тексеру;

9) заң техникасы – құқықтық актілерді ресімдеу тәсілдерінің, талаптары мен қағидаларының жиынтығы;

10) заң ұқсастығы – ұқсас қоғамдық қатынастарды реттейтін заңдардың нормаларын реттелмеген қоғамдық қатынастарға қолдану;

11) кодекс – осы Заңның 8-бабында көзделген біртектес аса маңызды қоғамдық қатынастарды реттейтін құқық нормалары біріктірілген және жүйеге келтірілген заң;

12) конституциялық заң – Қазақстан Республикасы Конституциясы 62-бабының 4-тармағында белгіленген тәртіппен, Қазақстан Республикасының Конституциясында көзделген мәселелер бойынша қабылданатын заң;

13) қағидалар – қандай да бір қызмет түрін ұйымдастыру және жүзеге асыру тәртібін айқындайтын нормативтік құқықтық акт;

14) Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің мемлекеттік тізілімі – нормативтік құқықтық актілердің деректемелерін және осы актілер туралы ақпараттық-анықтамалық сипаттағы басқа да мәліметтерді қамтитын Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілерін мемлекеттік есепке алудың бірыңғай жүйесі;

15) Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің эталондық бақылау банкі – Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің мемлекеттік тізіліміне олар туралы мәліметтер енгізілген, қағаз жеткізгіштегі нормативтік құқықтық актілер жиынтығы және электрондық құжат нысанындағы нормативтік құқықтық актілердің электрондық жүйесі;

16) Қазақстан Республикасының заңнамасы – белгіленген тәртіппен қабылданған нормативтік құқықтық актілер жиынтығы;

17) Қазақстан Республикасының Конституциясына өзгерістер мен толықтырулар енгізетін заң – Қазақстан Республикасы Конституциясы 62-бабының 3-тармағында және 91-бабының 1-тармағында белгіленген тәртіппен қабылданатын заң;

18) құқық нормасы – реттелетін қоғамдық қатынастар шеңберінде көп мәрте қолдануға арналған, жеке-дара айқындалмаған тұлғалар тобына қолданылатын, тұрақты немесе уақытша сипаттағы жалпыға міндетті мінез-құлық қағидасы;

19) құқықтық акт – республикалық референдумда қабылданған не уәкілетті органдар қабылдаған, құқық нормаларын немесе жеке-дара билік ететін құқықтық нұсқамаларды қамтитын, белгіленген нысандағы жазбаша ресми құжат;

20) құқықтық мониторинг – осы Заңның 50 және 51-баптарына сәйкес жүзеге асырылатын, Қазақстан Республикасы заңнамасының жай-күйі және оны қолдану практикасы туралы ақпаратты үнемі бақылау, жинау, талдау жүйесі;

21) құқық ұқсастығы – заңнаманың мәнін, құқықтың жалпы қағидаттарын және құқықтың нақты салаларының қағидаттарын реттелмеген қоғамдық қатынастарға қолдану;

22) мемлекеттік көрсетілетін қызмет регламенті – мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандартын сақтау жөніндегі талапты белгілейтін және көрсетілетін қызметті берушілердің қызмет ету тәртібін, оның ішінде өзге де көрсетілетін қызметтерді берушілермен, халыққа қызмет көрсету орталықтарымен өзара іс-қимыл жасау тәртібін, сондай-ақ мемлекеттік қызметтерді көрсету процесінде ақпараттық жүйелерді пайдалану тәртібін айқындайтын нормативтік құқықтық акт;

23) мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандарты – мемлекеттік қызмет көрсетуге қойылатын талаптарды белгілейтін, сондай-ақ мемлекеттік қызмет көрсету процесінің сипаттамаларын, нысанын, мазмұны мен нәтижесін қамтитын нормативтік құқықтық акт;

24) нормативтік емес құқықтық акт – құқық нормаларын қамтымайтын, уәкілетті орган өз құзыреті шегінде шығарған (қабылдаған), жеке-дара айқындалған тұлғалардың заңнамада белгіленген құқықтары мен міндеттерін іске асыратын не нормативтік құқықтық актіде қамтылған нормаларға түсіндірме беретін жазбаша ресми құжат, сондай-ақ мемлекеттік жоспарлау жүйесі саласындағы құқықтық актілер;

25) нормативтік құқықтық акт – республикалық референдумда қабылданған не уәкілетті орган қабылдаған, құқық нормаларын белгілейтін, өзгертетін, толықтыратын, олардың қолданысын тоқтататын немесе тоқтата тұратын, белгіленген нысандағы, қағаз жеткізгіштегі жазбаша ресми құжат және сонымен бірдей электрондық құжат;

26) алып тасталды - ҚР 24.05.2018 № 156-VI Заңымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі);

27) Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімі – осы Заңның 7-бабы 2-тармағының 6), 7), 8) және 9) тармақшаларында көрсетілген, Қазақстан Республикасының

әділет органдарында мемлекеттік тіркеуден өткен нормативтік құқықтық актілердің мемлекеттік тіркеу нөмірі мен деректемелері қамтылған жазбаша тізбе;

28) нормативтік құқықтық актінің деңгейі – нормативтік құқықтық актінің нормативтік құқықтық актілер сатысында өзінің заңдық күшіне қарай алатын орны;

29) нормативтік құқықтық актінің заңдық күші – нормативтік құқықтық актінің тиісті қоғамдық қатынастарға қолданылу міндеттілігін, сондай-ақ өзге де нормативтік құқықтық актілерге қатысты басымдығын немесе қоса бағыныстылығын айқындайтын сипаттамасы;

30) нормативтік құқықтық актіні ресми жариялау – осы Заңда көзделген жағдайларда, нормативтік құқықтық актінің толық мәтінін жалпыға бірдей мәлімет үшін электрондық түрде Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің эталондық бақылау банкінде, ресми баспасөз басылымдарында, сондай-ақ мерзімді баспасөз басылымдарында қазақ және орыс тілдерінде жариялау;

31) нормативтік құқықтық актіге ресми түсіндірме беру актісі – осы Заңның 13-тарауында көрсетілген талаптар мен шарттарға сай келетін, нормативтік құқықтық актіде қамтылған нормаларға түсіндірме беретін белгіленген нысандағы жазбаша ресми құжат;

32) нұсқаулық – қоғамдық қатынастардың қандай да бір саласында заңнаманың қолданылуын тиянақтайтын нормативтік құқықтық акт;

33) техникалық регламент – Қазақстан Республикасының техникалық реттеу туралы заңнамасына сәйкес әзірленетін және қолданылатын, өнімге және (немесе) олардың өмірлік циклі процестеріне қойылатын міндетті талаптар белгіленетін нормативтік құқықтық акт;

34) уәкілетті орган – Қазақстан Республикасының Конституциясында, осы Заңда, сондай-ақ осы мемлекеттік органдар мен лауазымды адамдардың құқықтық мәртебесін айқындайтын Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген өздерінің құзыретіне сәйкес құқықтық актілерді

қабылдауға құқылы Қазақстан Республикасының мемлекеттік органдары мен лауазымды адамдары (Қазақстан Республикасының Президенті, Қазақстан Республикасының Парламенті, Парламент Палаталары, Қазақстан Республикасының Үкіметі, Қазақстан Республикасының Конституциялық Кеңесі, Қазақстан Республикасының Жоғарғы Соты, Қазақстан Республикасының Орталық сайлау комиссиясы, Қазақстан Республикасының Республикалық бюджеттің атқарылуын бақылау жөніндегі есеп комитеті, Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі, орталық атқарушы органдар, жергілікті өкілді және атқарушы органдар, әкімдер, өзге де мемлекеттік органдар мен лауазымды адамдар);

35) уәкілетті ұйым – әзірлеуші орган әзірлеген және Қазақстан Республикасының Парламентіне енгізуге жататын заңнамалық актілердің жобалары бойынша қазақ және орыс тілдеріндегі мәтіндердің теңтүпнұсқалылығы бөлігінде ғылыми лингвистикалық сараптаманы жүзеге асыру жөніндегі Қазақстан Республикасының Үкіметі айқындайтын ұйым;

36) шоғырландырылған заң – осы Заңның 9-бабында көзделген салалардағы (аядағы) сипаты жағынан кешенді қоғамдық қатынастарды реттейтін заң.

Ескерту. 1-бапқа өзгерістер енгізілді - ҚР 11.07.2017 № 91-VI (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); 24.05.2018 № 156-VI (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңдарымен.

## **2-бап. Осы Заңның қолданылу аясы**

1. Осы Заң Қазақстан Республикасының құқықтық актілері жүйесін айқындайды, нормативтік құқықтық актілердің және нормативтік емес құқықтық актілердің құқықтық мәртебесінің аражігін ажыратады.

2. Осы Заң:

1) Қазақстан Республикасының Конституциясын қабылдау, өзгерту, толықтыру және оның қолданылуын тоқтату тәртібін;

2) Қазақстан Республикасы Конституциялық Кеңесінің және Қазақстан Республикасы Жоғарғы Сотының нормативтік

қаулыларын қабылдау, өзгерту, толықтыру және олардың қолданылуын тоқтату тәртібін;

3) Қазақстан Республикасының халықаралық шарттарын жасасу, орындау, өзгерту, толықтыру және тоқтату тәртібін;

4) Қазақстан Республикасының әкімшілік құқық бұзушылық туралы заңнамасында, Қазақстан Республикасының қылмыстық-процестік және азаматтық процестік заңнамасында белгіленген жеке-дара қолданылатын құқықтық актілерді қабылдау, өзгерту, толықтыру және олардың қолданылуын тоқтату тәртібін реттемейді.

РҚАО-ның ескертпесі!

2-тармақты 5) тармақшамен толықтыру көзделген - ҚР 05.10.2018 № 184-VI Заңымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін алты ай өткен соң қолданысқа енгізіледі).

**3-бап. Құқықтық актілерге қойылатын жалпы талаптар. Құқықтық актілердің түрлері**

1. Құқықтық актілер мынадай жалпы талаптарға сай келуге:

1) нормативтік немесе жеке-дара билік ететін құқықтық нұсқамаларды қамтуға;

2) республикалық референдумда не осы Заңда және өзге де заңнамалық актілерде белгіленген тәртіппен қабылдануға;

3) айқындалмаған тұлғалар тобына немесе жеке-дара айқындалған тұлғаларға арналуға;

4) қоғамдық қатынастарды реттеуге бағытталуға;

5) жеке және (немесе) заңды тұлғалардың құқықтары мен міндеттерінің туындауына, оларды өзгертуге, толықтыруға немесе тоқтатуға бағытталуға тиіс.

2. Құқықтық актілер мынадай түрлерге:

1) нормативтік құқықтық актілерге;

2) нормативтік емес құқықтық актілерге бөлінеді.

**2-тарау. ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ЗАҢНАМАСЫ**

**4-бап. Қазақстан Республикасы заңнамасының жүйесі, оның тұтастығын қамтамасыз ету**



1. Қазақстан Республикасы заңнамасының жүйесін Қазақстан Республикасының Конституциясы, оған сәйкес келетін заңнамалық актілер, өзге де нормативтік құқықтық актілер, оның ішінде Қазақстан Республикасы Конституциялық Кеңесінің және Қазақстан Республикасы Жоғарғы Сотының нормативтік қаулылары құрайды.

2. Қазақстан Республикасы заңнамасы жүйесінің тұтастығы:

1) нормативтік құқықтық актілерді қабылдау, оларға Қазақстан Республикасының Конституциясында, заңнамалық және өзге де нормативтік құқықтық актілерде белгіленген өзгерістер мен толықтырулар енгізу тәртібін сақтау;

2) Қазақстан Республикасының Конституциясында және осы Заңда бекітілген нормативтік құқықтық актілер сатысын сақтау;

3) азаматтардың құқықтарына, бостандықтары мен міндеттеріне қатысты нормативтік құқықтық актілерді ресми жариялау арқылы қамтамасыз етіледі.

### **5-бап. Қазақстан Республикасы Конституциялық Кеңесінің және Қазақстан Республикасы Жоғарғы Сотының нормативтік қаулылары**

1. Қазақстан Республикасы Конституциялық Кеңесінің нормативтік қаулылары Қазақстан Республикасының Конституциясына ғана негізделеді және барлық өзге де нормативтік құқықтық актілер оларға қайшы келе алмайды.

2. Қазақстан Республикасы Конституциялық Кеңесінің нормативтік қаулылары оларды қабылдауға негіз болған Қазақстан Республикасы Конституциясы нормаларының заңдық күшіне ие болады.

3. Қазақстан Республикасы Жоғарғы Сотының нормативтік қаулысында сот практикасы мәселелері бойынша түсіндірмелер қамтылады.

### **6-бап. Қазақстан Республикасының халықаралық шарттары**

1. Қазақстан Республикасының халықаралық шарттарын жасасу, орындау, өзгерту, толықтыру және тоқтату тәртібі арнайы заңмен айқындалады.

2. Қазақстан Республикасы ратификациялаған халықаралық шарттар оның заңдары алдында басым болады және халықаралық шартта оны қолдану үшін заң шығару талап етілетін жағдайдан басқа реттерде тікелей қолданылады.

## **2-БӨЛІМ. НОРМАТИВТІК ҚҰҚЫҚТЫҚ АКТІЛЕР**

### **3-тарау. НОРМАТИВТІК ҚҰҚЫҚТЫҚ АКТІЛЕР ТУРАЛЫ ЖАЛПЫ ЕРЕЖЕЛЕР**

#### **7-бап. Нормативтік құқықтық актілердің негізгі және туынды түрлері**

1. Нормативтік құқықтық актілер негізгі және туынды болып бөлінеді.

2. Нормативтік құқықтық актілердің негізгі түрлеріне мыналар жатады:

1) Қазақстан Республикасының Конституциясы, Қазақстан Республикасының конституциялық заңдары, Қазақстан Республикасының кодекстері, Қазақстан Республикасының шоғырландырылған заңдары, Қазақстан Республикасының заңдары;

2) Қазақстан Республикасы Президентінің нормативтік құқықтық жарлықтары;

2-1) Қазақстан Республикасы Қауіпсіздік Кеңесі Төрағасының нормативтік құқықтық актілері;

3) Қазақстан Республикасы Парламентінің және оның Палаталарының нормативтік құқықтық қаулылары;

4) Қазақстан Республикасы Үкіметінің нормативтік құқықтық қаулылары;

5) Қазақстан Республикасы Конституциялық Кеңесінің, Қазақстан Республикасы Жоғарғы Сотының нормативтік қаулылары;

6) Қазақстан Республикасы Орталық сайлау комиссиясының, Қазақстан Республикасының Республикалық бюджеттің атқарылуын бақылау жөніндегі есеп комитетінің, Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің және өзге де орталық мемлекеттік органдарының нормативтік құқықтық қаулылары;

7) Қазақстан Республикасы министрлерінің және орталық мемлекеттік органдардың өзге де басшыларының нормативтік құқықтық бұйрықтары;

8) орталық мемлекеттік органдардың ведомстволары басшыларының нормативтік құқықтық бұйрықтары;

9) мәслихаттардың нормативтік құқықтық шешімдері, әкімдіктердің нормативтік құқықтық қаулылары, әкімдердің нормативтік құқықтық шешімдері және тексеру комиссияларының нормативтік құқықтық қаулылары.

3. Нормативтік құқықтық актілердің туынды түрлеріне мыналар жатады:

- 1) ереже;
- 2) техникалық регламент;
- 3) мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандарты;
- 4) мемлекеттік көрсетілетін қызмет регламенті;
- 5) қағидалар;
- 6) нұсқаулық.

Қазақстан Республикасының заңнамалық актілерінде туынды түрдегі нормативтік құқықтық актілердің өзге де нысандары көзделуі мүмкін.

4. Туынды түрдегі нормативтік құқықтық актілер негізгі түрдегі нормативтік құқықтық актілер арқылы қабылданады немесе бекітіледі және олармен біртұтастықты құрайды.

5. Уәкілетті органдардың аумақтық бөлімшелері, сондай-ақ жергілікті бюджеттерден қаржыландырылатын, әкім уәкілеттік берген жергілікті атқарушы органдар нормативтік құқықтық актілер шығаруға құқылы емес.

6. Орталық мемлекеттік органдар ведомстволарының басшылары құрылымына осы ведомство кіретін мемлекеттік органның нормативтік құқықтық актілерінде нормативтік құқықтық бұйрықтарды бекіту жөнінде тікелей құзырет болған кезде нормативтік құқықтық бұйрықтарды қабылдайды және олар адам мен азаматтың құқықтарын және бостандықтарын қозғай алмайды.

Ескерту. 7-бапқа өзгеріс енгізілді - ҚР 11.07.2017 № 91-VI (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн

өткен соң қолданысқа енгізіледі); 05.07.2018 № 179-VI (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі) Заңдарымен.

### **8-бап. Қазақстан Республикасының кодекстерімен реттелетін қоғамдық қатынастар**

Қазақстан Республикасының кодекстері мынадай:

- 1) бюджеттік;
- 2) азаматтық;
- 3) азаматтық процестік;
- 4) неке-отбасы;
- 5) экологиялық;
- 6) су;
- 7) жер;
- 8) орман;
- 9) салық;
- 10) кеден;
- 11) еңбек;
- 12) қылмыстық жазаларды орындауға байланысты;
- 13) әкімшілік жауаптылыққа тартуға байланысты;
- 14) қылмыстық жауаптылыққа тартуға байланысты;
- 15) қылмыстық-процестік;
- 16) денсаулық сақтау саласындағы;
- 17) кәсіпкерлік саласындағы;

18) жер қойнауы және жер қойнауын пайдалану саласындағы біртектес аса маңызды қоғамдық қатынастарды реттеу мақсатында қабылданады.

### **9-бап. Шоғырландырылған заңдармен реттелетін қатынастар**

Қазақстан Республикасының шоғырландырылған заңдары заңнаманың құрылымын жетілдіру мақсатында қабылданады және:

- 1) мемлекеттік мүлік;
- 2) жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару;
- 3) білім және ғылым;
- 4) азаматтық қорғау;
- 5) тұрғын үй қатынастары;

6) қаржы нарығы мен қаржылық ұйымдарды реттеу, бақылау және қадағалау;

7) көлік;

8) рұқсаттар және хабарламалар;

9) оңалту және банкроттық;

10) сәулет, қала құрылысы және құрылыс;

11) адвокаттық қызмет және заң көмегі саласындағы (аясындағы) өзінің сипаты жағынан кешенді қоғамдық қатынастарды реттейтін заңдарды біріктіреді.

Ескерту. 9-бапқа өзгеріс енгізілді – ҚР 05.07.2018 № 177-VI (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңымен.

### **10-бап. Нормативтік құқықтық актілер сатысы**

1. Қазақстан Республикасы Конституциясының жоғары заңдық күші бар.

2. Қазақстан Республикасының Конституциясын қоспағанда, өзге нормативтік құқықтық актілердің заңдық күшінің арақатынасы мынадай төмендей беретін деңгейлерге сәйкес болады:

1) Конституцияға өзгерістер мен толықтырулар енгізетін заңдар;

2) Қазақстан Республикасының конституциялық заңдары;

3) Қазақстан Республикасының кодекстері;

4) Қазақстан Республикасының шоғырландырылған заңдары, заңдары;

5) Қазақстан Республикасы Парламентінің және оның Палаталарының нормативтік қаулылары;

6) Қазақстан Республикасы Президентінің нормативтік құқықтық жарлықтары;

7) Қазақстан Республикасы Үкіметінің нормативтік құқықтық қаулылары;

8) Қазақстан Республикасы министрлерінің және орталық мемлекеттік органдардың өзге де басшыларының нормативтік құқықтық бұйрықтары, Қазақстан Республикасы Орталық сайлау комиссиясының, Қазақстан Республикасы Республикалық бюджеттің атқарылуын бақылау жөніндегі есеп

комитетінің, Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің және өзге де орталық мемлекеттік органдардың нормативтік құқықтық қаулылары;

9) орталық мемлекеттік органдардың ведомстволары басшыларының нормативтік құқықтық бұйрықтары;

10) мәслихаттардың нормативтік құқықтық шешімдері, әкімдіктердің нормативтік құқықтық қаулылары, әкімдердің нормативтік құқықтық шешімдері және тексеру комиссияларының нормативтік құқықтық қаулылары.

3. Төмен тұрған деңгейдегі нормативтік құқықтық актілердің әрқайсысы жоғары тұрған деңгейлердегі нормативтік құқықтық актілерге қайшы келмеуге тиіс.

4. Туынды түрдегі нормативтік құқықтық актінің нормативтік құқықтық актілер сатысындағы орны негізгі түрдегі актінің деңгейімен айқындалады.

5. Қазақстан Республикасы Қауіпсіздік Кеңесі Төрағасының актілері, Қазақстан Республикасы Конституциялық Кеңесінің және Қазақстан Республикасы Жоғарғы Сотының нормативтік қаулылары нормативтік құқықтық актілердің осы бапта белгіленген сатысынан тыс тұрады.

Ескерту. 10-бапқа өзгеріс енгізілді - ҚР 11.07.2017 № 91-VI (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); 05.07.2018 № 179-VI (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі) Заңдарымен.

### **11-бап. Нормативтік құқықтық актілердің тікелей қолданылуы**

1. Егер нормативтік құқықтық актілердің өздерінде немесе оларды қолданысқа енгізу туралы актілерде өзгеше ескертілмесе, барлық нормативтік құқықтық актілер тікелей қолданылады.

2. Қолданысқа енгізілген нормативтік құқықтық актілерді қолдану үшін қандай да болсын қосымша нұсқаулар талап етілмейді.

3. Егер нормативтік құқықтық актінің өзінде оның қандай да бір құқық нормасы қосымша нормативтік құқықтық акт

негізінде қолданылатындығы көрсетілсе, онда бұл норма негізгі және қосымша нормативтік құқықтық актіге сәйкес қолданылады.

Қосымша нормативтік құқықтық акт қабылданғанға дейін тиісті қатынастарды реттейтін нормативтік құқықтық актілер қолданылады.

### **12-бап. Әртүрлі нормативтік құқықтық актілердің құқық нормаларының қайшылықтары**

1. Әртүрлі деңгейдегі нормативтік құқықтық актілердің нормаларында қайшылықтар болған кезде неғұрлым жоғары деңгейдегі актінің нормалары қолданылады.

2. Заңдар нормаларының Қазақстан Республикасы кодекстерінің нормаларымен алшақтығы болған жағдайларда, олар кодекстерге тиісті өзгерістер және (немесе) толықтырулар енгізілгеннен кейін ғана қолданылуы мүмкін.

3. Бір деңгейдегі нормативтік құқықтық актілердің нормаларында қайшылықтар болған кезде қолданысқа кешірек енгізілген акт нормалары қолданылады.

### **13-бап. Заң ұқсастығы мен құқық ұқсастығын пайдалану тәртібі**

1. Нақты қоғамдық қатынастарды реттейтін құқық нормалары болмаған кезде заң ұқсастығы немесе құқық ұқсастығы қолданылуы мүмкін.

2. Нақты қоғамдық қатынастарды реттейтін құқық нормалары болмаған жағдайда, заң ұқсастығы қолданылады.

3. Осы баптың 2-тармағында көзделген жағдайларда заң ұқсастығын пайдалану мүмкін болмаған кезде құқық ұқсастығы пайдаланылады.

4. Заң ұқсастығы мен құқық ұқсастығын қолдану процесінде жеке немесе заңды тұлғалардың жаңа міндеттерін белгілеуге немесе құқықтарын шектеуге жол берілмейді.

Заңнаманың нақты салаларымен реттелетін қатынастарда заң ұқсастығы мен құқық ұқсастығын қолдану мүмкіндігі тиісті заңнамалық актілермен айқындалады.

### **14-бап. Мерзімдерді есептеу**

1. Заңнамада белгіленген мерзім күнтізбелік күнмен немесе басталуы сөзсіз болатын оқиға көрсетіле отырып айқындалады. Мерзім жылдармен, тоқсандармен, айлармен, апталармен, күндермен (тәуліктермен) немесе сағаттармен есептелетін уақыт кезеңі ретінде де белгіленуі мүмкін.

2. Жылдармен есептелетін мерзім оның басталуы айқындалған күнтізбелік күннен немесе оқиға басталған күннен (тәуліктен) басталады және мерзімнің соңғы жылының тиісті айы мен күнінде аяқталады. Егер мерзімнің аяқталуы тиісті күн саны жоқ айға тура келсе, онда мерзім осы айдың соңғы күнінде (соңғы тәулігінде) аяқталады.

Айлармен есептелетін мерзім оның басталуы айқындалған күнтізбелік күннен немесе оқиға басталған күннен (тәуліктен) басталады және мерзімнің соңғы айының тиісті күнінде (күні) аяқталады. Егер мерзімнің аяқталуы тиісті күн саны жоқ айға тура келсе, онда мерзім осы айдың соңғы күнінде (соңғы тәулігінде) аяқталады.

Апталармен есептелетін мерзім оның басталуы айқындалған күнтізбелік күннен немесе оқиға басталған күннен (тәуліктен) басталады және мерзімнің соңғы аптасының тиісті күнінде (тиісті тәулігінде) аяқталады.

Күндермен (тәуліктермен) есептелетін мерзім Қазақстан Республикасының Конституциясында көрсетілген оқиға басталған күннен басталатын конституциялық мерзімдерді қоспағанда, оның басталуы айқындалған күнтізбелік күннен немесе оқиға басталған күннен (тәуліктен) басталады және белгіленген кезеңнің соңғы күнінде (тәулігінде) аяқталады.

Сағаттармен есептелетін мерзім оның басталуы айқындалған оқиға басталған минуттан басталады және белгіленген кезеңнің соңғы минутында аяқталады.

3. Уақыт кезеңімен айқындалатын мерзімнің өтуі Қазақстан Республикасының Конституциясында көрсетілген оқиға басталған күннен басталатын конституциялық мерзімдерді қоспағанда, оның басталуы айқындалған күнтізбелік күннен немесе оқиға басталғаннан кейінгі келесі күні басталады.



Егер мерзімнің соңғы күні жұмыс күні болмаса, мерзімнің аяқталу күні сол күннен кейінгі таяудағы келесі жұмыс күні болып есептеледі.

#### **4-тарау. НОРМАТИВТІК ҚҰҚЫҚТЫҚ АКТІЛЕРДІҢ ЖОБАЛАРЫН ДАЙЫНДАУДЫ ЖОСПАРЛАУ**

##### **15-бап. Нормативтік құқықтық актілердің жобаларын дайындау жоспарлары**

1. Нормативтік құқықтық актілердің жобаларын дайындау жоспарлары бір жылға жасалатын ағымдағы және неғұрлым ұзақ мерзімге жасалатын перспективалық болып бөлінеді.

Перспективалық жоспарларда неғұрлым маңызды нормативтік құқықтық актілерді, сондай-ақ оларды дайындау бір жылдан астам мерзімге жоспарланатын нормативтік құқықтық актілерді әзірлеу көзделеді.

2. Дайындау жоспарларында:

1) нормативтік құқықтық актінің деңгейін, нысанын және реттеу нысанасын көрсететін атауы;

2) дайындау мерзімдері;

3) жобаны әзірлеуге жауапты органдар мен ұйымдар көрсетіледі.

3. Егер осы Заңда және Қазақстан Республикасының басқа да заңнамасында өзгеше көзделмесе, нормативтік құқықтық актілерді дайындау жоспарларын тиісті актілерді қабылдауға құзыретті уәкілетті органдар жасап, бекіте алады.

4. Нормативтік құқықтық актілердің жобаларын дайындау жоспарларын жасаған кезде мемлекеттік және өзге де органдар мен ұйымдардың, оның ішінде ғылыми ұйымдардың ұсыныстары, сондай-ақ Қазақстан Республикасы Ұлттық кәсіпкерлер палатасының және өзге де мүдделі тұлғалардың құқықтық мониторинг қорытындылары бойынша дайындалған ұсыныстары ескеріледі.

5. Нормативтік құқықтық актілердің жобаларын дайындау жоспарларын жасайтын және бекітетін уәкілетті органдар

жоспарларға осы актілердің дайындалуын көрсететін басқа көрсеткіштерді де енгізе алады.

6. Қазақстан Республикасының Президенті шығаратын нормативтік құқықтық актілердің жобаларын дайындауды жоспарлау тәртібі мен нысандарын Қазақстан Республикасының Президенті айқындайды.

### **16-бап. Заңнамалық актілердің жобаларын дайындауды жоспарлау**

1. Заңнамалық актілердің жобаларын дайындауды перспективалық жоспарлау Заң шығару жұмысының тұжырымдамалық жоспары шеңберінде жүзеге асырылады.

2. Заң шығару жұмысының тұжырымдамалық жоспары Қазақстан Республикасы Парламентінің кезекті сайланымы кезеңіне қабылданады және Қазақстан Республикасы Парламентінің сессиялары бөлінісінде заңнамалық актілердің жобаларын (Қазақстан Республикасы Парламентінің және оның Палаталарының қаулыларын қоспағанда) дайындау солардың шеңберінде болжанатын заңнама салаларын (аясын) көрсетеді.

3. Заң шығару жұмысының тұжырымдамалық жоспары Қазақстан Республикасы Парламенті Палаталарының және Қазақстан Республикасы Үкіметінің шоғырландырылған ұсыныстары негізінде жасалады.

4. Заң шығару жұмысының тұжырымдамалық жоспарын Қазақстан Республикасының Әділет министрлігі әзірлейді, Қазақстан Республикасының Үкіметі Қазақстан Республикасы Парламенті Палаталарының төрағаларымен келісуге енгізеді және Қазақстан Республикасының Президенті бекітеді.

5. Заң шығару жұмысының тұжырымдамалық жоспарын іске асыру мақсатында Қазақстан Республикасының Үкіметі бір жылға жасалатын заң жобалау жұмыстарының ағымдағы жоспарларын бекітеді.

6. Заң жобалау жұмыстарының ағымдағы жоспарларын Қазақстан Республикасының Әділет министрлігі әзірлейді және олар Қазақстан Республикасының Президентімен келісіледі.

7. Қазақстан Республикасы Үкіметінің заң жобалау жұмыстарының ағымдағы жоспарлары:

1) әзірленуі алдағы жылы болжанатын, оның деңгейін, нысанын және реттеу нысанын көрсететін заң жобасының атауын;

2) заң жобасын әзірлеу және Қазақстан Республикасының Парламентіне ұсыну мерзімдерін;

3) заң жобасын әзірлеуге жауапты органдар мен ұйымдарды қамтуға тиіс.

8. Қазақстан Республикасының Парламенті қабылдайтын заңнамалық актілердің жобаларын дайындауды жоспарлау тәртібі мен нысандарын Парламент және оның Палаталары Қазақстан Республикасы Конституциясы 61-бабының 3-тармағында белгіленген өз құзыреттеріне сәйкес айқындайды.

9. Осы баптың талаптары Қазақстан Республикасы Президентінің және Қазақстан Республикасы Парламенті депутаттарының заң шығару бастамасы тәртібімен Қазақстан Республикасы Парламентінің Мәжілісіне енгізілетін заңнамалық актілердің жобаларын дайындауға қолданылмайды.

## **5-тарау. НОРМАТИВТІК ҚҰҚЫҚТЫҚ АКТІЛЕРДІҢ ЖОБАЛАРЫН ДАЙЫНДАУ ЖӘНЕ РЕСІМДЕУ**

### **17-бап. Нормативтік құқықтық актілердің жобаларын әзірлеушілер**

1. Президент Әкімшілігі, Үкімет, өзге де мемлекеттік органдар – Қазақстан Республикасы Президентінің тапсырмасы немесе Қазақстан Республикасы Президентінің тапсырмасына негізделген Қазақстан Республикасы Президенті Әкімшілігі Басшысының тапсырмасы бойынша, олармен келісу бойынша – ұйымдар мен азаматтар Қазақстан Республикасы Президентінің заң шығару бастамасы тәртібімен Қазақстан Республикасы Парламентінің Мәжілісіне енгізілетін заңнамалық актілер жобаларының әзірлеушілері бола алады.

Парламент депутаттары Қазақстан Республикасы Парламенті депутаттарының заң шығару бастамасы тәртібімен дайындалатын заңнамалық актілер жобаларының әзірлеушілері болып табылады.

Орталық мемлекеттік органдар Қазақстан Республикасы Үкіметінің заң шығару бастамасы тәртібімен дайындалатын заңнамалық актілер жобаларының әзірлеушілері болып табылады.

2. Қазақстан Республикасы Президентінің заң шығару бастамасы тәртібімен Қазақстан Республикасы Парламентінің Мәжілісіне енгізілетін заң жобаларын әзірлеу туралы ұсыныстарды Қазақстан Республикасы Президентінің қарауына оның Әкімшілігі, Қазақстан Республикасының Үкіметі, орталық мемлекеттік, жергілікті атқарушы және өкілді органдар, жергілікті өзін-өзі басқару органдары, сондай-ақ ұйымдар мен азаматтар енгізе алады.

3. Өзге де нормативтік құқықтық актілердің жобаларын, егер Қазақстан Республикасының заңнамасында өзгеше белгіленбесе, Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген өздерінің құзыретіне сәйкес мемлекеттік органдар өз бастамасымен немесе жоғары тұрған мемлекеттік органдардың және лауазымды адамдардың тапсырмалары бойынша әзірлейді.

4. Өзге де органдар, ұйымдар мен азаматтар нормативтік құқықтық актілерді әзірлеу жөнінде ұсыныстар енгізуге немесе мұндай актілердің бастамашылық жобаларын әзірлеуші органдардың қарауына беруге құқылы. Әзірлеуші органдар оларды өздері әзірлейтін нормативтік құқықтық актілердің жобалары үшін негіз ретінде қабылдауы немесе олардың одан әрі әзірленуін және жобалардың қабылдануын орынсыз деп тануы мүмкін.

### **18-бап. Нормативтік құқықтық актінің жобасын әзірлеу тәртібі**

1. Әзірлеуші орган жобаны дайындау жөніндегі жұмыс тобын құрады немесе оны дайындауды өз бөлімшелеріне тапсырады.

Егер Қазақстан Республикасының заңнамасында өзгеше белгіленбесе, әзірлеуші орган нормативтік құқықтық актінің жобасын дайындауды өзіне ведомстволық бағынысты органдар мен ұйымдарға тапсыра алады немесе бөлінген бюджет

қаражаты мен гранттарды осы мақсаттарға пайдалана отырып, оны дайындауға шарттық негізде мамандарға, Қазақстан Республикасының Ұлттық кәсіпкерлер палатасына, жеке кәсіпкерлік субъектілерінің бірлестіктеріне, ғылыми мекемелерге, жекелеген ғалымдарға және ұжымдарға, оның ішінде шетелдіктерге, тиісті салалардағы сарапшыларға тапсыра алады.

Уәкілетті орган нормативтік құқықтық актілердің балама жобаларын дайындауды бірнеше мемлекеттік органдар мен ұйымдарға тапсыруға немесе оларды әзірлеуді шарттық негізде, оның ішінде конкурс бойынша Қазақстан Республикасының Ұлттық кәсіпкерлер палатасына, бірнеше ғылыми мекемелерге немесе ғалымдарға тапсыруға құқылы.

Нормативтік құқықтық актінің жобасын дайындауға нормативтік құқықтық актінің жобасын дайындауға жауапты әзірлеуші органның заң бөлімшесі қызметкерлерінің қатысуы міндетті.

Жеке кәсіпкерлік субъектілерінің мүдделерін қозғайтын нормативтік құқықтық актілерді әзірлеуге Қазақстан Республикасының Ұлттық кәсіпкерлер палатасы және жеке кәсіпкерлік субъектілерінің аккредиттелген бірлестіктері өкілдерінің қатысуы міндетті.

Қазақстан Республикасы Парламентінің депутаттары заң жобасын дайындау жөніндегі жұмыс тобының жұмысына кез келген сатыда қатысуға құқылы.

2. Уәкілетті орган заң жобасын әзірлеу басталғанға дейін оның тұжырымдамасын әзірлейді.

Осы талап заң жобаларын Қазақстан Республикасы Президентінің заң шығару бастамасы тәртібімен әзірлеу жағдайларына қолданылмайды.

Заң жобалары тұжырымдамаларын қарау тәртібі және оларға қойылатын талаптар Қазақстан Республикасының Үкіметі бекітетін Қазақстан Республикасының уәкілетті органдарында заң жобалау жұмысын ұйымдастыру қағидаларымен айқындалады.

Жеке кәсіпкерлік субъектілерінің мүдделерін қозғайтын заң жобасының тұжырымдамасы осы Заңның 19-бабында көзделген тәртіппен сараптама қорытындысын алу үшін заң жобасының тұжырымдамасына сәйкес келетін, әзірлеуші мемлекеттік органның жанынан Қазақстан Республикасының Кәсіпкерлік кодексіне сәйкес құрылған сараптама кеңесіне және Қазақстан Республикасының Ұлттық кәсіпкерлер палатасына жіберілуге тиіс.

3. Заңдардың, Қазақстан Республикасы Президентінің нормативтік құқықтық жарлықтарының, Қазақстан Республикасы Үкіметінің нормативтік құқықтық қаулыларының жобаларын және басқа да уәкілетті органдардың нормативтік құқықтық актілерінің жобаларын дайындауға әртүрлі білім салаларының мамандары, ғылыми мекемелер мен ғылыми қызметкерлер, қоғамдық бірлестіктердің өкілдері тартылуы мүмкін.

4. Уәкілетті органдардың бір деңгейдегі заңға тәуелді нормативтік құқықтық актілерінің жобаларын бірнеше уәкілетті орган әзірлеуі, ал қажет болғанда – қабылдауы мүмкін.

Бірнеше уәкілетті органның заңға тәуелді нормативтік құқықтық актілерінің жобаларын олар осы Заңда көзделген тәртіппен бірлесіп әзірлейді және уәкілетті органдардың басшылары қол қоятын бірлескен нормативтік құқықтық актілер түрінде қабылдайды.

Бірлескен нормативтік құқықтық актілердің туынды түрлері туынды нормативтік құқықтық актіні қабылдаған уәкілетті органдардың негізгі нормативтік құқықтық актілері арқылы бекітіліп, онда туынды актіні қабылдауға арқау болған негізгі нормативтік құқықтық актілер көрсетіледі.

5. Қазақстан Республикасы Президентінің заң шығару бастамасы тәртібімен заңнамалық актінің жобасын әзірлеу тапсырылған Қазақстан Республикасы Президентінің Әкімшілігі немесе Қазақстан Республикасының өзге де мемлекеттік органдары, егер Қазақстан Республикасының Президенті немесе оның тапсырмасы бойынша Қазақстан

Республикасы Президенті Әкімшілігінің Басшысы өзгеше мерзім белгілемесе, заңнамалық актінің жобасын әзірлеуді бір ай мерзімде жүзеге асырады.

6. Осы Заңның 7-бабы 2-тармағының 3), 5), 6), 7), 8) және 9) тармақшаларында көзделген нормативтік құқықтық актілерді қоспағанда, Қазақстан Республикасы Үкіметінің заң шығару бастамасы тәртібімен әзірленген нормативтік құқықтық актілердің жобалары бойынша заң сараптамасын Қазақстан Республикасының Әділет министрлігі жүргізеді.

7. Егер Қазақстан Республикасы заңнамалық актісінің, Қазақстан Республикасы Президентінің нормативтік құқықтық жарлығының, Қазақстан Республикасы Үкіметінің нормативтік құқықтық қаулысының дайындалып жатқан жобасының құқық нормаларын іске асыру үшін бір деңгейдегі немесе төмен тұрған деңгейдегі нормативтік құқықтық актілерге өзгерістер және (немесе) толықтырулар енгізу қажет болса, онда негізгі түрдегі нормативтік құқықтық актінің жобасымен бір мезгілде көрсетілген өзгерістері және (немесе) толықтырулары бар актілердің жобалары дайындалуға немесе тиісті органдарға осындай актілерді дайындау туралы тапсырмалар берілуге тиіс.

8. Қазақстан Республикасы Конституциялық Кеңесінің және Қазақстан Республикасы Жоғарғы Сотының нормативтік қаулыларын қоспағанда, заң жобалары тұжырымдамаларының және нормативтік құқықтық актілердің әзірленген жобалары түсіндірме жазбаларымен және оларға салыстырма кестелерімен (заңнамалық актілерге өзгерістер және (немесе) толықтырулар енгізілген жағдайларда) бірге мүдделі мемлекеттік органдарға келісуге жіберілгенге дейін ашық нормативтік құқықтық актілердің интернет-порталына көпшілік талқылауы үшін орналастырылады.

Ашық нормативтік құқықтық актілердің интернет-порталына заң жобалары тұжырымдамаларының жобалары мен нормативтік құқықтық актілердің жобаларын орналастыру және оларды көпшілік талқылауы тәртібін ақпараттандыру саласындағы уәкілетті орган Қазақстан Республикасының Әділет министрлігімен келісу бойынша белгілейді.

Егер Қазақстан Республикасының заңдарында және ратификацияланған халықаралық шарттарда өзгеше көзделмесе, тауарлардың, көрсетілетін қызметтердің саудасына немесе зияткерлік меншік құқықтарына қатысты нормативтік құқықтық актілердің жобалары көпшілік талқылауы үшін олар қабылданғанға дейін кемінде күнтізбелік 30 күн мерзімде уәкілетті мемлекеттік органдардың интернет-ресурстарына орналастырылады.

9. Осы баптың ережелері Қазақстан Республикасы Парламенті депутаттарының заң шығару бастамасы құқығымен байланысты қатынастарға қолданылмайды.

Ескерту. 18-бапқа өзгеріс енгізілді - ҚР 24.05.2018 № 156-VI Заңымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

**19-бап. Жеке кәсіпкерлік субъектілерінің мүдделерін қозғайтын нормативтік құқықтық актілерді әзірлеу және қабылдау ерекшеліктері**

1. Әзірлеуші органдар кәсіпкерлік субъектілерінің мүдделерін қозғайтын нормативтік құқықтық актінің тиісті жобасын сараптама қорытындыларын алу үшін, оның ішінде осы жобаны мүдделі мемлекеттік органдармен әрбір келесі келісу кезінде ашық нормативтік құқықтық актілер интернет-порталында орналастырғаны туралы хабарламаны сараптама кеңестеріне және Қазақстан Республикасының Ұлттық кәсіпкерлер палатасына жібереді.

Сараптама кеңестерінің мүшелері және Қазақстан Республикасының Ұлттық кәсіпкерлер палатасы сараптама қорытындысын белгіленген мерзімде ұсынбаған жағдайда, нормативтік құқықтық актінің жобасы ескертусіз келісілді деп есептеледі.

Бұл ретте тиісті жобаларды келісу кезінде мемлекеттік органдарға әзірлеуші мемлекеттік органдардан тиісті мемлекеттік орган айқындаған, бірақ сараптама кеңесінің мүшесі және Қазақстан Республикасының Ұлттық кәсіпкерлер палатасы хабарламаларды алған күннен бастап он жұмыс күнінен аз емес мерзімдерде сараптама қорытындысын



ұсынбаған сараптама кеңестерінің мүшелерінен және Қазақстан Республикасының Ұлттық кәсіпкерлер палатасынан сараптама қорытындыларын алуды талап етуге тыйым салынады.

2. Жеке кәсіпкерлік субъектілерінің мүдделерін қозғайтын нормативтік құқықтық актілердің жобаларына қатысты Қазақстан Республикасының Кәсіпкерлік кодексінде белгіленген жағдайларда және тәртіппен реттеушілік әсерге талдау жүргізіледі.

3. Сараптама қорытындылары сараптама кеңесі мүшесінің немесе Қазақстан Республикасының Ұлттық кәсіпкерлер палатасының жазбаша ұстанымын білдіреді, ұсынымдық сипатта болады және заң жобасының тұжырымдамасына, нормативтік құқықтық актінің жобасына ол қабылданғанға дейін, оның ішінде осы жобаны мүдделі мемлекеттік органдармен әрбір келесі келісу кезінде міндетті қосымшалар болып табылады.

Сараптама қорытындылары қазақ және орыс тілдерінде ұсынылады.

4. Әзірлеуші органдар сараптама қорытындыларын қарауды Қазақстан Республикасының Кәсіпкерлік кодексіне сәйкес жүзеге асырады.

5. Жеке кәсіпкерлік субъектілерінің мүдделерін қозғайтын нормативтік құқықтық актіні қолданысқа енгізу мерзімдері Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленетін талаптарға сәйкес қызметін жүзеге асыруға дайындалу үшін жеке кәсіпкерлік субъектілеріне қажетті мерзімдер негізге алынып белгіленуге тиіс.

Нормативтік құқықтық актілерді қолданысқа енгізу тәртібі мен мерзімдері жеке кәсіпкерлік субъектілеріне нұқсан келтірмеуге тиіс.

6. Осы бапта көзделген рәсімдер жеке кәсіпкерлік субъектілерінің мүдделерін қозғайтын нормативтік құқықтық актілерді қабылдаудың міндетті шарттары болып табылады.

7. Жеке кәсіпкерлік субъектілерінің мүдделерін қозғайтын нормативтік құқықтық актілердің жобалары оларды сараптама кеңесі және Қазақстан Республикасының Ұлттық кәсіпкерлер

палатасы қарағанға дейін, интернет-ресурстарда орналастыруды қоса алғанда, бұқаралық ақпарат құралдарында міндетті түрде жариялануға (таратылуға) жатады.

Ескерту. 19-бап жаңа редакцияда - ҚР 24.05.2018 № 156-VI Заңымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

## **20-бап. Азаматтардың құқықтарына, бостандықтары мен міндеттеріне қатысты нормативтік құқықтық актілерді әзірлеу мен қабылдау ерекшеліктері**

1. Азаматтардың құқықтарына, бостандықтары мен міндеттеріне қатысты нормативтік құқықтық актілердің жобаларын әзірлеу процесіне коммерциялық емес ұйымдарды, азаматтарды тарту мақсатында "Қоғамдық кеңестер туралы" Қазақстан Республикасының Заңында белгіленген тәртіппен қоғамдық кеңестер құрылады.

2. Орталық мемлекеттік органдар, жергілікті өкілді және атқарушы органдар азаматтардың құқықтарына, бостандықтары мен міндеттеріне қатысты нормативтік құқықтық актінің жобасын "Қоғамдық кеңестер туралы" Қазақстан Республикасының Заңында белгіленген тәртіппен құрылатын қоғамдық кеңестерге жібереді.

Азаматтардың құқықтары мен бостандықтарын қозғайтын нормативтік құқықтық актінің жобасы бойынша ұсынымдарды беру үшін белгіленетін мерзім ол Қоғамдық кеңеске келіп түскен кезден бастап он жұмыс күнінен кем болмауы керек.

Қоғамдық кеңес мемлекеттік орган белгілеген мерзімде ұсынымдар бермеген жағдайда, нормативтік құқықтық актінің жобасы ескертусіз келісілді деп есептеледі.

Ұсынымдар нормативтік құқықтық актінің жобасы қабылданғанға дейін, оның ішінде мүдделі мемлекеттік органдармен осы жобаны әрбір келесі келісу кезінде оған міндетті қосымша болып табылады.

Ұсынымдар қазақ және орыс тілдерінде ұсынылады.

3. Орталық мемлекеттік орган, жергілікті өкілді немесе жергілікті атқарушы орган Қоғамдық кеңестің ұсынымдарымен

келіскен кезде нормативтік құқықтық актінің жобасына тиісті өзгерістер және (немесе) толықтырулар енгізеді.

Орталық мемлекеттік орган, жергілікті өкілді немесе жергілікті атқарушы орган ұсынымдармен келіспеген жағдайда, тиісті Қоғамдық кеңеске он жұмыс күні ішінде келіспеуінің себептерін негіздей отырып, жауап жібереді. Негіздемесі бар мұндай жауаптар нормативтік құқықтық актінің жобасы қабылданғанға дейін оған міндетті қосымша болып табылады.

## **21-бап. Нормативтік құқықтық актінің жобасын мүдделі мемлекеттік органдармен және ұйымдармен келісу**

1. Нормативтік құқықтық актінің дайындалған жобасы, ал қажет болған кезде оны іске асыру мақсатында қабылданатын басқа нормативтік құқықтық актінің жобасы мүдделі мемлекеттік органдармен және ұйымдармен келісуге жіберіледі.

Мемлекеттік кірістерді қысқартуды немесе мемлекеттік шығыстарды ұлғайтуды көздейтін нормативтік құқықтық актілердің жобаларына қаржы-экономикалық есеп-қисаптар қоса беріледі.

Егер заң жобасында қамтылған құқық нормаларын іске асыру үшін заңға тәуелді нормативтік құқықтық актілер қабылдау қажет болса (егер ондай қажеттілік болмаса, онда ол ілеспе хатта көрсетіледі), заң жобасына заңға тәуелді нормативтік құқықтық актілердің жобалары қоса беріледі. Егер заңға тәуелді нормативтік құқықтық актінің жобасын әзірлеу басқа мемлекеттік органның құзыретіне жататын болса, онда осы мемлекеттік орган заңға тәуелді нормативтік құқықтық актінің тиісті жобасын әзірлеуші органға ұсынады.

2. Қазақстан Республикасы Президенті актілерінің жобаларын және Қазақстан Республикасының Президенті немесе Қазақстан Республикасы Парламентінің депутаттары заң шығару бастамасы тәртібімен енгізетін заңнамалық актілердің жобаларын қоспағанда, нормативтік құқықтық актілердің жобалары міндетті түрде келісілуге жататын мемлекеттік органдардың тізбесін Қазақстан Республикасының Үкіметі айқындайды.

3. Қазақстан Республикасы Президентінің заң шығару бастамасы тәртібімен дайындалған заңнамалық актілердің жобалары Қазақстан Республикасының Президенті немесе оның тапсырмасы бойынша Қазақстан Республикасы Президенті Әкімшілігінің Басшысы айқындайтын жағдайларда Қазақстан Республикасының мүдделі мемлекеттік органдарымен келісіледі.

4. Нормативтік құқықтық актінің жобасы келісілуге жіберілген мемлекеттік органдар мен ұйымдар, егер Қазақстан Республикасының Президенті, Қазақстан Республикасының Үкіметі өзгеше белгілемесе, оны алған күннен бастап күнтізбелік отыз күн ішінде нормативтік құқықтық актінің жобасы бойынша өз ескертулері мен ұсыныстарын дайындауға немесе олардың жоқтығы туралы нормативтік құқықтық актінің жобасын әзірлеген әзірлеуші органға хабарлауға тиіс.

Қазақстан Республикасы Президентінің заң шығару бастамасы тәртібімен Қазақстан Республикасының Мәжілісіне енгізілетін заңнамалық актілер жобаларының келісілу мерзімі, егер Қазақстан Республикасының Президенті немесе оның тапсырмасы бойынша Қазақстан Республикасы Президенті Әкімшілігінің Басшысы өзге, неғұрлым қысқа мерзім белгілемесе, он жұмыс күнінен аспауы керек.

Мемлекеттік органның нормативтік құқықтық актінің жобасы бойынша ескертулері кемшіліктерді жою жөніндегі ұсыныстарды қамтуға, негізделген және тиянақты болуға, жазбаша нысанда ұсынылуға тиіс.

5. Әзірлеуші орган нормативтік құқықтық актінің жобасын алынған ескертулер бойынша пысықтап, қабылданған және қабылданбаған ескертулер, ескертулерді қабылдамау уәждері туралы анықтама жасайды.

6. Жұмыс тобын құрған әзірлеуші орган нормативтік құқықтық актінің жобасына жұмыс тобында талқылануға тиісті өзгерістер және (немесе) толықтырулар енгізе алады немесе нормативтік құқықтық актінің жобасын жұмыс тобына пысықтауға қайтара алады.

7. Заңға тәуелді нормативтік құқықтық актілердің жобаларын әзірлеу, олардың келісілу тәртібін Қазақстан Республикасының Үкіметі айқындайды.

## **22-бап. Нормативтік құқықтық актінің деректемелері**

Нормативтік құқықтық актілердің мынадай деректемелері болуға тиіс:

1) Қазақстан Республикасының Мемлекеттік Елтаңбасы;

2) акт нысанына нұсқау: Қазақстан Республикасының Конституциясына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы Қазақстан Республикасының Заңы; Қазақстан Республикасының конституциялық заңы; Қазақстан Республикасының кодексі; Қазақстан Республикасының шоғырландырылған заңы; Қазақстан Республикасының заңы; Қазақстан Республикасы Парламентінің қаулысы; Қазақстан Республикасы Парламенті Сенатының қаулысы; Қазақстан Республикасы Парламенті Мәжілісінің қаулысы; Қазақстан Республикасы Президентінің жарлығы; Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысы; Министрдің бұйрығы; орталық мемлекеттік орган басшысының бұйрығы; ведомство басшысының бұйрығы; орталық мемлекеттік органның қаулысы; мәслихаттың шешімі; әкімдіктің қаулысы; әкімнің шешімі; тексеру комиссияның қаулысы және нормативтік құқықтық актінің осы Заңда көзделген өзге де нысаны;

3) нормативтік құқықтық актінің реттеу нысанасын білдіретін тақырып;

4) нормативтік құқықтық актінің қабылданған жері мен күні;

5) нормативтік құқықтық актінің тіркеу нөмірі;

6) нормативтік құқықтық актілерге қол қоюға уәкілеттік берілген адамның немесе адамдардың қолтаңбалары;

7) осы Заңның 7-бабы 2-тармағының 6), 7), 8) және 9) тармақшаларында көзделген нормативтік құқықтық актінің мемлекеттік тіркелген күні мен нөмірін көрсету;

8) елтаңбалы мөр.

Ескерту. 22-бапқа өзгеріс енгізілді - ҚР 11.07.2017 № 91-VI Заңымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін

күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

### **23-бап. Нормативтік құқықтық актінің құрылымы**

1. Құқық нормаларын қамтитын абзац, бөлік, тармақша, тармақ және бап нормативтік құқықтық актінің негізгі құрылымдық элементтері болып табылады.

Нормативтік құқықтық акт бабының, тармағы мен тармақшасының ішінде бөлік – қисынды аяқталған, абзац арқылы бөлініп көрсетілген, бас әріптен басталатын құқықтың жеке нормасы болуы мүмкін. Егер тармақшада бірнеше бөлік болса, тармақшаның бірінші бөлігі кіші әріптен басталады.

Бөліктің бас әріппен басталатын бірінші абзацын қоспағанда, мәтіннің кіші әріптен басталатын, бірінші жолда абзац арқылы бөлініп көрсетілетін және мағыналық біртұтастықты білдіретін бөлігі абзац деп есептеледі. Абзацтар (бөліктің бірінші және соңғы абзацтарынан басқасы) нүктелі үтірмен аяқталады.

Заңнамалық актілер, әдетте, "бап" деген атауы бар баптардан тұрады, олар бөлікті, тармақты, тармақшаны және абзацты қамтуы мүмкін.

Өзге де нормативтік құқықтық актілер олардың атауында "тармақ" деген сөз жазылмайтын тармақтардан тұрады, олар тармақшаларды, бөліктерді, абзацтарды қамтуы мүмкін.

2. Көлемі ауқымды нормативтік құқықтық актілердің мазмұны жағынан жақын баптары (тармақтары) тарауларға біріктірілуі мүмкін. Мазмұны жағынан жақын бірнеше тарау – бөлімдерге, ал бөлімдер нормативтік құқықтық актінің бөліктеріне біріктірілуі мүмкін. Көлемі жағынан үлкен тараулар мен бөлімдерде тиісінше параграфтар және кіші бөлімдер бөлініп көрсетілуі мүмкін. Кодекстерде ішкі құрылымның басқа да белгілемелері пайдаланылуы мүмкін.

Нормативтік құқықтық актілердегі тарау, параграф, бөлім, кіші бөлім тиісінше "тарау", "параграф", "бөлім", "кіші бөлім" деген сөздермен белгіленеді.

3. Кодекс, әдетте, атауында "бөлік" деген сөз жазылмайтын бөліктерге бөлінетін баптардан тұрады, олар араб цифрларымен нөмірленеді.

4. Нормативтік құқықтық актінің әрбір тармағы, бабы, параграфы, тарауы, кіші бөлімі және бөлімі араб цифрларымен нөмірленеді. Нормативтік құқықтық акт баптарының, тарауларының, бөлімдерінің және бөліктерінің нөмірленуі тұтас болып табылады. Нормативтік құқықтық актінің әрбір тарауындағы параграфтардың нөмірленуі және әрбір бөліміндегі кіші бөлімдердің нөмірленуі дербес болып табылады.

5. Нормативтік құқықтық актілердің тармақтарындағы (баптарындағы) тармақшаларының, баптарындағы тармақтардың, сондай-ақ жекелеген кодекстер баптарындағы бөліктердің нөмірленуі әрбір бап үшін дербес болады. Тармақтардағы тармақшалардың нөмірленуі араб цифрларымен жақша арқылы мынадай түрде белгіленеді: 1), 2), 3) және одан әрі қарай.

6. Заңды қабылдау мақсаттарына және оның алдында тұрған негізгі міндеттерге түсіндірме беру қажет болған жағдайларда, құқық нормаларын жазудың алдынан кіріспе бөлік (кіріспе) беріледі.

Кіріспе бөлік (кіріспе) Қазақстан Республикасының заңнамалық актілеріне өзгерістер және (немесе) толықтырулар енгізу туралы заң жобаларында жазылмайды.

7. Нормативтік құқықтық актіде пайдаланылатын терминдер мен анықтамаларды нақтылау қажет болғанда, онда олардың мәніне түсіндірме беретін бап (тармақ) болады. Қазақ тіліндегі нормативтік құқықтық актідегі терминдер мен анықтамалар әліпбилік ретпен орналастырылады. Орыс тіліндегі нормативтік құқықтық актідегі терминдер мен анықтамалар қазақ тілінде жазылған ретке сәйкес болуға тиіс.

Нормативтік құқықтық актіде пайдаланылатын терминдер мен анықтамалар біртектес қоғамдық қатынастарды реттейтін жоғары тұрған нормативтік құқықтық актіде қолданылатын терминдер мен анықтамаларға сәйкес келуге тиіс.

8. Нормативтік құқықтық актінің құрылымдық элементі тиісті нұсқауларды нормативтік құқықтық актінің мәтінінде

құқық нормасының мәніне нұқсан келтірмей жазу мүмкін болмаған кезде ескертпемен толықтырылуы мүмкін.

9. Пайдалануға ыңғайлы болу үшін нормативтік құқықтық актінің әрбір бабының, тарауының, бөлімінің, бөлігінің, сондай-ақ тарауының параграфы мен бөлімінің кіші бөлімінің тақырыптары болуға тиіс.

Бұл талап республикалық бюджет туралы заңға және заңнамалық актілерге өзгерістер және (немесе) толықтырулар енгізу туралы заңнамалық актілердің баптарына қолданылмайды.

Нормативтік құқықтық акт бөліктерінің, бөлімдерінің, кіші бөлімдерінің, тарауларының және параграфтарының тақырыптары алдыңғы мәтіннен – екі, ал келесі мәтіннен бір жоларалық интервалмен бөлінеді.

Нормативтік құқықтық актінің, оның бабының, тарауының, бөлігінің, бөлімінің, кіші бөлімінің және параграфының тақырыбы нормативтік құқықтық актінің өзінің, сондай-ақ тиісті бабының, тарауының, бөлігінің, бөлімінің, кіші бөлімінің және параграфының реттеу нысанасын көрсетуге тиіс.

10. Кодекстің құрылымына мазмұн кіреді. Баптың тақырыбына өзгеріс және (немесе) толықтыру енгізген кезде, сондай-ақ кодексті баптармен толықтырған немесе кодекстен баптарды алып тастаған кезде мазмұнға тиісті өзгерістер және (немесе) толықтырулар енгізу қажет.

11. Нормативтік құқықтық актінің құрылымына қосымшалар енгізілуі мүмкін.

## **24-бап. Нормативтік құқықтық акт мәтінінің мазмұнына және жазылу стиліне қойылатын талаптар**

1. Мемлекеттік органдардың қоғамдық қатынастарды мемлекеттік реттеу саласындағы құзыреті, функциялары мен міндеттері нормативтік құқықтық актілерде Қазақстан Республикасының әкімшілік рәсімдер туралы заңнамасына сәйкес мемлекеттік басқару деңгейі бойынша аражігі нақты ажыратылып белгіленуге тиіс.



Мемлекеттік органдардың типтік функцияларын айқындау жөніндегі әдістемелік ұсынымдарды Қазақстан Республикасының Үкіметі қабылдайды.

2. Нормативтік құқықтық актінің мәтіні бірыңғай қаріппен басылуға тиіс.

3. Нормативтік құқықтық актінің мәтіні әдеби тіл нормалары, заң терминологиясы және заң техникасы сақтала отырып жазылады, оның ережелері барынша қысқа болуға, нақты мағынаны және әртүрлі түсіндіруге жатпайтын мағынаны қамтуға тиіс. Нормативтік құқықтық актінің мәтінінде мағыналық және құқықтық жүктемесі жоқ декларативтік сипаттағы ережелер қамтылмауға тиіс.

Ескірген және көп мағыналы сөздер мен сөз орамдарын, эпитеттерді, метафораларды қолдануға, сөздерді қысқартуға жол берілмейді. Нормативтік құқықтық актінің құрылымдық элементінде жазылған құқық нормасы нақ осы актінің басқа құрылымдық элементтерінде қайталап жазылмайды.

Қазақ және орыс тілдеріндегі нормативтік құқықтық актілердің мәтіндері теңтүпнұсқалы болуға тиіс.

4. Заңнамалық актіде құқықтық реттеудің негізгі қағидаттары, оның мәтінінде пайдаланылатын негізгі ұғымдар, заңнамалық акт күшіне енгеннен кейін өзге нормативтік құқықтық актілердің қолданылу тәртібі мен шарттары белгіленуі мүмкін.

Заңнамалық актінің өтпелі ережелерінде ол қолданысқа енгізілгенге дейін қатынастарды реттеу тәртібі көрсетіледі, жаңа құқық нормаларына ауысу мерзімдері мен тәсілдері белгіленеді.

Заңнамалық актінің қорытынды ережелерінде осы актіні қолданысқа енгізу туралы, бұрын шығарылған актінің күші жойылды деп тану туралы, оның күшін жою туралы нормалар бекітіледі. Осы актіні орындау және дамыту мақсатында қажет болғанда басқа да мемлекеттік органдардың актілерді шығаруы туралы талаптар белгіленеді.

Осы тармақта белгіленген талаптар Қазақстан Республикасы Парламентінің және оның Палаталарының қаулыларына қолданылмайды.

5. Нормативтік құқықтық актілердегі тапсырмалар мемлекеттік органдарға не қажет болғанда олардың басшыларына жолдануға тиіс.

Тапсырма беруші тұлғаға бағынысты емес мемлекеттік органдарға қатысты, нормативтік құқықтық актілердегі тапсырмалар ұсынымдық нысанда не олармен келісім бойынша жазылуға тиіс. Соңғы жағдайда мемлекеттік органның атауынан кейін "(келісім бойынша)" деген белгі көрсетіледі.

6. Нормативтік құқықтық актінің мәтінінде мемлекеттік органдардың және өзге де ұйымдардың атаулары ресми атауына сәйкес толық және бүкіл мәтін бойынша бірізді жазылады.

Нормативтік құқықтық акт мәтінінің қарапайым және ықшам болуын қамтамасыз ету мақсатында нормативтік құқықтық акт мәтінінің өзінде қысқартудың не аббревиатураның мағынасын таратып жаза отырып, мемлекеттік органдардың және өзге де ұйымдардың атауларын қысқартуға жол беріледі.

7. Нормативтік құқықтық актілердің мәтінінде абзацтарды сызықшалармен немесе өзге де белгілермен белгілеуге, жекелеген сөздер мен сөз тіркестерін бөліп көрсетуге және астын сызуға жол берілмейді.

### **25-бап. Нормативтік құқықтық актілерде сілтеме жасау және жазып келтіру**

1. Қажет болғанда нормативтік құқықтық актілерде жоғары тұрған нормативтік құқықтық актілердің құрылымдық элементтеріне сілтеме жасалуы, сондай-ақ жоғары тұрған нормативтік құқықтық актілерге сілтеме жасала отырып, осындай актілерден жекелеген құқық нормалары жазып келтірілуі мүмкін.

2. Нормативтік құқықтық актінің құрылымдық элементтерінде оның басқа құрылымдық элементтеріне сілтеме жасауға құқық нормаларының өзара байланысын көрсету не

қайталауды болғызбау қажет болатын жағдайларда ғана жол беріледі.

3. Мәтін жолдарына және сөйлемдерге сілтеме жасау кезінде олардың нөмірленуі реттік сан есімдермен (жазумен) белгіленеді.

4. Нормативтік құқықтық актінің мәтінінде құрылымдық элементке сілтеме жасау оның реттік нөмірін жазумен немесе цифрлармен көрсету арқылы келтіріледі (оларды белгілеу үшін сын есімдерді пайдалануға жол берілмейді).

5. Нормативтік құқықтық актіге сілтеме жасау кезінде мынадай кезектілікпен осы нормативтік құқықтық актінің нысаны, қабылданған күні, тіркеу нөмірі және тақырыбы көрсетіледі.

Мемлекеттік тіркеуден өткен нормативтік құқықтық актіге сілтеме жасау кезінде оның Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде тіркелген нөмірі қосымша көрсетіледі.

Заңнамалық актілерге сілтеме жасау кезінде олардың тіркелген нөмірлерін көрсету талап етілмейді.

РҚАО-ның ескертпесі!

5-тармақты төртінші және бесінші бөліктермен толықтыру көзделген - ҚР 05.10.2018 № 184-VI Заңымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін алты ай өткен соң қолданысқа енгізіледі).

6. Егер нормативтік құқықтық актінің мәтінінде бір ғана нормативтік құқықтық актіге екі және одан да көп сілтеме қатарынан келтірілсе, онда осы нормативтік құқықтық актінің толық тақырыбы оған кейіннен сілтеме жасала отырып, бір рет (мәтінде алғаш рет аталған кезде) көрсетіледі.

7. Егер нормативтік құқықтық актіде қосымшаларға сілтеме болса, онда нормативтік құқықтық актіге бір қосымша болатын жағдайларды қоспағанда, қосымшалардың нормативтік құқықтық актінің мәтінінде олардың аталу реті бойынша берілетін нөмірлері көрсетіледі.

Ескерту. 25-бапқа өзгеріс енгізілді - ҚР 11.07.2017 № 91-VI Заңымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

## **26-бап. Нормативтік құқықтық актілерге өзгерістер және (немесе) толықтырулар енгізу туралы нормативтік құқықтық актілерді ресімдеу**

1. Заңдарды қоспағанда, нормативтік құқықтық актіге өзгерістер және (немесе) толықтырулар енгізуді көздейтін нормативтік құқықтық актінің тақырыбында актінің нысанына, қабылданған күніне, тіркеу нөміріне және тақырыбына сілтеме қамтылуға тиіс.

Нормативтік құқықтық актіге немесе нормативтік құқықтық актілерге өзгерістер мен толықтырулар енгізуді көздейтін нормативтік құқықтық актінің тақырыбында бірінші кезекте "өзгерістер" немесе "өзгеріс" деген сөз көрсетіледі.

2. Заңнамалық актілерге өзгерістер және (немесе) толықтырулар енгізу туралы заңнамалық акт жобасының мәтінінде аталған заңнамалық актілердің тақырыбы, қабылданған күні, сондай-ақ жақша ішінде – олардың бастапқы жарияланған жылы, нөмірі және құжаты, ал оларға өзгерістер және (немесе) толықтырулар енгізілген жағдайда – тиісті заңнамалық актілердің "Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы" жинағында не егер заңнамалық акт аталған жинақта жарияланбаса, осы Заңға сәйкес ресми жарияланымның өзге де дереккөзінде жарияланған жылы, нөмірі және құжаты көрсетіледі.

Нормативтік құқықтық актілерге өзгерістер және (немесе) толықтырулар енгізу туралы өзге де нормативтік құқықтық акт жобасының мәтінінде аталған нормативтік құқықтық актілердің тақырыбы, қабылданған күні, тіркеу нөмірі, сондай-ақ жақша ішінде – олардың "Қазақстан Республикасының Президенті мен Қазақстан Республикасы Үкіметінің актілер жинағы" жинағында жарияланған жылы, нөмірі және құжаты не егер нормативтік құқықтық акт ресми жариялануға жатқызылған болса, осы Заңға сәйкес алғашқы ресми жарияланған күні және ресми жарияланымның өзге де дереккөзінің атауы көрсетіледі.

Мемлекеттік тіркеуден өткен нормативтік құқықтық актіге өзгерістер және (немесе) толықтырулар енгізу туралы нормативтік құқықтық актінің мәтінінде оның Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде тіркелген нөмірі қосымша көрсетіледі.

3. Өзгерістер және толықтырулар енгізу туралы нормативтік құқықтық актімен қабылданған, бірақ қолданысқа енгізілмеген құқық нормасына өзгерістер мен толықтырулар енгізілген жағдайда, өзгерістер және толықтырулар енгізу туралы нормативтік құқықтық актіге өзгерістер мен толықтырулар енгізіледі.

4. Үш және одан да көп нормативтік құқықтық актілерге өзгерістер және (немесе) толықтырулар енгізілген кезде жекелеген қосымшамен ресімделетін тізбе жасалады.

Аталған талап заңнамалық актілерге қолданылмайды.

5. Бір ғана нормативтік құқықтық актіге енгізілетін барлық өзгерістер және (немесе) толықтырулар бір тармақпен немесе тармақшамен көзделеді. Өзгерістер және (немесе) толықтырулар енгізілетін нормативтік құқықтық актілер олардың заңдық күшінің арақатынасына қарай, сондай-ақ қабылданған (шығарылған) күні бойынша хронологиялық ретпен орналастырылады.

Бір ғана күннің шегінде қабылданған нормативтік құқықтық актілер олардың тіркеу нөмірлеріне немесе ресми жарияланым дереккөздеріндегі құжат нөмірлеріне сәйкес көрсетіледі.

6. Нормативтік құқықтық актінің құрылымдық элементіне өзгерістер және (немесе) толықтырулар енгізілген кезде мұндай құрылымдық элемент жаңа редакцияда жазылады.

Осы тармақтың талаптары Қазақстан Республикасының Парламентіне енгізілген заң жобаларын қарау кезінде, сондай-ақ заң жобаларына және Қазақстан Республикасы Президентінің жарлықтарына қатысты қолданылмауы мүмкін.

7. Жаңа құрылымдық элементтер, сондай-ақ қосымшалар нормативтік құқықтық актінің мәтініне нақ сондай соңғы құрылымдық элементтен кейінгі келесі реттік нөмірлерімен немесе нақ сондай құрылымдық элементтер арасына

нормативтік құқықтық актінің соңынан келетін сол құрылымдық элементтерінің нөмірлерін қайталайтын қосымша нөмірлермен енгізіледі, мысалы: 2-1, 2-2-тармақтар; 8-1), 8-2) тармақшалар; 5-1-бөлім; 3-1, 3-2, 3-3-қосымшалар.

Егер нормативтік құқықтық акт қосымшамен толықтырылса, нормативтік құқықтық актінің мәтініне нормативтік құқықтық актіні қосымшамен немесе туынды түрдегі нормативтік құқықтық актімен толықтыру туралы тармақ (тармақша) енгізіледі.

8. Құпиялылық белгілері немесе "Қызметтік пайдалану үшін", "Баспасөзде жариялаусыз", "Баспасөзге арналмаған" деген белгілері бар нормативтік құқықтық актілер тізбеге олардың тақырыбы көрсетілмей енгізіледі.

9. Нормативтік құқықтық актінің мәтініне нормативтік құқықтық акт мәтінінің жартысынан асатын көлемде өзгерістер және (немесе) толықтырулар енгізілген кезде оның жаңа редакциясы қабылданады.

Заң жобаларын жаңа редакцияда ресімдеу кезінде бап көлемді айқындау бірлігі болып табылады.

Өзге нормативтік құқықтық актіні жаңа редакцияда ресімдеу кезінде тармақ көлемді айқындау бірлігі болып табылады.

Осы тармақтың талаптары Қазақстан Республикасының Парламентіне енгізілген заң жобаларын қарау кезінде қолданылмайды.

**27-бап. Нормативтік құқықтық актілердің күші жойылды деп тану туралы нормативтік құқықтық актілерді ресімдеу**

1. Нормативтік құқықтық актінің қабылдануына байланысты, егер нормативтік құқықтық актілер немесе олардың құрылымдық элементтері жаңа нормативтік құқықтық актіге енгізілген құқық нормаларына қайшы келсе немесе солармен қамтылса, күші жойылды деп тануға жатады.

2. Жоғары тұрған деңгейдегі нормативтік құқықтық актінің күші жойылды деп танылған кезде оны іске асыру үшін қабылданған төмен тұрған деңгейдегі нормативтік құқықтық актілердің күші жойылды деп тануға жатады.

Бұл талап жоғары тұрған деңгейдегі нормативтік құқықтық актінің жекелеген құқық нормаларын іске асыру үшін төмен тұрған деңгейдегі нормативтік құқықтық актілер қабылданып, одан сондай құқық нормалары алып тасталған жағдайларда да қолданылады.

Күші жойылды деп тануға жататын нормативтік құқықтық актілер олардың заңдық күшінің арақатынасына қарай, сондай-ақ қабылданған күні бойынша хронологиялық ретпен орналастырылады.

3. Заңнамалық актілердің күші жойылды деп тану туралы заңнамалық акт жобасының мәтінінде аталған заңнамалық актілердің тақырыбы, қабылданған күні, сондай-ақ жақша ішінде – олардың алғашқы ресми жарияланған жылы, нөмірі және құжаты, ал оларға өзгерістер және (немесе) толықтырулар енгізілген жағдайда, тиісті заңнамалық актілердің "Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы" жинағында не егер заңнамалық акт аталған жинақта жарияланбаса, осы Заңға сәйкес ресми жарияланымның өзге де дереккөзінде жарияланған жылы, нөмірі және құжаты көрсетіледі.

Нормативтік құқықтық актілердің күші жойылды деп тану туралы нормативтік құқықтық акт жобасының мәтінінде аталған нормативтік құқықтық актілердің тақырыбы, қабылданған күні, тіркеу нөмірі, сондай-ақ жақша ішінде – олардың "Қазақстан Республикасының Президенті мен Қазақстан Республикасы Үкіметінің актілер жинағы" жинағында бастапқы жарияланған жылы, нөмірі және құжаты не егер нормативтік құқықтық акт ресми жариялануға жатқызылған болса, осы Заңға сәйкес ресми жарияланған күні және ресми жарияланымның өзге де дереккөзінің атауы көрсетіледі.

Мемлекеттік тіркеуден өткен нормативтік құқықтық актінің күші жойылды деп тану туралы нормативтік құқықтық актінің мәтінінде оның Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде тіркелген нөмірі қосымша көрсетіледі.

4. Нормативтік құқықтық актінің қабылдануына байланысты күші жойылды деп танылуға жататын нормативтік

құқықтық актілердің немесе олардың құрылымдық элементтерінің тізбесі не нормативтік құқықтық актінің өзінде немесе оны қолданысқа енгізу тәртібі туралы актіде қамтылуға тиіс.

5. Үш және одан да көп нормативтік құқықтық актінің немесе олардың құрылымдық элементтерінің күші жойылды деп танылған кезде жекелеген қосымшамен ресімделетін тізбе жасалады.

6. Нормативтік құқықтық актінің құрылымдық элементтерінің күші жойылды деп танылған кезде мұндай элементтер алып тасталады, бірақ олардың нөмірлері сақталады. Сақталған нөмірге нормативтік құқықтық актінің (немесе оның құрылымдық элементінің) күші жойылды деп тану туралы нормативтік құқықтық актіге сілтеме қосылады. Сақталған құрылымдық элементтердің нөмірленуі өзгермейді.

7. Егер нормативтік құқықтық актіде нормативтік құқықтық актінің көлемі бойынша үлкен бөлігінің күші жойылды деп танылса, онда күші жойылды деп тануға арналған тізбеге өзінің заңдық күшін сақтайтын құрылымдық элементтер туралы ескертпе жасалып, бүкіл нормативтік құқықтық акт енгізіледі.

Егер нормативтік құқықтық актіде нормативтік құқықтық актінің көлемі бойынша кіші бөлігінің күші жойылды деп танылса, онда күші жойылды деп тануға арналған тізбеге жаңадан қабылданған нормативтік құқықтық актіге қайшы келетін не онда қамтылатын құрылымдық элементтер ғана енгізіледі.

Мұндай жағдайларда нормативтік құқықтық актінің көлемі осы Заңның 26-бабының 9-тармағына сәйкес айқындалады.

8. Басқа нормативтік құқықтық актілердің құқық нормаларын қайталайтын және жаңа құқық нормаларын қамтымайтын нормативтік құқықтық актілер де күші жойылды деп тануға жатады.

9. Негізгі нормативтік құқықтық актінің өзі де, оған өзгерістер және (немесе) толықтырулар енгізген нормативтік құқықтық актілер де (немесе олардың құрылымдық элементтері) күші жойылды деп тануға жатады. Күші жойылды



деп тануға жататын қандай да бір нормативтік құқықтық актінің немесе оның құрылымдық элементінің редакциясы бірнеше мәрте өзгертілген және (немесе) толықтырылған жағдайда тізбеге негізгі нормативтік құқықтық актіге өзгерістер және (немесе) толықтырулар енгізген барлық нормативтік құқықтық актілер дербес тармақтар түрінде енгізіледі.

Аталған талап заңнамалық актілерге қолданылмайды.

10. Егер нормативтік құқықтық актіде нормативтік құқықтық актілердің күші жойылды деп тану көзделген басқа нормативтік құқықтық актінің немесе оның құрылымдық элементінің күші жойылды деп танылса, бірінші айтылған актілердің қолданысы қайта жалғаспайды.

11. Күшіне енбеген нормативтік құқықтық актілер күші жойылды деп таныла алмайды. Қажет болғанда мұндай нормативтік құқықтық актілер жойылуы мүмкін.

12. Қолданылу мерзімі өткен нормативтік құқықтық актілер және нормативтік құқықтық актілердің құрылымдық элементтері күші жойылды деп тануға жатпайды.

Нормативтік құқықтық актіде қолданылу мерзімі өткен құқық нормаларымен қатар күші жойылды деп тануға жататын құқық нормалары қамтылған жағдайда, тізбеге бүкіл нормативтік құқықтық акт енгізіледі.

13. Егер нормативтік құқықтық актінің құрылымдық элементінде күші жойылды деп тануға жататын қосымша көрсетілсе, онда тізбеге осы құрылымдық элемент қана енгізіледі, ал қосымша бөлек ескертілмейді.

Егер нормативтік құқықтық актінің құрылымдық элементінде қосымшаны бекітумен қатар өз қолданысын сақтайтын құқық нормасы қамтылса, ал қосымша күші жойылды деп тануға жататын болса, онда тармақ қосымшаға қатысты бөлігінде тізбеге енгізіледі, ал қосымша бөлек ескертілмейді.

14. Егер нормативтік құқықтық актінің жекелеген құрылымдық элементтері толығымен, ал басқа құрылымдық элементтері ішінара күші жойылды деп тануға жататын болса,

онда ең алдымен толығымен күші жойылды деп тануға жататын құрылымдық элементтер көрсетіледі.

### **28-бап. Нормативтік құқықтық актілерге қосымшаларды ресімдеу**

1. Қосымшалар нормативтік құқықтық актінің ажырамас бөлігі болып табылады.

2. Қажет болғанда нормативтік құқықтық актіге графиктер, кестелер, схемалар, карталар, тізбелер және басқа да қосымша құжаттар жекелеген қосымшалармен ресімделеді.

3. Қосымшаның бірінші парағының жоғарғы оң жақ бұрышында өзі соған сәйкес бекітілген нормативтік құқықтық акт, актінің қабылданған күні мен тіркеу нөмірі көрсетілуге тиіс.

4. Егер нормативтік құқықтық актіге бірнеше қосымша болса, әрбір қосымшаның бірінші парағының жоғарғы оң жақ бұрышында оның реттік нөмірі, сондай-ақ өзі соған сәйкес бекітілген нормативтік құқықтық актінің түрі, актінің қабылданған күні мен тіркеу нөмірі көрсетіледі. Егер нормативтік құқықтық актіге қосымша біреу болса, онда ол нөмірленбейді.

5. Құпиялылық белгілері немесе "Қызметтік пайдалану үшін", "Баспасөзде жариялаусыз", "Баспасөзге арналмаған" деген белгілері бар нормативтік құқықтық актілерге қосымшаларды ресімдеу осы бапқа және Қазақстан Республикасы заңнамасының талаптарына сәйкес жүзеге асырылады.

### **29-бап. Заңнамалық актінің жобасын Қазақстан Республикасы Парламентінің Мәжілісіне енгізу және кері қайтарып алу**

1. Қазақстан Республикасы Конституциясы 61-бабының 1-тармағына сәйкес заң шығару бастамасы құқығы Қазақстан Республикасының Президентіне, Қазақстан Республикасы Парламентінің депутаттарына, Қазақстан Республикасының Үкіметіне тиесілі және тек қана Қазақстан Республикасы Парламентінің Мәжілісінде іске асырылады.

Заңнамалық актінің жобасы Қазақстан Республикасы Парламентінің Мәжілісіне қағаз және электрондық жеткізгіштерде қазақ және орыс тілдерінде енгізіледі.

2. Заңнамалық актінің жобасы бойынша ұсынылатын материалдар мынадай қосымшаларды қамтуға тиіс:

1) заңнамалық актінің жобасына жобаны қабылдаудың қажеттігі негізделген, мақсаттары, міндеттері, негізгі ережелері кеңінен сипатталған түсіндірме жазба, ал Қазақстан Республикасы Президентінің заң шығару бастамасы тәртібімен Қазақстан Республикасы Парламентінің Мәжілісіне енгізілетін заңнамалық актілердің жобалары үшін – арнайы жолдау;

2) жұмыс тобы құрылған жағдайда оның құрамы;

3) Қазақстан Республикасының Президенті айқындайтын, Қазақстан Республикасы Президентінің заң шығару бастамасы тәртібімен енгізілетін заңнамалық актілердің жобалары келісу рәсімінен өтпеген жағдайларды, сондай-ақ заңнамалық актінің жобасы Қазақстан Республикасы Парламенті депутаттарының заң шығару бастамасы тәртібімен енгізілетін жағдайларды қоспағанда, мүдделі мемлекеттік органдармен келісу парағы;

4) осы Заңның 30-бабына сәйкес ғылыми сараптама қорытындысы және олар болған кезде сараптама кеңесінің мүшелері мен Қазақстан Республикасының Ұлттық кәсіпкерлер палатасының өзге де сараптама қорытындылары;

5) Қазақстан Республикасы Президентінің заң шығару бастамасы тәртібімен Қазақстан Республикасы Парламентінің Мәжілісіне енгізілетін заң жобаларын қоспағанда, егер заң жобасы мемлекеттік кірістерді қысқартуды немесе мемлекеттік шығыстарды ұлғайтуды көздейтін болса, қаржы-экономикалық есеп-қисаптар, заңды қолданудың ықтимал экономикалық, әлеуметтік, заңдық, экологиялық салдарларының болжамдары, сондай-ақ бар болса, статистикалық деректер;

6) жеке кәсіпкерлік субъектілерінің мүдделерін қозғайтын нормативтік құқықтық актілердің жобаларына қатысты Қазақстан Республикасының Кәсіпкерлік кодексінде көзделген жағдайларда реттеушілік әсерді талдау.

Заңнамалық актілерге өзгерістер және (немесе) толықтырулар енгізу туралы заңнамалық актінің жобасына енгізілетін өзгерістердің және (немесе) толықтырулардың тиісті негіздемесі бар, заңнамалық актінің құрылымдық элементтерінің қолданыстағы және ұсынылып отырған редакциясының салыстырма кестесі ұсынылады.

3. Мемлекеттік кірістерді қысқартуды немесе мемлекеттік шығыстарды ұлғайтуды көздейтін заң жобалары Қазақстан Республикасы Үкіметінің оң қорытындысы болғанда ғана енгізілуі мүмкін.

Қазақстан Республикасы Президентінің заң шығару бастамасы тәртібімен Парламент Мәжілісіне енгізілетін заңнамалық актілердің жобалары үшін мұндай қорытындының болуы талап етілмейді.

4. Қазақстан Республикасының Президенті, Қазақстан Республикасы Парламентінің депутаттары және Қазақстан Республикасының Үкіметі заң шығару бастамасы тәртібімен өздері енгізген заңнамалық актінің жобасын Қазақстан Республикасы Парламентінен оны қараудың кез келген сатысында кері қайтарып алуға құқылы.

Ескерту. 29-бапқа өзгеріс енгізілді - ҚР 24.05.2018 № 156-VI Заңымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

## **6-тарау. НОРМАТИВТІК ҚҰҚЫҚТЫҚ АКТІЛЕР ЖОБАЛАРЫНЫҢ ҒЫЛЫМИ САРАПТАМАСЫ**

### **30-бап. Ғылыми сараптаманың міндеттері**

1. Нормативтік құқықтық актілердің жобалары бойынша осы актілерде реттелетін құқықтық қатынастарға қарай ғылыми (құқықтық, лингвистикалық, экологиялық, экономикалық және басқа да) сараптама жүргізілуі мүмкін.

Заңнамалық актілердің жобалары Қазақстан Республикасы Президентінің заң шығару бастамасы тәртібімен енгізіліп, ғылыми сараптама жүргізілмеуге болатын жағдайларды қоспағанда, Қазақстан Республикасы Парламентінің қарауына

енгізілетін нормативтік құқықтық актілердің жобалары бойынша олар реттейтін қоғамдық қатынастарға қарай ғылыми сараптама жүргізілуі міндетті.

2. Ғылыми сараптама:

1) жобаның сапасын, негізділігін, уақтылығын, құқыққа сыйымдылығын, жобада Қазақстан Республикасының Конституциясында бекітілген адам және азамат құқықтарының сақталуын бағалау;

2) нормативтік құқықтық актінің ықтимал тиімділігін айқындау;

3) жобаның нормативтік құқықтық акт ретінде қабылдануының ықтимал теріс салдарларын анықтау үшін жүргізіледі.

3. Қабылдау салдары экологиялық, оның ішінде радиациялық қауіпсіздікке, қоршаған ортаны қорғауға қатер төндіруі мүмкін заңнамалық және өзге де нормативтік құқықтық актілердің жобаларына міндетті ғылыми экологиялық сараптама жүргізілуге тиіс.

4. Ғылыми сараптаманы жүргізу тәртібі Қазақстан Республикасының заңнамасында айқындалады.

### **31-бап. Сараптаманы жүзеге асыратын адамдар мен ұйымдар**

1. Нормативтік құқықтық актілер жобаларының ғылыми сараптамасын қаралатын жобаның мазмұнына қарай тиісті бейіндегі ғылыми мекемелер мен жоғары оқу орындары, ғалымдар мен мамандар қатарынан тартылатын сарапшылар жүргізеді. Сараптама жүргізу бір немесе бірнеше сарапшыға (сараптамалық комиссияға) тапсырылуы мүмкін.

2. Қазақстан Республикасының мемлекеттік органдары әзірлеген және Қазақстан Республикасының Парламентіне енгізілуге жататын заң жобалары бойынша қазақ және орыс тілдеріндегі мәтіндердің теңтүпнұсқалығы бөлігінде ғылыми лингвистикалық сараптаманы уәкілетті ұйым жүргізеді.

3. Жоба бойынша мамандықтары әртүрлі сарапшылардың кешенді сараптамасы немесе алуан түрлі дербес сараптамалар, ал қажет болғанда – қайталама сараптама жүргізілуі мүмкін.

4. Сарапшылар ретінде жобаны дайындауға тікелей қатыспаған ұйымдар мен адамдар тартылады.

5. Сарапшылар ретінде басқа мемлекеттерден және халықаралық ұйымдардан мамандар тартылуы мүмкін.

Ғылыми сараптама жүргізу үшін жоба шетелдік және халықаралық ұйымдарға жіберілуі мүмкін.

### **32-бап. Нормативтік құқықтық актілердің жобаларын сараптамаға жіберу кезіндегі бастамашылық**

1. Нормативтік құқықтық актінің жобасына сараптама жүргізу туралы шешімді:

1) заң шығару бастамасы тәртібімен жобаны Қазақстан Республикасы Парламентінің Мәжілісіне енгізетін Қазақстан Республикасының Президенті немесе оның тапсырмасы бойынша Қазақстан Республикасы Президенті Әкімшілігінің Басшысы, Қазақстан Республикасы Парламентінің депутаттары және Қазақстан Республикасының Үкіметі;

2) уәкілетті орган;

3) егер әзірлеуші органның регламентінде немесе өзге де нормативтік құқықтық актілерде осы тұлғаларға және құрылымдық бөлімшелерге осындай құқық берілген болса, әзірлеуші орган қабылдай алады.

2. Нормативтік құқықтық актінің жобасы шарттық негізде дайындалатын жағдайларда жобаның сараптамасы жобаға тапсырыс берушінің шешімі бойынша жүргізілуі мүмкін.

### **33-бап. Нормативтік құқықтық актілердің ғылыми лингвистикалық сараптамасы**

1. Ғылыми лингвистикалық сараптама заңнамалық актілердің жобалары бойынша жүргізіледі.

2. Ғылыми лингвистикалық сараптама жүргізудің тәртібі мен мерзімдерін Қазақстан Республикасының Үкіметі айқындайды.

## **7-тарау. НОРМАТИВТІК ҚҰҚЫҚТЫҚ АКТІНІ ҚАБЫЛДАУ ТӘРТІБІ**

### **34-бап. Нормативтік құқықтық актілерді қабылдау тәртібін айқындау**

1. Нормативтік құқықтық актілерді қабылдау тәртібі Қазақстан Республикасының Конституциясында және осы Заңда айқындалады.

2. Алуан түрлі нормативтік құқықтық актілерді қабылдау тәртібінің ерекшеліктері мыналарда да:

1) кодекстер үшін – осы Заңда.

Кодекстер, оларға өзгерістер мен толықтырулар Қазақстан Республикасы Парламенті Палаталарының бөлек отырыстарында рет-ретімен қарау арқылы кемінде екі оқылымда қабылданады;

2) шоғырландырылған заңдар және заңдар үшін – Қазақстан Республикасының Конституциясында, Қазақстан Республикасының Президенті туралы, Қазақстан Республикасының Парламенті туралы, республикалық референдум туралы заңнамалық актілерде, өзге де заңнамалық актілерде, оның ішінде Парламенттің және оның Палаталарының регламенттерінде;

3) Парламенттің және оның Палаталарының қаулылары үшін – Қазақстан Республикасының Конституциясында, Қазақстан Республикасының Парламенті туралы заңнамалық актілерде;

4) Қазақстан Республикасы Президентінің жарлықтары үшін – Қазақстан Республикасының Конституциясында, Қазақстан Республикасының Президенті туралы заңнамалық актіде, сондай-ақ Қазақстан Республикасы Президентінің осы тәртіпті реттейтін актілерінде;

5) Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулылары үшін – Қазақстан Республикасының Конституциясында, Қазақстан Республикасының Үкіметі туралы заңнамалық актіде, Қазақстан Республикасы Президентінің және Қазақстан Республикасы Үкіметінің актілерінде;

6) Қазақстан Республикасы Үкіметінің құрылымына кіретін де және кірмейтін де орталық атқарушы және өзге де орталық мемлекеттік органдардың және орталық мемлекеттік органдар ведомстволарының, оның ішінде Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің және Республикалық бюджеттің атқарылуын

бақылау жөніндегі есеп комитетінің нормативтік құқықтық актілері үшін – Қазақстан Республикасының Үкіметі мен осы органдар туралы заңнамалық актілерде, Қазақстан Республикасы Президентінің және Қазақстан Республикасы Үкіметінің актілерінде, Қазақстан Республикасы Президентінің жарлықтарында, Қазақстан Республикасы Үкіметінің осы органдардың қызметін реттейтін қаулыларында;

7) Қазақстан Республикасы Конституциялық Кеңесінің нормативтік қаулылары үшін – Қазақстан Республикасының Конституциялық Кеңесі туралы заңнамалық актіде;

8) Қазақстан Республикасы Жоғарғы Сотының нормативтік қаулылары үшін – Қазақстан Республикасының соттары туралы заңнамада;

9) Орталық сайлау комиссиясының (Орталық референдум өткізу жөніндегі комиссияның) нормативтік қаулылары үшін – сайлау туралы және республикалық референдум туралы заңнамалық актілерде;

10) жергілікті өкілді және атқарушы органдардың және тексеру комиссияларының нормативтік шешімдері үшін – осы органдар туралы заңнамалық актілерде, өзге де заңнамалық актілерде, Қазақстан Республикасы Президентінің және Қазақстан Республикасы Үкіметінің актілерінде айқындалады.

3. Уәкілетті органның нормативтік құқықтық актіні қабылдау жөніндегі құзыреті Қазақстан Республикасының заңнамасында тікелей көзделген жағдайларда ғана уәкілетті органның осы актіні қабылдауына жол беріледі.

### **35-бап. Нормативтік құқықтық актілерге қол қоюға уәкілеттік берілген адамдар**

1. Нормативтік құқықтық актілердің ресми мәтіндеріне мына лауазымды адамдар:

1) Қазақстан Республикасының Конституциясына, Конституцияға өзгерістер мен толықтырулар енгізетін заңдарына, конституциялық заңдарына, кодекстеріне, шоғырландырылған заңдарына, заңдарына, Қазақстан Республикасы Президентінің жарлықтарына – Қазақстан Республикасының Президенті;



2) Қазақстан Республикасы Парламентінің қаулыларына – Қазақстан Республикасы Парламенті Мәжілісінің Төрағасы; Қазақстан Республикасы Парламенті Мәжілісінің қаулыларына – Қазақстан Республикасы Парламенті Мәжілісінің Төрағасы, Қазақстан Республикасы Парламенті Сенатының қаулыларына – Қазақстан Республикасы Парламенті Сенатының Төрағасы;

3) Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулыларына – Қазақстан Республикасының Премьер-Министрі;

4) мәслихат шешімдеріне – мәслихат сессиясының төрағасы және мәслихат хатшысы;

5) әкімдік қаулыларына, әкімнің шешімдеріне – әкім;

6) өзге де нормативтік құқықтық актіге – оны қабылдаған (шығарған) органның басшысы қол қояды.

2. Туынды түрдегі нормативтік құқықтық актіні негізгі түрдегі нормативтік құқықтық акт арқылы қабылдаған кезде уәкілеттік берілген адам негізгі түрдегі нормативтік құқықтық актіге ғана қол қояды.

Ескерту. 35-бапқа өзгеріс енгізілді - ҚР 11.07.2017 № 91-VI Заңымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

**36-бап. Уәкілетті орган қайта ұйымдастырылған немесе таратылған кезде нормативтік құқықтық актілерді өзгерту, толықтыру, олардың қолданысын тоқтату және тоқтата тұру жөніндегі құқықтар**

Нормативтік құқықтық актілерді қабылдау құқығы берілген уәкілетті орган қайта ұйымдастырылған не таратылған жағдайда, құқықтық мирасқорға немесе таратылған уәкілетті органның функциялары берілген уәкілетті органға оның құзыреті шегінде нормативтік құқықтық актілерді қабылдау құқығымен бірге нормативтік құқықтық актілерді өзгерту, толықтыру, олардың қолданысын тоқтату және тоқтата тұру жөніндегі өкілеттіктер ауысады.

**8-тарау. НОРМАТИВТІК ҚҰҚЫҚТЫҚ АКТІЛЕРДІ ЖАРИЯЛАУ**

### **37-бап. Нормативтік құқықтық актілерді ресми жариялау міндеттілігі**

1. Азаматтардың құқықтарына, бостандықтары мен міндеттеріне қатысты нормативтік құқықтық актілерді ресми жариялау оларды қолданудың міндетті шарты болып табылады.

Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, Қазақстан Республикасының Президенті мен Қазақстан Республикасы Үкіметінің актілер жинағы, "Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің Хабаршысы" ресми басылымдар болып табылады.

2. Заңнамалық актілерді ресми жариялауды Қазақстан Республикасының Үкіметі айқындайтын тәртіппен, конкурстық негізде осындай құқық алған мерзімді баспа басылымдары да жүзеге асырады.

Нормативтік құқықтық актілерді ресми жариялау Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің эталондық бақылау банкінде де электрондық түрде жүзеге асырылады.

2-тармақтың үшінші бөлігі 01.01.2017 дейін қолданыста болды - ҚР 06.04.2016 N 480-V Заңымен.

3. Нормативтік құқықтық актілерді алғашқы ресми жариялау олар күшіне енген күннен кейін күнтізбелік отыз күн ішінде бір мезгілде қазақ және орыс тілдерінде жүзеге асырылуға тиіс.

4. Алып тасталды - ҚР 24.05.2018 № 156-VI Заңымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

5. Құқық қолдану практикасында нормативтік құқықтық актілердің ресми жарияланымдары пайдаланылуға тиіс.

6. Нормативтік құқықтық актілер ресми жарияланғаннан кейін ғана оларды бейресми жариялауға жол беріледі.

Ескерту. 37-бапқа өзгеріс енгізілді - ҚР 24.05.2018 № 156-VI Заңымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

**38-бап. Қазақстан Республикасы орталық атқарушы және өзге де орталық мемлекеттік органдарының нормативтік-құқықтық актілерін ресми жариялау**

1. Орталық атқарушы және өзге де орталық мемлекеттік органдардың нормативтік құқықтық актілерін ресми жариялау Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің эталондық бақылау банкінде электрондық түрде жүзеге асырылады.

Орталық атқарушы және өзге де орталық мемлекеттік органдардың нормативтік құқықтық актілерін ресми жариялау осы Заңның 37-бабында айқындалатын тәртіппен, Қазақстан Республикасының бүкіл аумағында таратылатын мерзімді баспасөз басылымдарында да жүзеге асырылуы мүмкін.

2. Әділет органдары тіркеген нормативтік құқықтық актілерді осындай тіркеуге ұсынған органдар оларды Нормативтік құқықтық актілердің мемлекеттік тізіліміне енгізгеннен кейін күнтізбелік он күн ішінде олардың көшірмелерін электрондық құжат және елтаңбалы мөрмен куәландырылған қағаз жеткізгіш нысанында ресми жариялауға жібереді.

3. 01.01.2017 дейін қолданыста болды - ҚР 06.04.2016 N 480-V Заңымен.

**39-бап. Мәслихаттардың нормативтік құқықтық шешімдерін, әкімдіктердің нормативтік құқықтық қаулыларын, тексеру комиссияларының нормативтік құқықтық қаулыларын және әкімдердің нормативтік құқықтық шешімдерін ресми жариялау**

1. Мәслихаттардың нормативтік құқықтық шешімдерін, әкімдіктердің нормативтік құқықтық қаулыларын, тексеру комиссияларының нормативтік құқықтық қаулыларын және әкімдердің нормативтік құқықтық шешімдерін ресми жариялау Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің эталондық бақылау банкінде электрондық түрде жүзеге асырылады.

Мәслихаттардың нормативтік құқықтық шешімдерін, әкімдіктердің нормативтік құқықтық қаулыларын, тексеру комиссияларының нормативтік құқықтық қаулыларын және әкімдердің нормативтік құқықтық шешімдерін ресми жариялау осы Заңның 37-бабында айқындалатын тәртіппен, тиісті

әкімшілік-аумақтық бірліктің аумағында таратылатын мерзімді баспасөз басылымдарында да жүзеге асырылуы мүмкін.

2. Әділет органдары тіркеген нормативтік құқықтық актілерді осындай тіркеуге ұсынған органдар оларды Нормативтік құқықтық актілердің мемлекеттік тізіліміне енгізгеннен кейін күнтізбелік он күн ішінде олардың көшірмелерін электрондық құжат және елтаңбалы мөрмен куәландырылған қағаз жеткізгіш нысанында ресми жариялауға жібереді.

3. 01.01.2017 дейін қолданыста болды - ҚР 06.04.2016 N 480-V Заңымен.

#### **40-бап. Нормативтік құқықтық актілердің мәтіндерін толық жарияламауға жол бермеу**

1. Мемлекеттік құпияларды және заңмен қорғалатын өзге де құпияны қамтитын нормативтік құқықтық актілерді, сондай-ақ "Қызметтік пайдалану үшін", "Баспасөзде жариялаусыз", "Баспасөзге арналмаған" деген белгілері бар нормативтік құқықтық актілерді қоспағанда, нормативтік құқықтық актілердің мәтіндерін ресми түрде толық жарияламауға жол берілмейді.

2. Егер нормативтік құқықтық акт көлемінің ауқымды болуына байланысты оның мәтіні мерзімді баспасөз басылымының бірнеше нөмірінде жарияланса, онда нормативтік құқықтық актінің қазақ және орыс тілдеріндегі мәтінінің қорытынды бөлігі жарияланған күн ресми жарияланған күні болып есептеледі.

#### **41-бап. Орталық атқарушы және өзге де орталық мемлекеттік органдардың, сондай-ақ мәслихаттардың, әкімдіктердің, тексеру комиссияларының және әкімдердің нормативтік құқықтық актілерінің ресми жариялануын бақылау**

Орталық атқарушы және өзге де орталық мемлекеттік органдардың, сондай-ақ мәслихаттардың, әкімдіктердің, тексеру комиссияларының және әкімдердің нормативтік құқықтық актілерінің ресми жариялануын бақылауды Қазақстан Республикасының Әділет министрлігі және оның

аумақтық органдары Қазақстан Республикасының Үкіметі айқындайтын тәртіппен жүзеге асырады.

## **9-тарау. НОРМАТИВТІК ҚҰҚЫҚТЫҚ АКТІЛЕРДІҢ УАҚЫТ, КЕҢІСТІК ЖАҒЫНАН ЖӘНЕ ТҮЛҒАЛАР ТОБЫ БОЙЫНША ҚОЛДАНЫЛУЫ**

### **42-бап. Нормативтік құқықтық актілердің күшіне ену және оларды қолданысқа енгізу уақыты**

1. Осы тармақтың екінші бөлігінде көрсетілген нормативтік құқықтық актілерді қоспағанда, нормативтік құқықтық актілер оларға қол қойылғаннан кейін күшіне енеді.

Осы Заңның 44-бабына сәйкес әділет органдарында мемлекеттік тіркеуге жататын нормативтік құқықтық актілер мемлекеттік тіркелген күннен бастап күшіне енеді.

2. Азаматтардың құқықтарына, бостандықтары мен міндеттеріне қатысты нормативтік құқықтық актілерді ресми жариялау оларды қолданысқа енгізудің міндетті шарты болып табылады.

3. Нормативтік құқықтық актілер мынадай мерзімдерде:

1) Қазақстан Республикасы Парламентінің және оның Палаталарының қаулыларын қоспағанда, Қазақстан Республикасының заңнамалық актілері, Қазақстан Республикасы Президентінің, Қазақстан Республикасы Қауіпсіздік Кеңесі Төрағасының нормативтік құқықтық жарлықтары, Қазақстан Республикасы Үкіметінің нормативтік құқықтық қаулылары – егер актілердің өздерінде немесе оларды қолданысқа енгізу туралы актілерде өзге мерзімдер көрсетілмесе, алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң;

2) Қазақстан Республикасы Парламентінің және оның Палаталарының қаулылары, Қазақстан Республикасы Жоғарғы Сотының нормативтік қаулылары – егер актілердің өздерінде өзге мерзімдер көрсетілмесе, алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап;

3) Қазақстан Республикасы Конституциялық Кеңесінің қаулылары – қабылданған күнінен бастап;

4) Қазақстан Республикасы министрлерінің және орталық мемлекеттік органдар мен олардың ведомстволарының өзге де басшыларының нормативтік құқықтық бұйрықтары, Қазақстан Республикасы Орталық сайлау комиссиясының, Қазақстан Республикасы Республикалық

бюджеттің атқарылуын бақылау жөніндегі есеп комитетінің, Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің және өзге де орталық мемлекеттік органдардың нормативтік құқықтық қаулылары, мәслихаттардың нормативтік құқықтық шешімдері, әкімдіктердің нормативтік құқықтық қаулылары, тексеру комиссияларының нормативтік құқықтық қаулылары және әкімдердің нормативтік құқықтық шешімдері – егер актілердің өздерінде өзге мерзімдер көрсетілмесе, алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

4. Нормативтік құқықтық актілерде немесе оларды қолданысқа енгізу туралы актілерде нормативтік құқықтық актілердің жекелеген бөлімдерін, кіші бөлімдерін, параграфтарын, тарауларын, баптарын, баптарының бөліктерін, тармақтарын, тармақшаларын және абзацтарын қолданысқа енгізудің тұтастай бүкіл акт үшін белгіленгеннен өзге мерзімдері көрсетілуі мүмкін.

5. Бұрын мұндай жауаптылыққа алып келмеген әрекеттер (әрекетсіздік) үшін заңдық жауаптылықты көздейтін не бұрынғымен салыстырғанда неғұрлым қатаң жауаптылықты белгілейтін заң алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін он күн мерзім өткенге дейін қолданысқа енгізіле алмайды.

6. Жекелеген қызмет түрлеріне (кіші түрлеріне) қойылатын біліктілік немесе рұқсат беру талаптарын және біліктілік немесе рұқсат беру талаптарына сәйкестікті растайтын құжаттардың тізбесін, сондай-ақ экспорты мен импорты лицензиялануға жататын жекелеген тауарлардың тізбелерін бекітетін нормативтік құқықтық актілер алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін жиырма бір күн мерзім өткенге дейін қолданысқа енгізіле алмайды.

7. Мемлекеттік құпияларды немесе заңмен қорғалатын өзге де құпияны қамтитын нормативтік құқықтық актілер қабылданған күнінен бастап немесе актінің өзінде көрсетілген мерзімдерде қолданысқа енгізіледі.

8. Барлық нормативтік құқықтық актілерде осы баптың нормалары ескеріле отырып, оларды қолданысқа енгізу мерзімі көрсетілуге тиіс.

Ескерту. 42-бапқа өзгеріс енгізілді – ҚР 05.07.2018 № 179-VI (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі) Заңымен.

### **43-бап. Нормативтік құқықтық актінің кері күші**

1. Нормативтік құқықтық актінің күші ол қолданысқа енгізілгенге дейін туындаған қатынастарға қолданылмайды.

2. Нормативтік құқықтық актінің немесе оның бір бөлігінің кері күші оның өзінде немесе нормативтік құқықтық актіні қолданысқа енгізу туралы актіде көзделген, сондай-ақ кейінгісі азаматтарға жүктелген міндеттерді алып тастайтын немесе олардың жағдайын жақсартатын жайттар осы баптың 1-тармағының қағидаларына кірмейді.

3. Азаматтарға жаңа міндеттер жүктейтін немесе олардың жағдайын нашарлататын нормативтік құқықтық актілердің кері күші болмайды.

4. Жауаптылықты белгілейтін немесе күшейтетін, азаматтарға жаңа міндеттер жүктейтін немесе олардың жағдайын нашарлататын заңнамалық актілердің кері күші болмайды. Егер құқық бұзушылық жасалғаннан кейін сол үшін жауаптылық заңмен жойылса немесе жеңілдетілсе, жаңа заң қолданылады.

**44-бап. Орталық атқарушы және өзге де орталық мемлекеттік органдардың, олардың ведомстволарының, сондай-ақ, мәслихаттардың, әкімдіктердің және әкімдердің нормативтік құқықтық актілерін олардың күшіне енуінің шарты ретінде мемлекеттік тіркеу**

1. Осы Заңның 7-бабы 2-тармағының 6), 7), 8) және 9) тармақшаларында көрсетілген нормативтік құқықтық актілер Қазақстан Республикасының әділет органдарында мемлекеттік

тіркеуге жатады. Мұндай тіркеу олардың күшіне енуінің қажетті шарты болып табылады.

Нормативтік құқықтық актіні мемлекеттік тіркеу әділет органдарының актіде құқық нормасының болуы және оны мемлекеттік тіркеудің қажеттігі туралы шешім қабылдау тұрғысынан заң сараптамасын жүргізуін, нормативтік құқықтық актінің Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкестігін айқындауды және мемлекеттік тіркеу нөмірін бере отырып, оны Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізіліміне енгізуді қамтиды.

2. Осы баптың 1-тармағының талаптары:

1) Қазақстан Республикасы Конституциялық Кеңесінің және Қазақстан Республикасы Жоғарғы Сотының нормативтік қаулыларына;

2) уәкілетті органдардың басқа да мемлекеттік органдармен өзара іс-қимыл жасау тәртібін реттейтін және үшінші тұлғаларға қолданылмайтын нормативтік құқықтық актілерге;

3) мемлекеттік органның мәртебесі мен өкілеттіктерін айқындайтын нормативтік құқықтық актілерге;

4) мемлекеттік лауазымға орналасуға үміткерлерге (кандидаттарға) қойылатын біліктілік талаптарын белгілейтін және үлгілік біліктілік талаптары негізінде әзірленген нормативтік құқықтық актілерге;

5) мемлекеттік құпияларды қамтитын нормативтік құқықтық актілерге қолданылмайды.

3. Егер мұндай акт:

1) азаматтардың заңда белгіленген құқықтары мен бостандықтарына нұқсан келтірсе;

2) заңды тұлғалардың заңды мүдделерін бұзса;

3) жоғары тұрған деңгейдегі нормативтік құқықтық актілерге қайшы келсе;

4) нормативтік құқықтық актіні шығарған орган құзыретінің шегінен шықса;

5) мүдделі органдармен келісілмесе;

6) жеке кәсіпкерлік субъектілерінің мүдделерін қозғаса және Қазақстан Республикасының Кәсіпкерлік кодексінде



белгіленген тиісті мемлекеттік органның сараптама кеңесімен және Қазақстан Республикасының Ұлттық кәсіпкерлер палатасымен келісу рәсімі сақталмай қабылданса;

7) азаматтардың құқықтарына, бостандықтары мен міндеттеріне қатысты болса және осы Заңның 20-бабы 2-тармағының үшінші бөлігінде көзделген жағдайларды қоспағанда, Қоғамдық кеңестің ұсынымдарынсыз қабылданса;

8) мемлекеттік тіркеуге жататын нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу, ресімдеу және келісу қағидалары бұзылып қабылданса, Қазақстан Республикасының әділет органдары нормативтік құқықтық актіні мемлекеттік тіркеуден бас тартады.

Мүдделі мемлекеттік орган мемлекеттік тіркеуге жататын нормативтік құқықтық актіні тіркеуден бас тартуға сот тәртібімен шағым жасай алады.

4. Заңнамада белгіленген тәртіппен тіркелмеген мемлекеттік тіркеуге жататын нормативтік құқықтық актілердің күшін оларды шығарған орган жоюға тиіс.

5. Нормативтік құқықтық актілерді ресімдеу, келісу, мемлекеттік тіркеу және олардың күшін жою қағидаларын Қазақстан Республикасының Үкіметі бекітеді.

Ескерту. 44-бапқа өзгеріс енгізілді - ҚР 24.05.2018 № 156-VI Заңымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

#### **45-бап. Нормативтік құқықтық актінің қолданылу мерзімі**

1. Егер нормативтік құқықтық актінің өзінде немесе оны қолданысқа енгізу туралы актіде өзгеше көзделмесе, мұндай акт мерзімсіз қолданылады.

2. Бүкіл нормативтік құқықтық акт немесе оның жекелеген бөлігі (жекелеген бөліктері) үшін уақытша қолданылу мерзімі белгіленуі мүмкін. Бұл жағдайда нормативтік құқықтық акт немесе оның бір бөлігі қандай мерзімде қолданысын сақтайтыны көрсетілуге тиіс. Актіні шығарған орган бұл мерзім өткенге дейін актінің қолданылуын жаңа мерзімге ұзарта алады немесе оған мерзімсіз сипат бере алады.

#### **46-бап. Нормативтік құқықтық актінің қолданылуын тоқтата тұру және тоқтату**

1. Нормативтік құқықтық актінің немесе оның жекелеген нормаларының қолданылуы белгілі бір мерзімге тоқтатыла тұруы мүмкін. Нормативтік құқықтық актінің немесе оның жекелеген нормаларының қолданылуын тоқтата тұру жеке нормативтік құқықтық актімен жүзеге асырылады.

2. Нормативтік құқықтық акт (оның бір бөлігі немесе бөліктері) мынадай жағдайларда:

1) акт (оның бір бөлігі немесе бөліктері) қабылданған мерзім өткенде;

2) бұрын шығарылған нормативтік құқықтық актінің, оның бөліктерінің (бір бөлігінің) ережелеріне қайшы келетін немесе бұрын шығарылған актіні немесе оның бір бөлігін (бөліктерін) қамтитын жаңа нормативтік құқықтық акт қабылданғанда;

3) қабылданған акт Қазақстан Республикасының Конституциясында белгіленген тәртіппен конституциялық емес деп танылғанда;

4) осы актіні қабылдаған орган немесе қабылдауға уәкілеттік берілген өзге де орган актінің немесе оның бір бөлігінің (бөліктерінің) күші жойылды деп танығанда, өзінің қолданылуын тоқтатады.

3. Басқа нормативтік құқықтық актінің қолданылуын тоқтату немесе тоқтата тұру туралы нормативтік құқықтық актіні жариялау осы Заңда көзделген тәртіппен жүзеге асырылады.

#### **47-бап. Нормативтік құқықтық актілердің кеңістік жағынан қолданылуы**

1. Қазақстан Республикасының Президенті, Қазақстан Республикасы Қауіпсіздік Кеңесінің Төрағасы, Қазақстан Республикасының Парламенті, Қазақстан Республикасының Үкіметі, орталық атқарушы және өзге де орталық мемлекеттік органдар қабылдаған Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің күші, егер нормативтік құқықтық актілердің өздерінде немесе оларды қолданысқа енгізу туралы

актілерде өзгеше белгіленбесе, Қазақстан Республикасының бүкіл аумағында қолданылады.

2. Жергілікті өкілді және атқарушы органдар, тексеру комиссиялары қабылдаған нормативтік құқықтық актілер тиісті әкімшілік-аумақтық бірліктің аумағында қолданылады.

Ескерту. 47-бапқа өзгеріс енгізілді – ҚР 05.07.2018 № 179-VI (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі) Заңымен.

#### **48-бап. Нормативтік құқықтық актілердің тұлғалар тобы бойынша қолданылуы**

1. Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілерінің күші заңнамалық актілерде және Қазақстан Республикасы ратификациялаған халықаралық шарттарда көзделген жағдайларды қоспағанда, Қазақстан Республикасының азаматтары мен заңды тұлғаларына, сондай-ақ оның аумағындағы шетелдіктер мен азаматтығы жоқ адамдарға, шет мемлекеттердің заңды тұлғаларына, олардың филиалдары мен өкілдіктеріне қолданылады.

2. Шет мемлекеттердің және халықаралық ұйымдардың дипломатиялық өкілдері мен мемлекеттік органдарының кейбір басқа да қызметкерлеріне Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілері халықаралық шарттарда және халықаралық құқықтың жалпыға бірдей танылған қағидаттары мен нормаларында көзделген шектерде қолданылады (дипломатиялық иммунитет).

#### **49-бап. Нормативтік құқықтық актілердің заңдылығын қамтамасыз ету шаралары**

1. Нормативтік құқықтық актілердің заңдылығы мынадай шаралармен:

1) нормативтік құқықтық актіні Қазақстан Республикасының Конституциясына және заңнамалық актілерге сәйкес келтірумен;

2) нормативтік құқықтық актінің қолданылуын белгіленген тәртіппен тоқтата тұрумен;

3) нормативтік құқықтық актілердің құқықтық мониторингін жүргізумен;

4) нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу кезінде Қазақстан Республикасының Конституциясына және заңнамалық актілерге сәйкестігі тұрғысынан тексерумен қамтамасыз етіледі.

2. Қазақстан Республикасының Конституциясында және басқа да заңнамалық актілерде белгіленген құзыретке сәйкес мыналар:

1) Қазақстан Республикасының Конституциялық Кеңесі;

2) соттар;

3) Қазақстан Республикасының Бас Прокуроры және оған бағынысты прокурорлар;

4) Қазақстан Республикасының Әділет министрлігі және оның аумақтық органдары;

5) төмен тұрған органдар қабылдаған нормативтік құқықтық актілерге қатысты – уәкілетті органдар;

6) өздері қабылдаған және (немесе) әзірлеушілері болған заңға тәуелді нормативтік құқықтық актілерге қатысты – заңға тәуелді нормативтік құқықтық актілерді қабылдаған және (немесе) олардың әзірлеушілері болып табылатын уәкілетті органдар нормативтік құқықтық актілердің заңдылығын қамтамасыз ететін мемлекеттің органдары мен лауазымды адамдары болып табылады.

3. Әділет органдарында тіркелген нормативтік құқықтық актіде әділет органдары осы Заңның 44-бабы 3-тармағының 1) — 4) тармақшаларында көзделген бұзушылықтарды анықтаған кезде әділет органдары тиісті нормативтік құқықтық актіні қабылдаған уәкілетті органды бұзушылықтарды жою қажеттілігі туралы хабардар етеді.

Уәкілетті орган осы тармақтың бірінші бөлігінде көрсетілген нормативтік құқықтық актіні Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына сәйкес келтіру жөніндегі шараларды қабылдамаған жағдайда, Қазақстан Республикасының әділет органдары тиісті қорытынды шығарады және осындай нормативтік құқықтық актіні мемлекеттік тіркеудің күшін жою туралы өтінішпен сотқа жүгінеді.

4. Мемлекеттік тіркеудің күшін жою туралы ақпарат ресми жарияланым дереккөздерінде жариялануға жатады.

Мемлекеттік тіркеудің күші жойылған нормативтік құқықтық акт қолданылуға жатпайды.

Уәкілетті орган нормативтік құқықтық актіні мемлекеттік тіркеудің күшін жоюға сот тәртібімен шағымдана алады.

## **10-тарау. МОНИТОРИНГ**

### **50-бап. Құқықтық мониторинг**

1. Құқықтық мониторинг Қазақстан Республикасының заңнамасына қайшы келетін, ескірген, сыбайлас жемқорлық және тиімді іске асырылмайтын құқық нормаларын анықтау, сондай-ақ, оны жетілдіру жөнінде ұсыныстар әзірлеу арқылы заңнаманың тиімділігін бағалау мен болжау мақсатында жүргізіледі.

2. Мемлекеттік органдар өздері қабылдаған және (немесе) әзірлеушілері болған не өздерінің құзыретіне жататын нормативтік құқықтық актілердің мониторингін жүзеге асырады және оларға өзгерістер және (немесе) толықтырулар енгізу немесе олардың күші жойылды деп тану жөніндегі шараларды уақтылы қабылдайды.

3. Құқықтық мониторинг жүргізу кезінде мемлекеттік органдардың Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен қоғамдық және ғылыми ұйымдарды, азаматтарды тартуға құқығы бар.

4. Құқықтық мониторинг жүргізу қағидаларын Қазақстан Республикасының Үкіметі бекітеді.

### **51-бап. Нормативтік құқықтық актілердің қоғамдық мониторингі**

1. Қазақстан Республикасының Ұлттық кәсіпкерлер палатасы жеке кәсіпкерлік субъектілерінің мүдделерін қозғайтын нормативтік құқықтық актілердің қоғамдық мониторингін жүргізеді.

2. Қоғамдық мониторингтің нәтижелері Қазақстан Республикасы Ұлттық кәсіпкерлер палатасының ресми интернет-ресурсына жыл сайын орналастырылады.

## **11-тарау. НОРМАТИВТІК ҚҰҚЫҚТЫҚ АКТІЛЕРДІ ЖҮЙЕЛЕУ ЖӘНЕ ЕСЕПКЕ АЛУ**

### **52-бап. Нормативтік құқықтық актілерді жүйелеу**

1. Нормативтік құқықтық актілерді қабылдайтын уәкілетті органдар осы актілерді есепке алуды және жүйелеуді жүргізеді, өздері қабылдаған актілердің бақылау даналарын жүргізіп, оларға ағымдағы өзгерістер мен толықтырулардың барлығын уақтылы енгізеді.

2. Уәкілетті органдардың нормативтік құқықтық актілерді есепке алу мен жүйелеуді жүргізуінің тәртібін Қазақстан Республикасының Үкіметі айқындайды.

### **53-бап. Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік есепке алу**

1. Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік есепке алу Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің мемлекеттік тізілімін, Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің эталондық бақылау банкін жүргізуді қамтиды.

2. Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің мемлекеттік тізілімін, Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің эталондық бақылау банкін жүргізуді Қазақстан Республикасының Үкіметі айқындайтын мемлекеттік кәсіпорын жүзеге асырады.

3. Уәкілетті органдар Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің мемлекеттік тізіліміне, Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің эталондық бақылау банкіне енгізу үшін оларды жүргізуге жауапты мемлекеттік кәсіпорынға нормативтік құқықтық актілердің көшірмелерін қағаз түрінде және осы Заңның 35-бабына сәйкес нормативтік құқықтық актілерге қол қоюға уәкілеттік берілген адамның электрондық-цифрлық қолтаңбасымен расталған электрондық түрде жібереді.

Уәкілетті органдар Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің мемлекеттік тізіліміне, Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің эталондық бақылау банкіне енгізу үшін осы Заңның 7-бабы 2-тармағының

6), 7), 8) және 9) тармақшаларында көрсетілген нормативтік құқықтық актілердің көшірмелерін әділет органдары арқылы осы тармақтың бірінші бөлігінде белгіленген тәртіппен жібереді.

4. Қазақстан Республикасының Үкіметі Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің мемлекеттік тізілімін, Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің эталондық бақылау банкін жүргізу тәртібін айқындайды.

5. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігі құқықтық ақпараттың бірыңғай жүйесін құрады, орталық атқарушы және өзге де орталық мемлекеттік органдарға анықтамалық-ақпараттық жұмыста көмек көрсетеді.

#### **54-бап. Нормативтік құқықтық актілердің жариялылығы**

Барлық уәкілетті органдар, мемлекеттік құпияларды немесе заңмен қорғалатын құпияны қамтитындардан басқа, қабылданған нормативтік құқықтық актілермен танысу үшін мүдделі тұлғаларға оларды қолжетімді етуге міндетті.

### **3-бөлім. НОРМАТИВТІК ЕМЕС ҚҰҚЫҚТЫҚ АКТІЛЕР**

#### **12-тарау. НОРМАТИВТІК ЕМЕС ҚҰҚЫҚТЫҚ АКТІЛЕР ТУРАЛЫ**

##### **ЖАЛПЫ ЕРЕЖЕЛЕР**

#### **55-бап. Нормативтік емес құқықтық актілердің түрлері**

Нормативтік емес құқықтық актілерге:

1) нормативтік құқықтық актілерге ресми түсіндірме беру актілері;

2) жеке-дара қолданылатын құқықтық актілер;

3) мемлекеттік жоспарлау жүйесі саласындағы құқықтық актілер жатады.

Мемлекеттік жоспарлау жүйесі саласындағы құқықтық актілердің түрлері және оларды әзірлеу тәртібі заңдарда, Қазақстан Республикасы Үкіметінің және уәкілетті органдардың актілерінде белгіленеді.

Ескерту. 55-бапқа өзгеріс енгізілді - ҚР 03.07.2017 № 86-VI Конституциялық заңымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

### **56-бап. Нормативтік емес құқықтық актілерді қабылдау шарттары**

1. Нормативтік емес құқықтық актілер нормативтік құқықтық актілердің негізінде және оларды іске асыру мақсатында қабылданады.

2. Нормативтік емес құқықтық актілерді осы Заңда және өзге де нормативтік құқықтық актілерде көрсетілген уәкілетті органдар қабылдайды.

3. Нормативтік емес құқықтық актілерді қабылдау ерекшеліктері басқа нормативтік құқықтық актілерде белгіленуі мүмкін.

### **57-бап. Нормативтік емес құқықтық актілерге шағым жасау және наразылық білдіру**

Нормативтік емес құқықтық актілерге Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген тәртіппен және негіздер бойынша шағым жасалуы және наразылық білдірілуі мүмкін.

## **13-тарау. НОРМАТИВТІК ҚҰҚЫҚТЫҚ АКТІЛЕРГЕ РЕСМИ ТҮСІНДІРМЕ БЕРУ АКТІЛЕРІ**

### **58-бап. Нормативтік құқықтық актілерге ресми түсіндірме беру актілері туралы жалпы ережелер**

1. Нормативтік құқықтық актілердің анық болмауы мен әртүрлі түсінілуі, оларды қолдану практикасында қайшылықтар анықталған жағдайларда, нормативтік құқық актіде қамтылған нормаларға ресми түсіндірме берілуі мүмкін.

2. Нормативтік құқықтық актілерге ресми түсіндірме беру актілері құқық нормаларын белгілемейді және Қазақстан Республикасының заңнамасындағы олқылықтардың орнын толтырмайды.



3. Нормативтік құқықтық актіге ресми түсіндірме беру құқық нормаларының мазмұнын түсінікті ету, нақтылау мақсатында ғана беріледі, ол құқық нормаларының мәнін өзгерте алмайды және түсіндірме берілетін норманың шегінен шыға алмайды.

4. Нормативтік құқықтық актілерде қамтылатын нормаларға ресми түсіндірме беру уәкілетті органдардың не жеке және заңды тұлғалардың бастамасы бойынша "Жеке және заңды тұлғалардың өтініштерін қарау тәртібі туралы" 2007 жылғы 12 қаңтардағы Қазақстан Республикасының Заңында айқындалған тәртіппен жүзеге асырылады.

5. Осы Заңның 60-бабының 4-тармағында белгіленген жағдайларды қоспағанда, ресми түсіндірме беру актілері өздерінде қамтылған нормаларды іске асыру, оның ішінде оларды қолдану кезінде және сот төрелігін жүзеге асыру кезінде міндетті сипатқа ие болады.

6. Осы тарауда белгіленген, нормативтік құқықтық актілерге ресми түсіндірме беру тәртібі мен шарттары "Прокуратура туралы" Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес жүзеге асырылатын заңға түсіндірме беруге қолданылмайды.

Ескерту. 58-бапқа өзгеріс енгізілді - ҚР 11.07.2017 № 91-VI Заңымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

### **59-бап. Нормативтік құқықтық актілерге ресми түсіндірме берудің шарттары**

1. Заңға тәуелді нормативтік құқықтық актілердің мәні оларға түсіндірме беру кезінде Қазақстан Республикасының Конституциясына және заңнамалық актілерге толық сәйкестікте ашылуға тиіс.

2. Заңнамалық актілердің нормаларына Қазақстан Республикасы Конституциясының ережелерімен толық сәйкестікте түсіндірме берілуге тиіс.

3. Алып тасталды - ҚР 11.07.2017 № 91-VI Заңымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

Ескерту. 59-бапқа өзгеріс енгізілді - ҚР 11.07.2017 № 91-VI Заңымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

**60-бап. Нормативтік құқықтық актілерге ресми түсіндірме беруді жүзеге асыратын мемлекеттік органдар, лауазымды адамдар**

1. Алып тасталды - ҚР 11.07.2017 № 91-VI Заңымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

2. Қазақстан Республикасы Үкіметінің нормативтік құқықтық актілеріне ресми түсіндірме беруді Премьер-Министрдің тапсырмасы бойынша Қазақстан Республикасының Әділет министрлігі мүдделі мемлекеттік органдармен бірлесіп жүзеге асырады.

3. Осы Заңның 7-бабы 2-тармағының 6), 7), 8) және 9) тармақшаларында көрсетілген нормативтік құқықтық актілерге ресми түсіндірмені соларды қабылдаған (шығарған) уәкілетті органдар немесе лауазымды адамдар береді.

4. Мемлекеттік саясатты жүргізетін, белгілі бір салада (қызмет аясында) реттеу мен басқаруды жүзеге асыратын немесе тиісті мәселелерді шешу өз құзыретіне жатқызылған мемлекеттік органдар не өзге де мемлекеттік органдар өздеріне берілген өкілеттіктерге сәйкес нақты субъектілерге қатысты немесе нақты жағдайға қолдануға қатысты нормативтік құқықтық актілерге өз құзыреті шегінде түсіндірме бере алады.

Мұндай түсіндірмелердің міндетті заңдық күші болмайды және олар ұсынымдық сипатқа ие.

Ескерту. 60-бапқа өзгеріс енгізілді - ҚР 11.07.2017 № 91-VI Заңымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

**61-бап. Нормативтік құқықтық актілерге ресми түсіндірме беру актілерінің құрылымы**

1. Нормативтік құқықтық актіге ресми түсіндірме беру актісі кіріспе, сипаттау және қарар бөліктерінен тұрады.

2. Нормативтік құқықтық актіге ресми түсіндірме беру актісінің кіріспе бөлігінде:

1) нормативтік құқықтық актінің нормасына түсіндірме беруші уәкілетті органның атауы;

2) түсіндірме берілетін норма қамтылған нормативтік құқықтық актінің құрылымдық элементін, түсіндірме берілетін норманы қамтитын нормативтік құқықтық актінің қабылданған күні мен нөмірін көрсете отырып, ресми түсіндірме беру актісінің атауы;

3) нормативтік құқықтық актіге ресми түсіндірме беру актісінің қабылданған жері мен күні;

4) нормативтік құқықтық актінің нормасына соның бастамасы бойынша түсіндірме беріліп отырған органның не жеке немесе заңды тұлғаның атауы көрсетіледі.

3. Нормативтік құқықтық актіге ресми түсіндірме беру актісінің сипаттау бөлігі түсіндірме берілетін норманың сипаттамасы мен мазмұнын талдауды қамтуға тиіс.

4. Нормативтік құқықтық актіге ресми түсіндірме беру актісінің қарар бөлігі нормативтік құқықтық акт нормасының мәні мен мазмұнын түсінікті ететін уәкілетті органның қорытындысын қамтуға тиіс.

## **62-бап. Нормативтік құқықтық актілерге ресми түсіндірме беру актілерін жариялау**

1. Нормативтік құқықтық актілерге ресми түсіндірме беру актілерін жариялау нормативтік құқықтық актіде қамтылған нормаларға түсіндірме берген уәкілетті органның (лауазымды адамның) интернет-ресурсында жүзеге асырылады.

2. Осы баптың талаптары осы Заңның 60-бабының 4-тармағында белгіленген жағдайларда қолданылмайды.

Ескерту. 62-бапқа өзгеріс енгізілді - ҚР 11.07.2017 № 91-VI Заңымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

## **14-тарау. ЖЕКЕ-ДАРА ҚОЛДАНЫЛАТЫН ҚҰҚЫҚТЫҚ АКТІЛЕР**

### **63-бап. Жеке-дара қолданылатын құқықтық актілер туралы жалпы ережелер**

1. Жеке-дара қолданылатын құқықтық акт белгіленген нысандағы жазбаша ресми құжат болып табылады және:

1) жеке-дара айқындалған тұлғалар тобына (жеке және заңды тұлғаларға) қолданылады;

2) құқық нормаларын қамтымайды;

3) жеке-дара айқындалған тұлғалардың заңнамада белгіленген құқықтары мен міндеттерін іске асырады.

2. Жеке-дара қолданылатын құқықтық актілер Қазақстан Республикасының заңнамасына кірмейді және нормативтік құқықтық актілерге жатпайды.

#### **64-бап. Жеке-дара қолданылатын құқықтық актілерге және оларды ресімдеуге қойылатын талаптар**

1. Жеке-дара қолданылатын құқықтық акт мынадай талаптарға сай болуға:

1) Қазақстан Республикасының Конституциясына, заңнамаға және жоғары тұрған мемлекеттік органдардың құқықтық актілеріне қайшы келмеуге;

2) оның құрылымы реттеу нысанасының толық ашылуын қамтамасыз етуге тиіс, ал мазмұны біркелкі түсіну мен қолдануды қамтамасыз етуге, белгіленетін шаралар мазмұнын анық баяндауға, құқықтық актінің күші қолданылатын және (немесе) оларды белгіленген мерзімдерде іске асыруға жауапты болатын тұлғалар тобын тиянақты айқындауға тиіс.

2. Қазақстан Республикасы Конституциясының және Қазақстан Республикасы заңнамасының талаптарына қайшы келетін жеке-дара қолданылатын құқықтық актілер қабылданған кезден бастап жарамсыз болып табылады және Қазақстан Республикасының аумағында қолданылмауға тиіс.

2-1. Конституциялық емес деп танылған, оның ішінде адамның және азаматтың Конституцияда баянды етілген құқықтары мен бостандықтарына нұқсан келтіреді деп танылған жеке-дара қолданылатын құқықтық актілердің күші жойылады және қолданылуға жатпайды.

3. Әртүрлі деңгейдегі уәкілетті органдар қабылдаған жеке-дара қолданылатын құқықтық актілер бір-біріне қайшы келген кезде, егер мұндай актіні қабылдау өз құзыретіне кірген болса,

жоғары тұрған уәкілетті органның құқықтық актісі қолданылады.

4. Бір деңгейдегі уәкілетті органдар қабылдаған жеке-дара қолданылатын құқықтық актілер бір-біріне қайшы келген кезде осы шешімді қабылдау өз құзыретіне кіретін органның құқықтық актісі қолданылады. Мүдделі тұлғаның өтініші бойынша бір құқықтық актінің басқалардан басымдығы туралы шешімді жоғары тұрған уәкілетті орган немесе сот қабылдайды.

5. Жеке-дара қолданылатын құқықтық акт осы баптың 1-тармағында көзделген талаптармен бірге мынадай деректемелерді де:

- 1) құқықтық актінің атауын;
- 2) осы актінің қарау нысанасын білдіретін тақырыпты;
- 3) актінің қабылданған жері мен күнін;
- 4) тиісті актіге қол қоюға уәкілеттік берілген адамның (адамдардың) қолтаңбасын (қолтаңбаларын);
- 5) Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген жағдайларды қоспағанда, органның мөрін қамтуға тиіс.

Жеке-дара қолданылатын құқықтық актілерді қабылдау рәсімдері, оларды ресімдеуді, орындауды және олардың орындалуын бақылауды ұйымдастыру осы Заңда және өзге де нормативтік құқықтық актілерде айқындалады.

Ескерту. 64-бапқа өзгеріс енгізілді - ҚР 11.07.2017 № 91-VI Заңымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

### **65-бап. Жеке-дара қолданылатын құқықтық актілердің күшіне енуі және қолданылуын тоқтатуы**

1. Жеке-дара қолданылатын құқықтық акт, егер онда неғұрлым кешірек мерзім белгіленбеген болса, қабылданған кезден бастап күшіне енеді.

2. Жеке-дара қолданылатын құқықтық акт оның талаптарын немесе онда қамтылған тапсырмаларды осы құқықтық акт өздеріне арналған тұлғалар орындаған кезден бастап қолданылуын тоқтатады.

3. Жеке-дара қолданылатын құқықтық актінің қолданылуы тоқтатылғанға дейін осы құқықтық актіні қабылдаған уәкілетті орган, одан жоғары тұрған мемлекеттік орган не сот оны тоқтата тұра алады, өзгерте алады және (немесе) толықтыра алады не оның күшін жоя алады.

4. Мүдделі тұлғалардың жоғары тұрған мемлекеттік органға немесе сотқа жеке-дара қолданылатын құқықтық актінің күшін жою, оны өзгерту, толықтыру немесе оның қолданылуын тоқтата тұру туралы өтініш беруі тиісті шешім қабылданғанға дейін құқықтық актінің (Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің қаржы нарығындағы қызметті жүзеге асыруға лицензиялардың қолданылуын тоқтата тұру және (немесе) олардан айыру, қаржы ұйымдарын консервациялауды жүргізу жөніндегі құқықтық актісін, оның жазбаша нұсқамаларын, Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің қадағалап ден қою шараларын (қадағалап ден қоюдың ұсынымдық шараларынан басқа) қолдану жөніндегі, "Қазақстан Республикасындағы банктер және банк қызметі туралы" Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес банкті оның депозиторлары мен кредиторларының мүдделеріне қатер төндіретін және (немесе) қаржы жүйесінің тұрақтылығына қатер төндіретін орнықсыз қаржылық жағдайы бар банктер санатына жатқызу туралы, банкті төлеуге қабілетсіз банктер санатына жатқызу және оған реттеу шараларын қолдану туралы құқықтық актісін, сондай-ақ бюджет қаражатын мақсатсыз және негізсіз пайдаланудың анықталған фактілеріне байланысты мемлекеттік аудит және қаржылық бақылау органдарының құқықтық актілерін қоспағанда) қолданылуын тоқтата тұрады.

Ескерту. 65-бапқа өзгеріс енгізілді – ҚР 02.07.2018 № 168-VI (01.01.2019 бастап қолданысқа енгізіледі) Заңымен.

## **15-тарау. ӨТПЕЛІ ЖӘНЕ ҚОРЫТЫНДЫ ЕРЕЖЕЛЕР**

### **66-бап. Өтпелі ережелер**

Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің мемлекеттік тізілімін, Қазақстан Республикасы нормативтік

құқықтық актілерінің эталондық бақылау банкін жүргізуді жүзеге асыратын мемлекеттік кәсіпорын:

1) 2015 жылғы 1 қаңтарға дейін қабылданған Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің эталондық бақылау банкін қалыптастыруды электрондық-цифрлық нысанда Қазақстан Республикасының Үкіметі айқындайтын интернет-ресурстан қамтамасыз етеді;

2) 2015 жылғы 1 қаңтарға дейін қабылданған қалыптастырылған нормативтік құқықтық актілерді баспа нысанындағы нормативтік құқықтық актілермен электрондық-цифрлық нысанда сәйкес келтіруді 2018 жылғы 1 қаңтарға дейін қамтамасыз етеді.

### **67-бап. Осы Заңды қолданысқа енгізу тәртібі**

1. Осы Заң алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

2. 37-баптың 2-тармағының үшінші бөлігі, 38-баптың 3-тармағы және 39-баптың 3-тармағы 2017 жылғы 1 қаңтарға дейін қолданылады.

3. "Нормативтік құқықтық актілер туралы" 1998 жылғы 24 наурыздағы Қазақстан Республикасы Заңының (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 1998 ж., № 2-3, 25-құжат; 2001 ж., № 20, 258-құжат; 2002 ж., № 5, 50-құжат; 2004 ж., № 5, 29-құжат; № 13, 74-құжат; 2005 ж., № 17-18, 73-құжат; 2006 ж., № 3, 22-құжат; № 24, 148-құжат; 2007 ж., № 2, 18-құжат; № 12, 86-құжат; № 13, 100-құжат; № 19, 147-құжат; 2008 ж., № 13-14, 55-құжат; № 21, 97-құжат; 2009 ж., № 15-16, 74-құжат; № 18, 84-құжат; № 22, 94-құжат; 2010 ж., № 5, 23-құжат; № 7, 29-құжат; № 24, 146-құжат; 2011 ж., № 1, 7-құжат; № 7, 54-құжат; № 11, 102-құжат; № 12, 111-құжат; 2012 ж., № 8, 64-құжат; № 15, 97-құжат; 2013 ж., № 5-6, 30-құжат; № 14, 72-құжат; № 15, 81-құжат; 2014 ж., № 10, 52-құжат; № 19-І, 19-ІІ, 94, 96-құжаттар; № 23, 143-құжат; 2015 ж., № 21-І, 121-құжат; № 22-І, 141-құжат; № 22-ІІ, 145-құжат) күші жойылды деп танылсын.

Дереккөз: «Әділет» АҚЖ-сі

**НОРМАТИВТІК ҚҰҚЫҚТЫҚ АКТІЛЕРДІ  
РЕСІМДЕУ ЖӨНІНДЕГІ  
ӘДІСТЕМЕЛІК ҰСЫНЫМДАР  
(ЗАҢ ТЕХНИКАСЫ)**

**Әдістемелік құрал**

Авторлық редакциясында

Басуға 15.01.2019 ж. қол қойылған  
Формат А5    Офсеттік қағаз 80 г    Цифрлық басылым  
Шартты баспа таб. 14,35    №35 тапсырыс

«Қазақстан Республикасының Заңнама институты» ММ-де  
жинақталған және басып шығарылған  
Астана қ., Мәңгілік ел даңғ., 8, Министрліктер үйі  
8(7172) 74-02-06  
e-mail: inst-zak@adilet.gov.kz  
<http://www.iz.adilet.gov.kz/ru>